Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№2 (1005)

15.01.2021

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

КАРАНТИН ТАЛАПТАРЫ КҮШЕЙТІЛДІ

КОРОНАВИРУС ІНДЕТІНІҢ ТАРАЛУЫ БӘСЕҢДЕДІ ДЕП АРҚАНЫ КЕҢГЕ САЛА, ЖАЙБАРАҚАТ ЖҮРУГЕ БОЛМАЙДЫ. СЕБЕБІ, АУРУДЫҢ ӨРШУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ АУМАҒЫ ҚЫЗЫЛ АЙМАҚҚА ЕНДІ. АТАЛҒАН ЖАҒДАЙҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖАҢА ҚАУЛЫ ШЫҒЫП, ОНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ «JETISY MEDIA» АҚПАРАТ АЛАҢЫНДА ШАҺАРДЫҢ БАС САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ СӘКЕН МЕЛДЕБАЕВ ХАБАРЛАДЫ.

Осыған дейін коронавирустық инфекцияның пайда болуы мен таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия «қызыл» және «сары» аймақтардағы шектеу шараларын күшейту туралы шешім қабылдаған болатын. Себебі, өңірде ауру белгілері байқалған аумақтарды қатаң қадағалау басты назарда. Мәселен, 2021 жылғы 12 қаңтардағы жағдай бойынша облыста КВИ-дің 7730 жағдайы тіркелген. Өңірдегі инфекцияның тіркелуі 3 айда 7,5 есеге артып, қаңтар айының алғашқы 11 күнінде коронавирустық инфекцияның 597 жағдайы байқалған. Бүгінде облыс ауруханаларында 434 адам ем қабылдап жатса, оның 29-ы ауыр халде, 357 адам амбулаториялық емделуде екен.

Қаладағы эпидемиологиялық ахуал да көңіл көншітпей тұр. Оған дәлел, облыс орталығында соңғы екі апта көлемінде індетке байланысты 116 жағдайдың тіркелуі. Осылайша ахуалдың күрделенуіне байланысты 15 қаңтардан бастап шектеу шаралары күшейтіліп, талаптар қатаяды. «Талдықорған қаласының аумағында карантин шараларын күшейту туралы» бас санитариялық дәрігердің №8 қаулысы бойынша қоғамдық қызмет көрсету нысандарының жұмысы тоқтатылып, демалыс күндеріне локдаун режимі енгізілмек.

– Демалыс күндері сауда орталықтарының жұмысы тоқтатылады. Алайда оның ішінде орналасқан дәріханалар мен дүкендердің қызмет көрсетуіне шектеу жоқ. Осыған байланысты қалада құрылған арнаулы мобильді топ демалыс күндері рейд жасап, қадағалау жұмыстарын жүргізеді. Сонымен бірге, қаладағы Ақын Сара, Шевченко және Құрманов көшесінен Қабанбай батыр көшелеріне дейін шектеу шаралары қолданылады,– дейді С.Мелдебаев.

Оның айтуынша, локдаун режимі кезінде қоғамдық көліктер әдеттегідей үзіліссіз қатынамайды. Тек таңғы 6.00 мен 10.00 және кешкі 17.00 мен 20.00 аралығында жолаушы тасымалдайтын болады. Бұған қоса, осы уақытқа дейін бетпе-бет режимде өткізіліп келген түрлі шаралардың ұйымдастырылуына енді рұқсат етілмейді, барлық мәдени нысандар мен фитнес орталықтар, кинотеатрлар жұмысы уақытша тоқтатылады. Сондай-ақ, қала аумағындағы меншік нысанына қарамайтын ұйымдардың барлық кеңсе қызметкерлерінің саны 15-тен асса, олардың кемінде 80 пайызын қашықтықтан жұмыс жасауға ауыстыру жайы да айтылды. Алайда, бұл қатарға медициналық, полиция, өртке қарсы қызмет және өзге де шұғыл коммуналдық қызмет мамандары кірмейді.

Лина КӘЛІМХАН

БАСПАСӨЗ - 2021

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне 2021 жылға жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 3640 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 4470, 20 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
1 жылға – 4700, 80 теңге.

Продолжается подписка на 2021 год на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
1 год – 3640 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
1 год – 4470, 20 тенге.
для сельского населения
1 год – 4700, 80 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

САЯСИ ДОДА

САЙЛАУ ҚАЛАЙ ӨТТІ?

Бір айдан бері күн тәртібінен түспей, халықты таңдау жасауға шақырған билік партияларының саяси додасы да өтті. 71,97 пайыз дауыс жинап, айқын басымдылықпен «Nur Otan» партиясы жеңіске жетті. Қоғамда осыған қатысты сан алуан пікір көп. Бірі сайлаудың әділетсіз өткендігін, бәрі ойластырылған десе, енді бірі осылай болу керек шығар деп жүр. Осы тұрғыда «Алатау» газетінің тілшісі «Сайлау қалай өтті?» деген сауалға жауап іздеп көрді.

Думан ҚАБДЫҒАЛИЕВ, саясаттанушы: *– Сайлау күні елде бірқатар наразылықтар болғаны рас. Бірақ жер-жерде сақтық шаралары күшейтіліп, заң бұзушылыққа жол берілмеді.*

Жалпы биылғы сайлау ерекшеліктері негізінен сайлауға дейін болды. Ол Қазақстанда алғаш рет праймериз технологиясын Батыс елдері үлгісінде қолдану болды. Оның өзі тек қана басым партия «Nur Otan-да» жүргізілді, себебі партия жеңісіне сенімді болды және де белді мүшелерінің көп болуы осындай партияішілік бәсекелестік тудырды. Айта кететіні, жастардың праймеризге белсене қатысуы және де сол жастар партияның парламенттік тізіміне енеді деген үміт те бар.

Бұл Парламенттік және Жергілікті мәслихат сайлауы Қасым-Жомарт Тоқаев президент болғаннан кейінгі алғашқы сайлау және де әлем бойынша өте қиын коронавирус пандемиясы кезеңінде өтіп отырғанының өзі үлкен жауапкершілікті талап етті. Бірақ орындарда, сайлау учаскелерінде қатаң сақтық шаралары сақталды.

Өкініштісі, Жалпыұлттық социал-демократиялық партияның сайлаудан бас тартып, наразылық білдіруі, әрине. Оппозициялық ағымда жүрген бұл партия өз сайлаушысын табар еді деген сенім де болған. Қалған жағдайлар қалыпты болды. Бес партия қатысты, «Nur Otan», «Ақ жол», «Ауыл», «Қазақстан халықтық партиясы» және де «Адал» партиясы. Халықаралық сарапшылар айтарлықтай олқылықтар болған жоқ деді, ал Мәжіліс сол бұрынғы құрамдағы үш партиямен қайта толықты. «Ақ жол» мен «Халықтық партия» аз орындарды иемденсе, басым партия болып «Nur Otan» қала бермек.

Қуат ҚУАНЫШҰЛЫ, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының төралқа мүшесі, Алматы облысы филиалының төрағасы:

– «Сайлау халықтың ойынан шықты», – деген сөзді, тек жағдайы өте жақсы немесе жан-жағына қарамайтын, түк білмейтін, надан адам ғана айта алады. Бұл сайлау өткен сайлаулардан да қызықсыз болды деп айтсам, артық болмас. Халықтың сайлауға бару мөлшері, ресми ақпараттарға сүйенсек 63,3%, ал тәуелсіз бақылаушылардың мәліметтері бойынша 15-20%. Өз басым, сайлау алдында ұстанған бағытымнан айнымаймын. Бұл сайлауға халықтың 20-30 пайызы қатысады деген болатынмын. Жалпы Қазақстан бойынша орташа алғанда, халықтың 30%-дан кемі сайлауға барды деп есептеймін.

Жоғары тұжырымға қосымша дәйек ретінде менің көптеген танысымның ішінде 4-5 адам ғана сайлауға барып, дауысын бергені негіз. «Ал бұл сайлауға халық неге қызығушылық танытпады?», – деген сұрақ туады. Оған жауап ретінде сайлауға қатысқан партиялар кінәлі. Халық қыруар уәде бере беретін партиялардан шаршаған. Сайлауға барғаннан маңыз шықпайды деп есептейді. Егер оппозициялық болып саналатын ЖСДП партиясы сайлауға қатысқан болса, жағдай мүлдем басқа болушы еді, бірақ ЖСДП партиясы биліктің демократиялық институттарын күшейтуге бағытталған нақты қадамдарын көрместен, сонымен бірге сайлауда билік фальсификацияларға баратынына әбден көзі жеткендіктен сайлауға қатысудан бас тартқан болатын. Қысқасы, халықтың басым бөлігі шынайы, әділ сайлау болатынынан әбден күдер үзген.

P.S. Республика бойынша жүргізілген сайлау қорытындысы бойынша «AQ JOL» демократиялық партиясына сайлаушылардың 10,18 пайызы дауыс берсе, «Ауыл» партиясына 5,75 пайыз дауыс берген. «ADAL» партиясына қазақстандықтардың 3,07 пайызы дауыс берген, ал Қазақстанның халық партиясы 9,03 пайыз дауыс жинады.

Әзірлеген М. МҰРАТБЕКҚЫЗЫ.

АНТИКОР

ЗАҢНАМАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР БАЯНДАЛДЫ

Талдықорғанда ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Алматы облысы бойынша департаментінің басшысы Ернар Мақажановтың қатысуымен онлайн-брифинг өтті. «Пара бергені, парақорлыққа делдал болғаны және бизнеске заңсыз араласқаны үшін жауапкершілікті күшейту» тақырыбында өткен жиында жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша соңғы заңнамалық өзгерістер таныстырылды.

Брифинг аясында Ернар Мақажанов барлық заңнамалық нормалардың қабылдануы – жемқорлықпен күресті күшейтуге зор үлес қосып, оның деңгейін төмендетуге ықпал ететіндігін баса атап өтті. Сондай-ақ, пара беру мен парақорлыққа делдал болу, сондай-ақ, кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласу дерегі үшін жауапкершілікті күшейту мақсатында қабылданған нормаларды атап көрсетті. Оның айтуынша, соңғы 2 жыл ішінде Алматы облысы аумағында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі пара берудің 135, парақорлықта делдал болудың 4, әртүрлі құқыққа қайшы бизнес жұмысына араласудың 37 дерегін анықтаған.

Бүгінгі таңда Мемлекет басшысының пара берушілер мен делдалдардың жауапкершілігін күшейту туралы тапсырмасы орындалып, Қылмыстық кодекске тиісті түзетулер енгізілді. Атап айтсақ, егер бұрын Қылмыстық кодекстің 367-бабының 2-бөлігінде көзделген «айтарлықтай мөлшерде пара беру» қылмысы үшін ең жоғары санкция 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру болып, бұл әрекет орташа ауыр қылмыс деп танылған. Ал қазіргі жаңа заңнамаға сәйкес, жазаның жоғарғы шегі 7 жылға дейін ұлғайтылды. Бұл автоматты түрде ауыр құқықтық салдары бар санатқа, яғни шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға тыйым салу және қауіпсіздігі төмен қоныс-колониясында жазаны бірден өтеудің мүмкін еместігі көзделген.

Брифинг аясында Ернар Мақажанов бас бостандығынан айыру мерзімдерінің ұлғаюынан басқа, пара бергені және парақорлыққа делдал болғаны үшін, айыппұл мөлшері де бірнеше есеге өскендігін де хабарлады.

– Енді қарапайым пара берушілер үшін (50 АЕК дейін) айыппұлдың ең төменгі мөлшері 2 есеге, параның 10 еселенген мөлшерінен 20 еселенген мөлшеріне дейін өскен. Сол сияқты делдалдар үшін де айыппұлдың мөлшері 2 есеге ұлғайтылды. Сонымен қатар, бизнесті қорғауды күшейту контексінде, кәсіпкерлердің жұмысына кедергі келтірмеу мақсатында Қылмыстық кодекске жауапкершілікті күшейтетін түзетулер енгізілді. Енді құқық қорғау органдары қызметкерлерінің бизнеске араласқаны үшін 2 жылдың орнына, 5 жылға дейінгі бас бостандығынан айыру жазасын қолдану қаупі бар. Құқық қорғау органдары басшылығының және судьялардың осындай әрекеттерді жасауы одан да қатаң жазаға, яғни 8 жылға дейін бас бостандығынан айыруға әкеп соғады,– деді Е. Әбсейтіұлы.

Л. АЙДЫН.

АЙТАРЫМ БАР

БАЛА ҚҰҚЫҒЫ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ БІРІ

Әр ата-ана өздерінің балаларын тәрбиелей отырып, оны қорғауға міндетті. Әлі жасы жетпегендіктен, қабілеті толық қалыптаспағандықтан олар өз мүдделерін өздері қорғай алмайды. Ата-ана өз балаларының заңды өкілі болып табылады.

Егер ата-ана адамгершілік, әделетілік тәрбиесімен айналыспаса, оқуымен қалыпты дамуына қажетті жағдай жасамаса, онда ол баласын тәрбиелеудегі өзінің міндетінен қашқандыққа жатады. Екіншіден, мұндай жағдайда ата-аналар өздерінің құқығын теріс пайдаланған (*оқуға баруына бөгет жасау, сабаққа дайындалуына мүмкіндік бермеу, қайыр сұрауға мәжбүрлету, баланы басқа да теріс қылықтарға ұрындыру*) болып табылады. Үшіншіден, егер ата-ана ұрып-сабаса, баласын қорқытса, тамақ бермесе, үйден қуып жіберсе, қадір-қасиетін қорласа, төртіншіден, ата-ана өзінің адамшылыққа жатпайтын, қоғамға қарсы қылығымен зиянды түрде ықпал етсе, бесіншіден, үнемі маскүнемдікке, қорлыққа салынса, ондай ата-аналар өз құқығынан айырылады.

Бала туылған бетте тіркеуге алынады және сол сәттен бастап оның есімі қойылып, азаматтық алуға құқығы бар, сондай-ақ мүмкіндігінше өзінің ата-аналарын білуге және олардың қамқорлығына ие болуға құқылы.

Мемлекет баланың жан-жақты дамып келетін қабілетін ескеріп оның тәрбиесі жолында ата аналармен кеңейген отбасы олардың құқығы мен жауапкершілігін құрметтеуі тиіс. «Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының заңында былай делінген: «*Әрбір баланың мүмкін болғанынша отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге, өзінің ата-анасын білуге, олардың қамқорлығына, өзінің мүдделеріне қайшы келетін жағдайларды қоспағанда, олармен бірге тұруға құқығы бар*».

Ата-анасы болмаған жағдайда, оларды ата-ана құқығынан айырған және ата-ана қамқорлығынан айырылудың басқа да жағдайларында баланың отбасында тәрбиелену құқығын «Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-тарауында белгіленген тәртіпке сәйкес қорғаншы және қамқоршы орган қамтамасыз етеді.

Ш. ХАМИТОВ.

БІЛІМ

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ – БАЛАНЫҢ БІЛІМ АЛУҒА ЖӘНЕ ЖАҢА АҚПАРАТ АЛУДЫ ІСКЕ АСЫРАТЫН ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ РЕТІНДЕ БАЛАНЫҢ ЖӘНЕ ПЕДАГОГТЫҢ НЕГІЗГІ БІЛІМІН, БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.

Мектеп жасына дейінгі балаларды қашықтықтан оқыту мектепке дейінгі ұйымдарда мектепалды топтары үшін оқу кезеңі маңызды сәт болып табылады. Тәрбиеші күнделікті сабақтың басталатын уақытын хабарлап, күнделікті қысқа уақытта бағыттық қағаздар дайындап, бүлдіршіндер мен олардың ата-аналарымен кері байланыс орнатады және оқу үрдісін қадағалап, бағыт-бағдар беріп, тапсырмалардың орындалуы барысында ұсынысын айтады. Әдіскерлер, тәрбиешілер ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас ерекшелігіне қарай және мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырады. Мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіз ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың әлеуметтік және тұлғалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру, инновациялық әдістері мен технологияларын қолдану, тәрбиелеу, дамыту және оқыту міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету. Балабақша мен отбасының ынтымақтастығын және мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ата-аналардың қажеттілігін қанағаттандыру.

Мектепке дейінгі ұйымда балаларды қашықтықтан оқыту жүйесі – жауапты іс. Ол балабақшаның әкімшілік қызметкерлері, тәрбиешілері және ата-аналары ұйымдастыруымен бірге әрекет етуі арқылы шешіледі.

Қашықтықтан оқытудың техникалық тұстары бағдарламаның барлық қағидасына сәйкес ұйымдастырылады. Тәрбиешілер бейне сабақтарын жүзеге асыра отырып, нәтижесін кері байланыспен бақылау арқылы іске асырады. Қажет болған жағдайда ата-анамен немесе тәрбиеленушілермен жеке форматта іс-шараларын жүзеге асырады. Сабақтарды бекітілген жоспар мен кестеге сәйкес, кешіктірмей өз уақтысында өткізіп отырады. Бүлдіршіндердің ата-аналары қашықтықтан оқыту процесіне бірден-бір жауапты тұлға. Олар тәрбиешінің берген сабақ кестесімен таныс болуы керек. Тәрбиеші мен күнделікті байланыста және баласына қашықтан оқыту үшін жағдай жасау керек. Баласын қадағалауды, оның күнделікті беріліп отырған үй тапсырмасын уақтылы орындалуын және тексеру үшін тәрбиешіге жіберу бойынша жауаптылықты алу. Осылайша балалар үйден шықпай-ақ тәрбиеші мен ата-аналардың көмегімен тапсырмаларын орындайды. Оқу процесін үзбей және ата-аналардың уақытын үнемдеуге болады. Бұл жерде, ең бастысы балалардың қауіпсіздігі. Ата-аналар осындай уақытта түсіністікпен жақсы қабылдайды деген ойдамыз.

Айзада БАЙСҰЛТАНОВА,
«Балбөбек» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі.
КЕРБҰЛАҚ АУДАНЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОБРАЗОВАНИЕ

СТУДЕНТАМ РАЗРЕШАТ ХОДИТЬ В УНИВЕРСИТЕТЫ

В казахстанском МОН на онлайн-брифинге в СЦК рассказали, как пройдет весенний семестр в вузах страны - некоторым студентам разрешено посещать университеты очно .

"В период с 18 января по 15 февраля 2021 года в вузах начинается весенний семестр, в КАТУ имени С. Сейфуллина с 5 января – второй триместр. В целях обеспечения качества образования мы прорабатываем вопрос о постепенном переходе на традиционное обучение в вузах.

По решению Межведомственной комиссии, для адаптации студентов 1 курса учебный процесс для них будет организован в смешанном формате. Лекции – онлайн, семинарские, лабораторные и практические занятия - в очном формате", - сообщил вице-министр Мирас Дауленов.

При наличии медпоказаний или вирусного заболевания студенты могут написать заявление, чтобы остаться на дистанционном обучении. Учеба студентов 2-х, 3-х и 4-х курсов будет продолжена дистанционно либо в смешанном формате - в зависимости от специальности.

"Для направлений: педагогические, гуманитарные, социальные науки, журналистика, бизнес, управление и право, ИКТ и другие - рекомендовано дистанционное обучение. Для направлений: искусство, естественные науки, инженерные отрасли, сельское хозяйство, здравоохранение и другие – смешанный формат.

Теоретическое обучение (при необходимости), выполнение научно-исследовательской работы, проведение итоговой аттестации магистрантов и докторантов планируется продолжить в дистанционном и смешанном форматах согласно академической политике и календарю", - сообщили в министерстве.

СОБ.КОРР

СТАЛИ ИЗВЕСТНЫ ПОБЕДИТЕЛИ КОНКУРСА ИННОВАЦИОННЫХ ИДЕЙ «JETISÝ - STARTUP» СРЕДИ УЧАЩИХСЯ НАЗАРБАЕВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ ШКОЛЫ ГОРОДА ТАЛДЫКОРГАН.

ОРГАНИЗАТОРАМИ КОНКУРСА ВЫСТУПИЛА «STARTUP АКАДЕМИЯ», СОЗДАННАЯ НА БАЗЕ ЖЕТЫСУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ ИЛЬЯСА ЖАНСУГУРОВА.

10 ПРОРЫВНЫХ STARTUP

Проекты были представлены по различным направлениям экономики, сельского хозяйства,IT технологии, физики, пищевой промышленности, медицины и многое другое.

Ученик 11 класса Жомарт Жексенбайпрезентовал проект «3d типография». По словам автора, данный бизнес является универсальным инструментом, применяемая во множестве отраслей. Жомартимеет свои четыре 3D принтера, на котором печатает некоторые детали робототехники, декоративные модели и даже игрушки.

- На сегодняшний день мой Startup уже начал свою деятельность, в команде работают пять человек, имеются некоторые заказы. Основной фишкой проекта является то, что наши изделия печатаются из биоразлагаемого материала как PLA пластик, от которого нет никакого вреда для окружающей среды, то есть наш продукт можно считать экологически чистым, - рассказал о своем проекте Жомарт Жексенбай.

По результатам конкурса инновационных идей «Jetisý - Startup» проект «3dтипография» занял I место.

Еще одну уникальную идею печати презентовала Шырын Сейдахмет ученица 11 класса Интеллектуальной школы. Автор идеи предлагает печатать на 3D принтере снимок «эмбриона». К сожалению, единственным способом сохранить

память о данном этапе является снимок УЗИ, который со временем выцветает и теряет качество. Поэтому Шырын нашла способ дать более конкретное представление о ребенке. К тому же, это решение позволит родителям, имеющие нарушения со зрением, прикоснуться к 3Dснимку своего будущего малыша.

Startup идея Шырын «3D эмбрион» был удостоен III места.

«Eco-machine», а точнее автомат по приёму тары или фандомат, выменивающий возвратную тару пластиковой бутылки у населения в обмен на небольшое денежное вознаграждение, либо на баллы или чеки, которые можно использовать в магазинах или для проезда на транспорте, такой бизнес-проект представила ученица 8 класса Жания Шылбы.

- Управление отходами основано на концепции 4R: отказ, сокращение, повторное использование, переработка. Несмотря на то, что приоритетом является сокращение и повторное использование, с упаковкой это трудноосуществимо. Она требует восстановления, сортировки и повторного заполнения. Цель моего проекта - сокращение потребления пластика и как следствие, очищение улиц города от мусора. Так, ко мне пришла идея создать аппарат по сбору пластиковых бутылок, - поделилась сосвоей эко-идеей Жания Шылбы.

Проект Жании по итогам конкурса завоевал Гран-при.

- Благодаря конкурсу инновационных проектов ребята представили десятки смелых идей, смогли уверенно заявить о себе. Я был приятно удивлен их осведомленности в целом о бизнесе. Одним из интересных, на мой взгляд, стал стартап-проект ученика 10 класса Дастана Бодаубай - браслетыдля идентификации человека и получение медицинской информации для скорой помощи, - говорит Дамир Тулегенов, учитель физики Назарбаев Интеллектуальной школы, жюри инновационного конкурса.

«Jetisý - Startup» подвел итоги: десять стартапов учеников Интеллектуальной школы были удостоены призовых мест и различных номинаций.

Карина ПФАЙФЕР

МИРОВЫЕ НОВОСТИ

ТРАМП ВВЕЛ В ВАШИНГТОНЕ РЕЖИМ ЧС

ПРЕЗИДЕНТ США ДОНАЛЬД ТРАМП ВВЕЛ РЕЖИМ ЧС В ВАШИНГТОНЕ. ДАННЫЕ МЕРЫ ПРИНЯТЫ ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ ВО ВРЕМЯ ИНАУГУРАЦИИ ПОБЕДИТЕЛЯ ВЫБОРОВ ДЕМОКРАТА ДЖО БАЙДЕНА. МЕРОПРИЯТИЕ ДОЛЖНО СОСТОЯТЬСЯ В США 20 ЯНВАРЯ, ПЕРЕДАЕТ ГАЗЕТА «АЛАТАУ» СО ССЫЛКОЙ РИА НОВОСТИ.

Ранее власти американской столицы ввели режим ЧС по собственной инициативе и обратились к Трампу с просьбой сделать то же самое, чтобы при необходимости можно было получить федеральную помощь для обеспечения безопасности.

"Сегодня президент Дональд Трамп сообщил, что в округе Колумбия существует чрезвычайная ситуация, и распорядился, чтобы федеральная помощь была направлена вдобавок к усилиям округа из-за экстренных обстоятельств, связанных с 59-й президентской инаугурацией", - говорится в сообщении Белого дома.

Как пояснили в администрации Трампа, решение главы государства позволит министерству внутренней безопасности и Федеральному агентству по чрезвычайным ситуациям "координировать все усилия по противодействию бедствию с целью облегчить трудности и страдания для местного населения, вызванные чрезвычайной ситуацией, и предоставить подходящую помощь".

Тем временем в администрации Трампа подал в отставку третий по счету министр с момента штурма Капитолия в Вашингтоне. Это исполняющий обязанности министра внутренней безопасности США Чед Вулф. По данным телеканалов NBC News и ABC News, о своем решении он написал в письме коллегам.

МВБ координирует деятельность ряда правоохранительных и силовых органов, включая Береговую охрану, службу иммиграционно-таможенной полиции, службу гражданства и иммиграции, управления по борьбе с наркотиками и незаконным оружием, управления по инфраструктуре и кибербезопасности.

Отметим, что ранее кабинет Дональда Трампа покинули министр транспорта Элейн Чао и министр образования Бетси Девос.

"Помимо стремления отмежеваться от Трампа, министрами может руководить нежелание участвовать в процессе отстранения президента по 25-й поправке к Конституции США (о неспособности президента исполнять обязанности), к чему призывают демократы", - говорится в сообщении.

Напомним, 6 января Дональд Трамп на митинге в Вашингтоне призвал сторонников идти к Капитолию, чтобы "помочь слабым республиканцам" оспорить итоги выборов президента. Толпа осадила Капитолий, ворвалась в здание и учинила в нем погром, прервав совместную сессию конгресса, где утверждали победу Джо Байдена.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

АКТУАЛЬНО

ЭКСПЕРТЫ ВОЗ, ПОЛУЧИВШИЕ РАЗРЕШЕНИЕ НА ВЪЕЗД В КИТАЙ

Китай выдал разрешение на посещение страны группе международных экспертов Всемирной организации здравоохранения (ВОЗ) для расследования происхождения Covid-19. Эксперты прибудут в страну 14 января, сообщает телеканал CGTN.

"После консультаций между двумя сторонами группа международных экспертов ВОЗ по отслеживанию нового коронавируса посетит Китай 14 января для проведения совместного научного исследования с китайскими учёными", – говорится в заявлении Национальной комиссии здравоохранения Китая.

Ранее глава ВОЗ Тедрос Адханом Гебрейесус заявил, что очень разочарован тем, что Китай не санкционировал въезд международной миссии.

Представитель международной группы экспертов ВОЗ Марион Купманс в интервью CGTN, отвечая на вопрос, мог ли вирус появиться в разных странах мира в одно и то же время заявила, что это не исключается.

"На данном этапе я не думаю, что мы должны что-то исключать, но важно начать с Уханя, где произошла первая большая вспышка. Мы должны быть непредвзяты ко всем гипотезам. Это то, что нас просили делать. Но мы должны начать с Уханя, где впервые узнали об этой ситуации", – заявила Марион Купманс.

Эксперт отметила, что одним из главных вопросов, который будет изучать миссия, станет источник пандемии.

"Есть, конечно, идеи о том, откуда взялся вирус, скорее всего, из резервуаров летучих мышей. Но можем ли мы каким-то образом реконструировать, как именно это произошло, и извлечь из этого урок для будущей готовности к новым заболеваниям", – сказала Марион Купманс.

2 января глава МИД Китая Ван И заявил, что пандемия Covid-19 была вызвана отдельными вспышками в разных местах во всём мире. Он подчеркнул, что Китай просто был первым, кто проинформировал о выявлении нового.

Соб.корр

• НОВОСТИ

УЖЕСТОЧАЮТ КАРАНТИН

ПОСТАНОВЛЕНИЕГЛАВНОГОГОСУДАРСТВЕННОГОСАНИТАРНОГОВРАЧАГОРОДАТАЛДЫКОРГАН ОПУБЛИКОВАЛИНАОФИЦИАЛЬНОМСАЙТЕДЕПАРТАМЕНТАСАНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ.

Согласно документу, приостанавливается передвижение любого вида транспорта, за исключением, специализированных автомобилей и обеспечивающих жизнедеятельность населения. Общественный транспорт будет работать с 06:00 до 10:00. И с 17:00 до 20:00.

Приостанавливается деятельность торгово-развлекательных центров, торговых домов (центров), торговых сетей, за исключением находящихся в них продуктовых супермаркетов и аптек. Также - всех торговых рынков и магазинов в независимости от реализуемого ассортимента, за исключением реализации продуктов питания.

Кроме того, приостановлена деятельность кинотеатров, СПА-центров, тренажерных залов, спортивных объектов, фитнес-центров, бассейнов, общественных бань, саун, а также объектов зимнего туризма и отдыха на открытом воздухе.

Заведения общепита будут работать с 9:00 до 00:00 только на вынос и доставку.

Сохраняется запрет на проведение зрелищных, спортивных мероприятий, выставок, а также семейных, памятных мероприятий. Постановление будет действовать с 00:00 15 января 2021 года по 07:00 29 января 2021, говорится в тексте постановления.

«ALATAU-AQPARAT»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

НАЗАР

АПАТТЫ ҮЙДЕГІ АПА

жанайқайына құлақ түріле ме?

ТОЗҒАН ҮЙ, ТОҚЫРАҒАН ҮМІТ. ҚАНША ЖЕРДЕН СЫЛАП-СИПАП ЖАСЫРҒАНМЕН ЖАСЫНЫҢ ЕГДЕЛІГІ МЕНМҰНДАЛАП ТҰРАТЫН КӘРІ АДАМНЫҢ БЕТ-ӘЛПЕТІНДЕЙ ТОЗҒАН, КӨНЕРГЕН ҮЙЛЕРДІҢ СИҚЫ ҚАЛАНЫҢ СҰРҚЫН КЕТІРМЕСЕ, СӘНІН АСЫРМАЙТЫНЫ РАС. МӘСЕЛЕ СӘН-САЛТАНАТТА ЕМЕС, ХАЛЫҚТЫҢ ЖАЙ-КҮЙІНДЕ, ТҰРМЫС-ТІРШІЛІГІНДЕ. КӨНЕРГЕН, ТОЗҒАН ҮЙЛЕРДЕ ТҰРУҒА ХАЛЫҚ ШІРКІН ТӨЗІП КЕЛГЕНІМЕН, ҮЙДІҢ ӨЗІ ҚАНШАЛЫҚТЫ ШЫДАС БЕРЕДІ?!

ОСЫНДАЙ апатты деп танылған ескі үйдің тұрғындарының бірі өзінің жанайқайын жеткізіп, үніне құлақ түрілсе дейді.

«Мен, Цай Лидия Петровна, Талдықорған қаласындағы Шевченко көшесіндегі №133 үйдің тұрғынымын. Екі бөлмелі пәтерде қызым, күйеубалам және 18 жастағы немереммен тұрып жатырмыз. Үйдің іргесі 1958 жылы қаланған. Бүгінгі күні қабырғасы қақырап, іргесі де сөгілуге жақын, қысқасы жарамсыз қалыпта. Орталықта тұрған бұл үйді тексеруге келген арнайы комиссия мүшелері ресми түрде «апатты» деп таныған еді. Шынын айтқанда бұл үй жөндеуге келмейді. Шатырдан су тамшылап, үйдің қабырғалары жарылған. Ал оны сылап-сипап жасырғанымызбен, жаңбыр жауса сол баяғы таз қалпына қайта түседі. Бөлменің төбесі де салбырап, терезелерден жел үрлеп тұрады. Қанша от жақсақ та, ескі үй жылуды ұстап тұрмайды.

Өзім де, қызым да бірінші топтағы мүгедекпіз. Мәселемді айтып өткен жылы Талдықорған қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы мекемесіне барғанмын. Олар маған барлық құжатты жинауға қолұшын созды. Үйді жарамсыз деп танудың алдында арнайы комиссия құрылып, келіп көрді. Сонымен қатар қалалық соттың арнайы шешімі де шығарылды. Яғни, бұл менің меншігімдегі үй болғандықтан баламалы тұрғын үймен қамтамасыз етуде соттың арнайы шешімімен бұл үйден бас тартуға тура келді. Қазір үй менің атымда емес, ендігіде жаңа баспана беріле ме деген үмітпен жүрмін. Қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы мекемесінің басшысы жаңа жылдан кейін арнайы қаражат бөлінсе, мәселеңіз шешілер деген-тін. «Мүмкін жаңа баспана салынар» деп еді. Бірақ, үйді салып біткенше қай уақыт, оны күтуге менің уақытым аз. Неге? Себеп, сол денсаулығыма байланысты. Жасым болса 73-те, қазіргі жағдайым мынау: жүрекке операция жасалып, арнайы аппарат арқылы жүрмін. Мына суықтан жүректі жұмыс істетіп тұрған аппарат, тігістің орны шіріп жатыр. Мұндай аппаратпен ұзақ жүре алмайсың. Менің осы үніме биліктегілер құлақ түрсе екен деймін. Ендігі қалған күндерімді жарық, жылы жерде өткізіп, адамша өмір сүргім келеді. Жоғары жақта отырған жақсылар қарт анаға қайырымдылық танытар деп сенемін» – деген Лидия апамыз өткен жылдың басында қала әкімі Ғалымжан Әбдірайымовтың қабылдауында болғанын, сол кезде шаһар басшысы қарамағындағыларға осы іс бойынша бір жетінің ішінде құжаттарды жинап, үстеліне қоюларын тапсырғанын айтты.

ӨКІНІШКЕ орай, қажетті құжаттарды жинауда арада төрт-бес ай өтіпті. Іс алға жылжымай, апамыз күн аралатып қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы мекемесіне қоңырау шалумен болған. Ескі үйдің жырына денсаулығын қосып қабаттастыруымен ондағыларға әбден сүйкімсіз болыпты.

«Адамгершілік танытып, менің жайыма құлақ түріңіздерші. Қазіргі жағдайым күрт төмендеп барады. Денедегі тігістің орны қабынып, шіруде. Егер, бұл ішкі ағзаларға жайылып кетсе, хәлім не боларын, кім білсін?! Сондықтан, мүгедетігімді ескере отырып тездетіп шаруамды шешіп берсе деймін. Әрине, менің мәселемнен бөлек бұл үйде көмекке мұқтаж тағы 8 пәтердің тұрғыны бар. Олардың құжаттары да қалалық ТКШ-да жатыр. Бірақ, менің құжаттарым денсаулығыма орай қалалық сотқа жолданды. Екі рет сот өтіп, екеуінде де маған мемлекеттен пәтер немесе тұрғын үй массивінен баспана беру туралы шешім шығарды. Бірақ, мен тұрғын үй коммуналдық шаруашылығындағыларға тұрғын үй массивіндегі үйге бара алмайтынымды айттым. Себебі, мына түріммен маған тұрақты температурадағы үй қажет. Ал, жеке үйлерде газ болғанымен ол бірде бар, бірде жоқ. Сондай-ақ, қалалық ТКШ басшысына пәтер бергенде өзімнің жалғыз емес, қызым, күйеубалам және немереммен тұрып жатқаным ескерілуі қажеттігін айтқанмын» – дейді ол.

Шевченко көшесіндегі апатты деп танылған екі қабатты ескі үй.

Апатты үйдегі апаның айтуынша 63 жылдан бері тұрған үйге осыдан жетісегіз жыл бұрын жөндеу жасалыпты. Мұнда тұрып жатқандардың өздері де қолдарынан келгенінше үйді жөндеп, жамаумен келеді екен.

«Бірақ, одан еш пайда жоқ. Себебі, үй каркастан салынған. Жөндеген жер артынша опырылып, түсіп жатады. Барлық үйге газ тартылды. Біздің үйіміз өртке қауіпті болғандықтан кіргізілмеді. Пеш жағып, үйді жылытамыз, тамақ істеу үшін газ балонын пайдаланамыз. Басқаларында әр бөлмеде батарея орнатылған, менде ол да жоқ. Сол суық бөлмеде күнелтіп, тұрып келеміз. Сырттан суық үрлемесін деп терезені одеялмен тұмшалап, жауып жүрміз. Осындай суық, жағдайсыз жерде күнелтіп, күн кешудеміз» – деп қамыққан қарт ананың жанары жасқа тұнып сала берді.

Жаңа жылдың алдында Лидия Петровна қалалық ТКШ-ның басшысымен сөйлескенінде ол қала әкіміне кіріп, бар жағдайды айтқанын, жуық арада нақты шешім шығып қалатынын жеткізген. Ал, өткен жылдың басында шаһар басшысына өзі жолыққанында ол сондай жылы қарсы алып, мәселені шешіп беруге уәде еткен екен.

«Қолдағы жинаған құжаттарыңызбен қала әкіміне қайта кіріп көрмедіңіз бе?» – деген сауалымызға орай ол: – *Әлбетте, кіруге талпынып көрдім. Алайда кезекте тұрған адам көп болғандықтан, мен 267-ші болып жазылдым. Кезегім қашан келер дейсің деген оймен мәселемді тезірек шешу үшін тұрғын үй мәселесіне жауапты әкім орынбасары А. Бегмановқа жолықпақ болдым. Өкінішке орай оған да кіре алмадым... Қала күнінде үй берілді. Егер әкімге жолыға алғанымда сол кезде-ақ ілігіп кетер ме едім, кім білсін?».*

ШЕВЧЕНКО көшесіндегі №133 үйді біз де аралап көрдік. Іргетасы шіріп, шөккен үйдің ескі терезелерін суық кірмесін деп одеялмен қымтап қойыпты. Қабырғасы әр жерден сөгіліп, ағаштан жасалған еден мен баспалдақтың әбден тозығы жеткен. Шатырдан ағатын жаңбыр суынан қабырғалар да сарғайған.

Осы орайда біз апатты үйдегі апаның жанайқайын жеткізуде Талдықорған қаласы әкімдігіне қоңырау шалдық. Қабылдау бөлмесінде отырған қыз бізді қала әкімінің көмекшісіне қосты. Өзін Мухамат Қуанышұлы деп таныстарған жігіт айтылған мәселені тыңдап, әкімге жеткізетінін және біздің телефон нөмірімізді жазып алып, өзі хабарласатынын айтты. Бұл аптаның дүйсенбі күні болатын.

Сейсенбі күні түске дейін жауап болмаған соң әкімнің қабылдау бөліміне қайта телефон шалуымызға тура келді. Телефон тұтқасын көтерген қызға «Алатау» газетінен қайта хабарласып тұрғанымды, әкімнің көмекшісіне қайта қосуын сұрадым. Ол болса, кеше бұл жерде басқа қыз отырған еді, мүмкін болса не мәселемен хабарласып тұрғаныңызды айтсаңыз екен деген соң, оған да бар мәселені егжей-тегжейлі түсіндіріп бердім.

Ол әкімнің көмекшісі жоқ екендігін айтып, осы іске тікелей жауапты орынбасар Асқар Әбдіғалиұлына хабарласыңыз деді. Сөйтіп, хатшы қыз берген әкім орынбасарының телефонына қоңырау шалдым. Тұтқаны орынбасар емес, көмекшісі көтерді. Өзін Аманжол Нұрланұлы деп таныстырды ол. Осылайша, оған да апатты үйде тұратын апаның жағдайын жайып салдым. Сөзімді бөлмей, мұқият тыңдаған көмекші жігіт мән-жайды Асқар Бегмановқа жеткізіп, өзі хабар беретінін айтты. Айтқанындай, хабарласты.

ҚЫСҚАСЫ, Шевченко көшесіндегі №133 үйдің тұрғыны Лидия Цайдың мәселесі бойынша әкім орынбасары Асқар Бегманов онлайн түрінде

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

жүздесетінін айтты. Онлайн қабылдау бейсенбі күнгі сағат 16:00-ге белгіленгендіктен, бұл мәселе бойынша нақты қандай шешім шығарылғандығы туралы газетіміздің келесі нөмірінде хабардар етіп, жазатын боламыз. Бастысы, қарттың сөзіне құлақ түрілсе болғаны да...



ТАЛДЫКОРГАН ҚАЛАЛЫК СОТЫ

ТАЛДЫКОРГАНСКИЙ ГОРОДСКОЙ СУД

040000, Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Абылайхан көшесі, № 116 , тел: +7 (7282) 24-29-34, факс: +7 (7282) 24-04-22, email: 050203@mail.kz

040000, Алматинская область, город Талдыкорган, улица Абылайхана, 116, тел: +7 (7282) 24-29-34, факс: +7 (7282) 24-04-22, email: 050203@mail.kz

№

Истец: ГУ «Аппарат акима города Талдыкорган»
ЕСЭДО

Ответчик: Цай Л.П.
г.Талдыкорган, ул.Шевченко, д.133, кв.4
индекс 040000

Талдыкорганский городской суд Алматинской области направляет копию решение суда от 27 октября 2020 года по иску Государственного учреждения «Аппарат акима города Талдыкоргана» к Цай Лидие Петровне о прекращении права собственности

Так же сообщаем, что в соответствии со ст.284 ГПК РК, Вы имеете право ознакомиться с кратким протоколом, аудио записью судебных заседаний и принести свои замечания в письменном виде или в форме электронного документа.

Приложение: решение суда

Судья **Калимолдинова С.**

Исп: Сатыбалдиева А. Б.
тел.: 8-7282-24-24-60, 728-1299@mail.kz

ОПРЕДЕЛЕНИЕ

20 ноября 2020 года дело № 1910-20-00-2/3272 город Талдыкорган

Судья Талдыкорганского городского суда Алматинской области Калимолдинова С.К. рассмотрев заявление Государственного учреждения «Аппарат акима города Талдыкорган» о разъяснении решения суда,

УСТАНОВИЛ:

Государственное учреждение «Аппарат акима города Талдыкорган» (далее ГУ) обратилось в суд с заявлением о разъяснении решения суда указывая, что решением суда от 27 октября 2020 года прекращено право собственности за Цай Л.П. на квартиру 4, дома № 133 по улице Шевченко, города Талдыкорган, с предоставлением равноценного жилья. Решением в части предоставления жилья является неясной, а также непонятным является порядок его исполнения, согласно нормам и требованиям Закона Республики Казахстан «О жилищных отношениях» (далее Закон).

В соответствии со статьей 237 Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан (далее ГПК) в случае неясности решения суд, рассмотревший дело, вправе по заявлению лиц, участвующих в деле, а также по ходатайству судебного исполнителя разъяснить решение, не изменяя его содержания. Разъяснение решения допускается, если оно еще не приведено в исполнение и не истек срок, в течение которого решение может быть принудительно исполнено.

Решением суда от 27 октября 2020 года прекращено право собственности Цай Л.П. на квартиру № 4 дома № 133 по улице Шевченко, города Талдыкорган, с предоставлением равноценного жилья.

В силу подпункта 5) части 1 статьи 29 Закона принудительное (помимо воли собственника) прекращение права собственности на жилище допускается в случае сноса аварийного многоквартирного жилого дома.

При принудительном прекращении права собственности на жилище по основанию, предусмотренному подпунктом 5) пункта 1 настоящей статьи, собственнику предоставляется жилище в соответствии со статьей 67 настоящего Закона.

Согласно подпункта 4) пункта 1 статьи 67 Закона жилища из коммунального жилищного фонда или жилища, арендованные местным исполнительным органом в частном жилищном фонде, предоставляются в пользование нуждающимся в жилье и состоящим на учете гражданам Республики Казахстан, единственное жилище которых признано аварийным в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

Данная норма предусмотрена и в Правилах предоставления и пользования жилищем из государственного жилищного фонда или жилищем, арендованным местным исполнительным органом в частном жилищном фонде, утвержденная Постановлением Правительства Республики Казахстан от 1 декабря 2011 года № 1420.

3

достигнута требуемая действующими строительными нормами сейсмостойкость зданий. Восстановление и усиление жилого дома для дальнейшей эксплуатации практически нереализуемо, экономически нецелесообразно и подлежит сносу.

Суд считает нецелесообразным сохранение данного дома, в том числе и квартиры № 4, поскольку имеется опасность для собственников проживающих в данном доме и для окружающих.

В связи с тем, что право собственности ответчика прекращается по иску государственного органа в принудительном порядке, то обоснованны доводы ответчика о предоставлении ему равноценного жилья.

В связи с принятием решения о предоставлении ответчику равнозначного жилья, его право собственности на вышеуказанную квартиру подлежит прекращению.

При таких обстоятельствах дела исковое заявление суд считает обоснованным и подлежащим удовлетворению.

РЕЗОЛЮТИВНАЯ ЧАСТЬ:

Руководствуясь статьями 223-226 ГПК, **суд**

РЕШИЛ:

Исковое заявление Государственного учреждения «Аппарат Акима города Талдыкорган» к Цай Лидие Петровне о прекращении права собственности - удовлетворить.

Прекратить право собственности Цай Лидии Петровны на квартиру № 4 дома № 133 по улице Шевченко, города Талдыкорган, с предоставлением равноценного жилья.

На решение могут быть поданы апелляционная жалоба сторонами и (или) ходатайство прокурором с соблюдением требовании статей 403, 404 ГПК в судебную коллегию по гражданским делам Алматинского областного суда через Талдыкорганский городской суд в течение одного месяца со дня вынесения решения в окончательной форме.

Судья **Калимолдинова С.К.**
Копия верна:
Судья Калимолдинова С.К.
Справка:
Решение не вступило в законную силу.
Дата выдачи «__» _____ 2020 года.
Судья Калимолдинова С.К.
Решение вступило в законную силу «__» _____ 2020 года.
Дата выдачи «__» _____ 2020 года.
Судья Калимолдинова С.К.

Қалалық соттың шешімі.

P.S. Қала әкімінің есеп беру жиынында Талдықорғанда жалпы саны 103 апатты пәтер бар екені айтылды. Олардың жалпы алаңы 4 мың шаршы метрден астам, онда 254 адам тұрады. Бұл үйлер Кивилев, Абылай хан, Шевченко көшелері мен Подхоз 1-бөлім-шесінде орналасқан. Оларды сүру және тұрғындарына басқа баспана сатып алып беру мәселелерін шешуге бюджеттен 5,2 млрд. теңге қажет. Облыс әкімі бұл жұмыстарды бірнеше кезеңге бөліп, атқаруды тапсырған болатын.

С. ӘЙТЕНОВА.

12 ҚАҢТАР – ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВТЫҢ ТУҒАН КҮНІ

Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы Дінмұхамед Қонаев 1912 жылы 12 қаңтарда Верный (қазіргі Алматы) қаласында, қызметкердің отбасында дүниеге келген. Қазақ КСР Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, елу жыл ел ағасы болған, Қазақстанның гүлденіп, дамуына үлкен үлес қосқан, үш мәрте Социалистік еңбек ері атанған ұлы тұлғаның туған күніне орай Талдықорған қаласындағы Дінмұхамед Ахметұлының ескерткіші маңына жиналған қауым қоғам қайраткерінің рухына тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды.

ӨЗ ЗАМАНЫНЫҢ ЗАҢҒАР ҰЛЫ

Сонымен бірге ұлы тұлғаның ел дамуы жолындағы ерен еңбектерін айтып, еске алды.

– Дінмұхамед Қонаев ақсақалымыз дана кісі еді. Бүгін міне, Талдықорған қаласының төрінде тұрған ескерткішінің басына Жетісу өңірінің әр жерінен ақсақалдар мен жастар келіп, басымызды иіп, тағзым етудеміз. Мен Алматы облысы Кеген ауданында қызмет етіп жүргенде ауданға екі мәрте ат басын бұрды. Бұл 1965 және 1976 жылдар еді. Алғаш келгенде-ақ көліктен түсе сала ерінбей жалықпай жиналып тұрған әрбір адамның, тіпті балалардың қолын алып амандасқаны да есімізде. Оның жүрегі таза, көңілінде кірбің жоқ, ақ ниетті жан екеніне сол кезде куә болдық. Шотландиядан, Англиядан 25 бас сиырдың ерекше тұқымын алдырып, табыстап кетті. Біз сол тұқымды жеткізу үшін шаруашылық құрып 15 жылдың ішінде 3500 басқа көбейттік. Сонда жылда бақылауға келгенінде, құрметі сондай керемет азамат, ең алдымен малшының қолын алып, сенің қолың май ғой, сенің арқаң деп малшымен амандасып, одан кейін барып басшылармен амандасатын. Ол кісі Қазақстанда 63 қаланың іргесін қалаған. 50 жылдың ішінде 63 қала салып, жоқтан бар жасады, – дейді қала тұрғыны Жақан Ақаев.

Ескерткіш алдына жиналған қауым арасында Дінмұхамед Ахметұлының қарапайымдылығын сөз еткен жандар аз болмады. Ол кісіге деген құрметі, сыйластығы сондай, қай жылы кездескендерін де ұмытпай есте сақтаған. Ақсақалдар пікірінше, халқы үшін аянбай еңбек еткен азаматқа қоғамда лайықты құрмет көрсетілмей келеді. 63 қаланы тұрғызған адамға бір қаланың аты берілу керек деген ниеттерін де жасырмады.

Жиналған қауымның арасында Қонаевтанушы, Қонаев мұражайының жетекшісі Хания Есдәулетқызы да болды. Жастарға осы кісінің атқарған қызметтерін, қандай азамат болғанын жеткізсем деген Хания апайымыз Д.Қонаевқа арнап өз қаражатынан 100 дана брошюра шығарған.

– Димаш атамыз қайталанбас ерекше тұлға. Қазақты қазақ етіп, біздің ұлттық санамызды, қазақи парасаттылығымызды бүкіл әлемге, 17 республикаға танытқан азамат. Осы кісінің адамгершілігін кейінгі жас ұрпақ білсе екен деп Қонаев атамыз жайлы төрт кітап жаздым. Қазір Қонаев мұражайында қызмет атқарамын. Кейінгі жастар дәл сол атасындай әділ де адал, сөзіне тұрақты, ісіне жауапкершілікті, саналы болса деген ниетпен үлгі көрсету мақсатында іс-шаралар өткізіп жүрмін. Бермен деген інісі жаңа жылдың алдында Бақанас ауылына ескерткіш қоймақшы еді елдегі жағдайларға байланысты кейінге қалдырылды. Алматы облысы бойынша былтырға дейін 17 ескерткіш болған, қазір 21-ге жетті. Алакөл ауданында, Ақшиде тас орналасқан, Зейнеп Қойшыбаева театрының алдында ескерткіші бар. Соған орай брошюра шығарған едім. Ішінде Қонаевқа байланысты үш сұрақтың жауабы бар. Бірінші Қонаев кім, таза қазақпа деген сұрақ. Екінші ол кісі имандылық жолына қалай келді және үшінші ол кісінің парасаттылығы кімнен, қалай келді деген сұрақ. Бұл кісінің еңбегін ешкім ұмытуы мүмкін емес. Сондықтан осы келген елдерге рахмет айта отырып, Қонаев атаның аруағы қорғап қолдап, жолы ашылып, біздің қазақ екенімізді білдіретіндей, саналы да білімді, жан-жақты азаматтарымыз көбейсе екен деймін. Бұл кісінің сызып кеткен жолымен жүретін азаматтар бар екеніне мен сенімдімін. – дейді мұражай жетекшісі. Қызығы Хания апайымыз мұражайдағы қызметі үшін ешкімнен ақша алмайтын көрінеді. Тек Д. Қонаевқа деген құрметімен ризашылығын білдіру мақсатында қызмет атқарып жүр.

Қазір Талдықорған қаласында «Дінмұхамед Қонаев қоғамдық қоры» жұмыс істейді. 2014 жылы құрылған қордың жетекшісі Кәдіржан Жексенов. Айтуынша қордың мақсаты теңдесі жоқ

қасиетті тұлғаның қалдырған ұлағатты істерін ұрпаққа үлгі ету. Осы мақсатта облыстағы белгілі азаматтардан жиналған 11 адам қорға мүшелік етіп, жұмыс атқаруда. 2015 жылы қоғам қайраткерінің құрметіне 400 адамға ас беріліп, көрме ұйымдастырылған. 2019 жылы Панфилов ауданында мектепке Д.Қонаевтың есімі берілді.

Өз заманының ұлы саясаткері бола білген Димаш атамыз билік басында болған уақыт қаншалықты қиын болғанымен елдің экономикасын, әлеуметтік саласын, ғылымын, ұлттық мәдениетін дамыту ісіне айтулы еңбек сіңірді.

Ауыл шаруашылығы қарқынды дамып, тың және тыңайған жерлер игерілді. Кеңшарлар мен ұжымшарлар салынды. Мал саны көбейіп, ауыл шаруашылығының өнімдері жыл сайын артып отырған. Дінмұхамед Ахметұлы арқасында Қазақстанның өнеркәсіп, оның ішінде түрлі-түсті металлургия саласы жоғары деңгейде дамыды.

Мадина АКМАТОВА

Дүйсенбі - Понедельник, 18 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

06.05Д/ф «Қазыналы Қазақстан»
06.20«Masele»
07.00«Tansholpan»
10.00, 18.00 Т/х «Біздің әпке»
12.00Т/х«Менің мектебім»
13.00«Теледәрігер »
14.00«Арта»
15.00,23.20 Т/х «Қашқыл»
16.00«Атамекен»
16.30 «Тәуелсіздік тарлан-дары»
17.00, 20.00, 00.10 AQPARAT
17.15 «Қызық екен...»
20.35 «Ashyq alan»
22.30 Т/х «Елшінің қызы»
00.45«Ashyq alan»
01.30 «Теледәрігер »

ХАБАР

06.00 Жұлдызды жекпе-жек
07.30 «Буба»
08.15 Т/х «Өз үйім»
09.15,17.00 «Qalamaimyn»
10.15 Т/х «Отыңды өшірме»
12.30 Проект «За что я люблю Казахстан и казах-станцев»
13.10 Т/с «Фамильные цен-ности»
15.00 «Бүгін» Тікелей эфир
16.00 Т/х «Армандастар»
18.00 Т/х«Жалғыз жауқазын»
19.40 « Яичное птицеводство Казахстана:мифы и реаль-ность»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Баспанаға бағыт».
21.00 Итоги дня
21.45 Ток-шоу «Хабарлас»
22.45 «Пәленшеевтер»
00.00 «Әсем әуен»
01.00 «Менің тағдырым»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30«Күлдірген»
07.00 «Союзмультфильм»
08.00,14.10 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Кекеш келін»
11.20, 21.00 Т/с «Сүлеймен сұлтан»
12.30,23.10 Т/х «Ұлы әмірші Қуаң Ге То»
13.50 Vine time
15.00,04.10 Т/с «Райское место»
16.00 ,05.30«Ханзада Жу-монг»
18.00 Т/Х «Ұрланған тағдыр»
20.00,01.30 ASTANA TIMES
00.30 «Қош келдіңіз»
02.220 «Біреудің есебінен» деректі драма
03.05 «KazNet»
03.25 «Барышня-крестьянка»
04.55 «Отбасы»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х « Последнее коро-левство»
07.15«Qoslike»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово!»
12.00 «Qoslike»
15.20 Т/с«Доктор Преобра-женский»
18.00 «Басты жаңалықтар»
18.45 «Пендеміз ғой»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВО-СТИ»
20.50 Т/с«Невский.Проверка на прочность»
00.30 Ночной кинотеатр. «Скажи что-нибудь хорошее»
02.10«П@УТІNA»
02.55 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
03.35«ТОЙ ЗАКАЗ»

КТК

07.05 «КТК» қоржынынан»
07.30 «Мәссаған.KZ»
08.00«ДАУ-ДАМАЙСЫЗ»
08.30 «ҚАЙРАН ҚАРТТАР», т/х
09.20 «Иная реальность» (повтор)
10.00 «НАРИСОВАННОЕ СЧАСТЬЕ», мелодрама
14.00 «КОРОЛЕВА ПРИ ИС-ПОЛНЕНИИ», детективная мелодрама
15.50 «АКВАРЕЛИ» мело-драма
18.00 «Бір кем дүние» т/х
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «ВХОДЯ В ДОМ ОГЛЯ-НИСЬ»
23.45 «СТАЖЕРЫ»
01.25 Астарлы ақиқат
02.15 «Той Best Star»
03.30«Мәссаған»KZ
03.50 «Мерекелік концерт»
04.20 «Қайран қаттар»
05.00-05.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.35 «Ауылдағы ағайын»
19.10 «Әсем әуен»
19.20 «Саулықтың сыры»
19.30 «Әдебиет пен адамзат»
20.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
20.15 «Тәуелсіздік хронолог-гиясы»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Тілсақшы»
21.30 Итоговые новости
22.00 Телесериал «Бәрі де анам жайлы» (75-серия)
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

05.58 Әнұран
06.00 «Ризамын»
07.00,00.40 Алдараспан, Нысана,Шаншарәзілдері
08.00 «Тамаша live»
09.10,16.10«What'sup?»
09.40 Т/х «Құпия махаббат»
11.00 Т/с «Ананди»
13.10 М/ф «Тайное окно»
15.10«Экстарсенсы-детективы »
17.00 «Кел, татуласайық»
20.00 Информбюро
21.00 Т/с«Тайная любовь»
22.20 «Власть страха»
03.30 «Ризамын»
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,02.20,04.30«Айна-online»
06.50, 13.30 Т/х «Элиф»
08.40 Т/с «Кровь ангела»
12.30,20.30«Ерке мұң»
15.30 «Война семей»
16.30 «Партия для чемпионки
17.30,23.20 Т/с «Случайный кадр»
18.00 Т/с «Нюхач-3»
21.30,03.50«Зың-зың Күлпәш»
22.20,03.00Т/х «Жалдамалы қалындық»
00.20 Х/ф «Коломбиана»

Сейсенбі - Вторник, 19 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Д/Ф «Қазыналы Қазақстан»
06.25, 17.00, 20.00, 01.35 AQPARAT
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 18.00 «Біздің әпке»
12.00 «Менің мектебім»
13.00, 01.30 «Теледәрігер»
14.00 «Тәуелсіздік тәуекелдері»
15.00, 23.20 Т/х «Қашқын»
16.00 «Қайсар жан»
16.30 Д/ф «Тұлға»
17.15 «Қызық екен...»
20.35, 00.45 «Ашық алаң»
21.30 Т/х «Инелік»
22.30 «Елшінің қызы»

ХАБАР

06.00 Жұлдызды жекпе-жек
07.30 М/с «Буба»
08.15 Т/х «Өз үйім»
09.15, 17.00 Тұсаукесер «Qalamaimyn»
10.15 Сериал «Отыңды өшірме»
12.30, 21.45 проект «За что я люблю Казахстан и казах-станцев»
13.10 Т/с «Фамильное цен-ности»
15.00 «Бүгін» Тікелей эфир
16.00 Т/х «Армандастар»
18.15 Т/х «Өгей жүрек»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30, 00.00 «Карта мира накаляется»
21.00 Итоги дня
22.15 Т/х «Алпыстан асып барамын»
00.00 «Әсем әуен»
01.00 «Менің тағдырым»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00 М/ф
08.00, 14.10 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Кекеш келін»
11.20, 21.00 Т/с «Сүлеймен сұлтан»
12.20, 23.10 Т/х «Ұлы әмірші Куаң Ге То»
13.50 Vine time
15.00, 03.55 Сериал «Рай-ское место»
16.00 «Келіндер»
16.30 «Ханзада Жумонг»
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00 ASTANA TIMES
20.55 Loto 5/36
00.30 ««Қош келдіңіз»»
02.50 «Біреудің есебінен»
03.35 «KazNet»
05.30 Т/х «Келіндер»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Последнее королев-ство»
07.15, 12.00 «Qoslike»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
15.20 «Доктор Преображен-ский»
18.00, 02.55 «Басты жаңалықтар»
18.45, 02.25 Пендеміз ғой
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВО-СТИ»
20.50 Т/с «Невский. Провер-ка на прочность»
00.15 «Скажи мне что-нибудь хорошее»
22.00 «П@УТІNA»
03.35 «Той заказ»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Қара теңіз»
08.45, 04.20 «Қайран қарттар»
09.40 «Мерекелік концерт»
10.00 НОВОСТИ
10.40, 23.45 «Стажеры»
12.45, 21.40 «Входя в дом, оглянись»
14.50, 01.30 «ОТРАЖЕНИЯ РАДУГИ»
15.50 «АКВАРЕЛИ»
18.00 «Бір кем дүние»
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00, 02.05 «Астарлы ақиқат»
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВО-СТИ
03.00 «Тойбастар»
04.45-05.00 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Саулықтың сыры»
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
20.15 «Тәуелсіздік хронолог-гиясы»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Арнайы репортаж»
21.30 Итоговые новости
22.00 Телесериал «Бәрі де анам жайлы» (76-серия)
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00, 04.30 Ризамын
07.00 Информбюро
07.50, 16.00 Whats up?
10.00 Т/х «Құпия махаббат»
11.00 Сериал «Ананди»
13.00 Сериал «Воронины»
15.10, 00.10 «Экстрасенсы-детективы»
17.00, 00.50 «Кел, татуласайық»
22.20 Паутина
03.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00, 04.30 «Айна-online»
07.20,13.30 Т/с «Элиф»
09.00 Смеяться разреша-ется
10.20, 18.00, 19.30 «Ню-хач-3»
12.30, 20.30 «Ерке мұң»
15.30 сериал «Война се-мей»
16.30 Сериал «Партия для чемпионки»
17.30, 23.20 Сериал «Слу-чайный кадр»
21.30, 03.50 Т/х «Зың-зың Күлпәш»
22.20, 03.00 «Жалдамалы қалындық»
00.20 Х/ф «13 район»

Утеренные карточки допуска (международные пе-ревозки грузов) ИП «Рахманов Т» за №0115537 MAN 634УВА01, №0115538 ROLFO 94FLA05 считать недей-ствительными

Сәрсенбі - Среда, 20 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Қазыналы Қазақстан» Деректі фильм
06.25, 17.00, 20.00, 00.10 AQPARAT
07.00 «Tansholpan» Тікелей эфир
10.00, 18.00 Т/х «БІЗДІҢ ӘПКЕ»
12.00, 21.30 Т/х «ИНЕЛІК»
13.00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир
14.00 «Жарқын жүздесу». Ток-шоу
15.00, 23.20 Т/х «ҚАШҚЫН».
16.00 «ЖЕР ТӨРЕСІ» деректі фильм
16.30 «КЕЛБЕТ»
17.15 «Қызық екен»
20.35 «ASHYQ ALAN». Тікелей эфир
22.30 Т/х «Елшінің қызы»
00.45 «ASHYQ ALAN». Тікелей эфир
01.30 «ТЕЛЕДӘРІГЕР».

ХАБАР

06.00 Жұлдызды жекпе-жек
07.30 М/с «Буба»
08.15 Т/х «ӨЗ ҮЙІМ»
09.15 «Qalamaimyn»
10.15 Т/х «ЖІБЕК»
12.30, 21.45 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев»
13.10 Т/с «Фамильные цен-ности»
15.00 «Бүгін». Тікелей эфир
16.00 Т/х «АРМАНДАСТАР»
17.00 «Qalamaimyn»
18.15 Т/х «ӨГЕЙ ЖҮРЕК»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Народный контроль».
21.00 Итоги дня
22.15 Т/х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН»
00.00 «Әсем әуен»
01.00 «Менің тағдырым»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл» концерттік
06.30 «Күлдірген» әзіл-сықақ
07.00 «Созмультфильм»
08.00, 14.10 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Кекеш келін»
11.20, 21.00 Т/с «Сүлеймен сұлтан»
12.20, 23.10 Т/х «Ұлы әмірші Куаң Ге То»
13.50 Vine time
15.00, 04.10 Т/с «РАЙСКОЕ МЕСТО»
16.00, 05.30 «Келіндер»
16.30 Т/х «ХАНЗАДА ЖУ-МОНГ»
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00, 01.30 ASTANA TIMES
20.55 LOTO 6/49
00.30 «Қош келдіңіз»
02.20 «Біреудің есебінен» деректі драма
03.05 «KazNet»
03.25 Барышня-крестьянка
04.55 «Отбасы»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «ПОСЛЕДНЕЕ КОРО-ЛЕВСТВО» т/х
07.15 «Qoslike» Дайджест
08.00 «Доброе утро»
11.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
12.00 «Qoslike» Тікелей эфир
15.20 «ДОКТОР ПРЕОБРА-ЖЕНСКИЙ» т/с
18.00 «Басты жаңалықтар»
18.45 «Пендеміз ғой»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВО-СТИ»
20.50 Т/с «НЕВСКИЙ. ПРО-ВЕРКА НА ПРОЧНОСТЬ»
00.15 Ночной кинотеатр «СКАЖИ ЧТО-НИБУДЬ ХОРОШЕЕ»
02.10 «П@УТІNA»
02.55 «Басты жаңалықтар»
03.35 «Той заказ»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.30 «ҚАРА ТЕҢІЗ». Түрік телехикаясы
08.45 «ҚАЙРАН ҚАРТТАР» Т/х
09.40 «МЕРЕКЕЛІК КОН-ЦЕРТ»
10.00 НОВОСТИ
10.40 Т/с «СТАЖЕРЫ»
12.45 «ВХОДЯ В ДОМ, ОГЛЯ-НИСЬ» мелодрама
14.50 «ОТРАЖЕНИЕ РАДУ-ГИ», детективная драма
15.50 «АКВАРЕЛИ», мело-драма
18.00 Т/х «БІР КЕМ ДҮНИЕ»
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «ВХОДЯ В ДОМ, ОГЛЯ-НИСЬ» мелодрама
23.45 Т/с «СТАЖЕРЫ»
01.30Т/с «ОТРАЖЕНИЕ РАДУГИ»
02.15 «Астарлы ақиқат»
03.00 «ТОЙ BESTSTAR»
04.20 «ҚАЙРАН ҚАРТТАР» т/х
05.00-05.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Саулықтың сыры»
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир/
20.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
20.15 «Жұмыспен қамту жол картасы»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Экорейд»
21.30 Итоговые новости
22.00 Телесериал «Бәрі де анам жайлы» (77-серия)
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын (каз)
06.45 Информбюро (повтор)
07.45, 22.20 Сериал «ПАУ-ТИНА»
09.40 Т/с «ҚҰПИЯ МАХАБ-БАТ»
11.00 Т/с «АНАНДИ»
13.00 Т/с «ВОРОНИНЫ»
15.00 «Экстрасенсы-детективы»
16.10 «What's up?» қаз
17.00 «Кел, татуласайық»
20.00 Информбюро
21.00 Т/с «Тайная любовь»
00.10 «Экстрасенсы-детективы»
00.55 «Кел, татуласайық» (повтор)
03.25 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (каз.)
04.30 Ризамын
05.00 Әзіл студио (каз)

7 КАНАЛ

06.00, 02.00, 04.30 «Айна-online»
07.10, 13.30 Т/х «Элиф»
09.00 «Смеяться разреша-ется»
10.20, 18.00 Сериал «НЮ-ХАЯ-3»
12.30, 20.30 Т/х «ЕРКЕ МҰҢ»
15.30 Сериал «ВОЙНА СЕ-МЕЙ»
16.30 Сериал «ПАРТИЯ ДЛЯ ЧЕМПИОНКИ»
17.30, 23.20 Сериал «СЛУ-ЧАЙНЫЙ КАДР»
21.30, 03.50 Т/х «ЗЫҢ-ЗЫҢ КҮЛПӘШ»
22.20, 03.00 Т/с «Жалдамалы қалындық»
00.20 Х/ф «ЧАРОДЕЙКА»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ҚҰРДЫМҒА КЕТТІ

немесе ажырасқандарды алимент асырай ма?

БҮГІНГІ ҚОҒАМДА ЕКІНІҢ БІРІ АЖЫРАСУДА. ӘСІРЕСЕ, ЖАСТАР АРАСЫНДА ОТБАСЫНЫҢ БЕРЕКЕ-БІРЛІГІ ЖИІ БҰЗЫЛЫП, ШАҢЫРАҚТАРЫ ШАЙҚАЛЫП ЖАТЫР. ӨЛІП-ӨШІП, СҮЙІП ҚОСЫЛҒАНДАР СЕЗІМДЕРІН СЕЛГЕ АҒЫЗУДА.

Олар тіпті обал сауапты мүлде ұмытқан десе де болады. «Зорлық-зомбылық көрдік, ұрып-соқты, арамызға енеміз түсті. Жұмыс істемеді. Ішімдікке үйір болды. Тапқан-таянғанын құмар ойынына салып жіберді» – дейтін нәзік жандыларды түсінуге болады. Әйелге себепсіз қол көтеріп, бала-шағасын ұлардай шулатып, әкелік міндетін дұрыс атқара алмаған еркектерді де, еркек деп айтуға аузың бармайды. Бірақ, «таяқтың екі ұшы болады» отбасылық кикілжіңге екі тараптың да себеп-салдары бар. «Үйлену оңай, үй болу қиын болатынын» қол ұстасып өмірге қадам басқан екі жас толық сезулері керек-ақ. Тіршіліктің тауқыметін екі жас бірігіп арқаласа, ағысқа қарсы жүзсе дейсің ғой. Алайда, ыдыс-аяқ сыңғырласа, балапандарын шұбыртқан мама қаздай буынып-түйініп, төркініне тұра қашатын келіндер, қит етсе сотқа жүгініп алимент өндіріп алуды әдетке айналдырған. «Заң мен жағында, аузыңды ашып, бармағыңды көтеріп көр, көзіңе көк шыбын үймелетемін» – деп, ажырасқандар балаларына психологиялық соққы беріп жатқандарын сезбейді емес, сезеді. Осы бағытта, «Неке және отбасы» туралы заңының солқылдақ тұстары бар. Бар мүмкіндікті әйелдерге ғана жасап беріп, ерлердің әкелік құқығы қорғалмаған. Онда баланы анасымен қалдыру, әкеге алимент өндіру міндеттелген. Егер әйел психикалық аурумен немесе ішімдікке үйір болса ғана балаларды әкесіне қалдырады. Міне, заңның солқылдақ тұсы осы. Ажырасудың себеп-салдарын талдап, отбасының шайқалуына кім кінәлі екені сотта толық анықталмайды да. Тек медиация жолымен татуласуға дәнекер болады. Мәселен, өз алдымызға үй боламыз деп бөлініп шыққан жас отауларға кім кедергі болуда? «Құдай бет-алдарыңнан жарылқасын» деп еншісін бөліп беріп жеке шығарған жас отаулар тіршіліктің түйткілдерін шеше алмай, екеуі екі жаққа неге айырылысып жүр? Екеуі ғана болса бір сәрі, бала-шағасын тірі жетімге айналдырып, бірін-бірі көрместей болған ерлі-зайыптылар неге балалардың обалына қалуда? Мұнда әлеуметтік сала да рөл ойнайды. Пәтер жалдап тұру, жұмыс табу, тапқан табысы отбасын асырауға толық жете ме? Бұл да үлкен сауал. Алайда, заманның ағымына ілескендер несиеден несие алып, қарызға белшеден батқандар, оны не жұбайы, не ата-енесі білмеуі, жағдай ушыққанда, ала дорбасын арқалап, екі бетін жұлып жеп, төркінге тығылып, соттан алимент сұрап жүрген әйелдер бұл қоғамда жыртылып айырылады.

Алматы облыстық сотының бізге берген мәліметіне зер салсаң, төбе шашың тік тұрады. Мәселен, өңірде кәмелетке толмаған баланы күтіп-бағуға алименттерді өндіріп алу туралы 2020 жылы барлығы 495 талап- арыз түскен. Бұл 2019 жылмен салыстырғанда 15%-ға өсіпті. Осы 495 талап-арыздың 100-і қабылданбай, кері қайтарылыпты. Себебі, рәсімдеу кезінде қателіктер жіберілген. Қалған, 378-іне іс қозғалып, 194-іне шешім шығарылып, 187-і қанағаттандырылған. Сот барысында түскен талап арызда балалардың әкелігін анықтау бойынша 189 арыз түскен. Мұнда да, өсім өткен жылғымен салыстырғанда 8 пайызға өсіпті. Рәсімдеу кезінде қателіктер жіберілгені үшін 42 талап-арыз кері қайтарылып, 145-іне шешім шығарылған. Мұнда да өсім 11%-ды құрайды. Жылдан-жылға, ажырасушылар қатарының көбеюі дабыл қағуға тұрарлық жағдай. Ай

мен күннің аманында, бейбіт заманда балаларын тірі жетім жасаған отбасылар не ойлап жүр?! «Алимент әке болмайды» деп жар салсақ та аналар үйі мен пәтер жалдап, одан қалса, әке-шешесімен, бауырларына масыл болғандар неге балалардың әкесі алимент төлемей жүр деп сот орындаушылар мен сот табалдырығын тоздырып жүр. Әкесіз өскен баланың, болмаса, өгей әкенің, өгей шешенің таяғын жеп, жәутеңдеген жетімдерді өз әке-шешелері неге ойлаймайды? Баланың тағдырын алимент шеше ме? Білім ошағында немесе кезкелген орында, әкесі, әкесі жоқтар барларға, анасы жоқтар анасы барларға жәутеңдеп қарамай ма? Бүгінгі қоғамда әке ғана емес, тасбүйрек аналар да жетіп артылады. Анау көгілдір экрандағы «Астарлы ақиқат», «Дау-дамайсыз» хабарларын көруге ұялатын болдық. Себеп, бес-алты балапанын ұясына тас-тап, «Алматыға барып келем» деп сол кеткеннен мол кетіп, тағы

бір-екі еркектен бала тауып іздеуде жүрген көкек аналарды көріп, көзіміз шарасынан шығатын болды. Сөйте тұра бәрінің алименттен дәмесі бар. Алимент дегеннен шығады. Ажырасқандар арасында балалары мектеп бітіріп, білім алуын ары қарай жалғастырса, баланың әкесінен тағы да алимент өндіріп алынады. Мұндай жағдай бойынша сотқа 2020 жылы 110 талап-арыз түсіп, ол өткен жылмен салыстырғанда 18 пайызға азайыпты. Оның 84-іне іс қозғалып, 42-іне шешім шығарылған. Сонымен қатар, жұбайын күтіп-бағуға алимент өндіру үшін 383 талап арыз түскен. Бұл көрсеткіш те 17%-ға азайған. Азайғаны көңілге демеу болғанымен, он ай көтеріп, омыртқа белін сындырып тапқан анасы мен

қанатын қатайтып, бағып-қағып, жеке отау еткен әке-шешелерінен безініп, қарттар үйіне, болмаса жеке пәтерлер мен тұрғын үйлерде қараусыз қалдырып кеткен балашағалары өз балаларына қандай тәрбие беріп жүр. «Өгізге туған күн бұзауға да туады» демекші, өз кіндігінен тараған балалары өскенде әке-шешесіне өздері жасаған қателікті қайталамасына кім кепіл? Неге сонша безбүйректеніп кеттік. Басқа-басқа, біздің әдеп-ғұрыпта мұндай жат үрдіс мүлде жоқ еді ғой. Керісінше «әкең жынды болса байлап бақ» деген тәмсілді қазақтан басқа ешбір ұлт айтқан емес. Ойнақтап жүріп от басқан шөпжелкелер туған перзенттерін әжетханаға, қоқысқа тастаса, жауапкершіліктен қашқан жігіт сымақтар ар алдында, қала берді Алла алдында есеп беретіндерін білмейді емес, біледі. Әкені сақалынан, шешені шашынан сүйрелеп жүрген бауыр еті балалары өздері қартаймастай неге қатыгезденіп кетті? Мұндайға жол берген кесірлі келін мен перзенттік парызын толық өтей алмаған, өлі қойдың өкпесіндей болған, еркек емес ездердің отбасында, «екі тізгін бір шылбырды» тең ұстай алмай әйелге беріп қойып, соның айтқанымен жүріп тұруы, өз бетімен ештеңе шеше алмауы, жанұядағы балалардың теріс тәлім-тәрбие алуына әкеп соғуда. Міне, біздің ұлттық идеология, әдеп-ғұрыптың әдіре қалып, еуропаның үлгісін жамылып жаза басып жүрген себеп, біздің басты кінәратымыз осы. Бала-шағам қарамады, соқа-басымызды сопайтып тастап кетті, қарайласпады, сондықтан ата-аналарды күтіп-бағуға алимент өндіріп беріңдер деп тышқан жылы сотқа барлығы 19 талап арыз түскен. Бұл көрсеткіш 2019 жылмен салыстырғанда 90%-ға өсіпті. Өзекті өртейтін факт. Осы талап-арыздардың 15-іне іс қозғалып, 7-еуіне шешім шығарылған. Алименттің жыры тек қана ажырасқан жас жұбайлардың ғана емес, қараусыз қалған ата-аналардың да күн-көріс көзіне айналған. Біз рухани жаңғырмадық, керісінше азып-тоздық. Отбасы құндылығы құрдымға кетті. Мұның сыртында ата-ана құқынан айырылып жатқандары қан-шама? Ішімдікке салыну, нашақорлық, одан қалса жеңіл жүріске салынып, бауыр еті балаларынан безу бүгінгі қоғамда қалыпты үрдіске айналды. Бұған таңқалмайтын да болдық. Тәлім-тәрбиенің солқылдақтығы, «Неке және отбасы» заңындағы шикіліктер әке мен шешенің де жауапсыздығына жол беруде. Әрі ата-анаға деген құрметтің сұйылуы, бала-шағаның үлкендер алдындағы парызының паранжа астында қалғаны, көзге шыққан сүйелдей көрініп тұр. Асқынған кесел алмай қоймайды. Ол үшін неке және отбасы туралы заң түбегейлі реформалануы керек. Сен таптың ба? Мен таптырдым ба? – деп бірі қашып, бірі заң органдары арқылы қуып жүрген ана мен әке сымақтар ата-ана құқынан айырылуда. Өткен жылы барлығы – 325 ата-ана құқынан айыру туралы сотқа арыз түскен. Бұл 2019 жылмен салыстырғанда 23%-ға аз. Соның 248-іне іс қозғалып, 164-іне шешім шығарылған.

Ата-ана құқықтарынан айырылып, кейіннен қалпына келтіру туралы бар-жоғы 4 талап-арыз түсіпті. Төртеуінде шешім шығарылған. Ата-ана құқықтарын шектеу туралы барлығы 47 талап-арыз түсіп, бұл көрсеткіш 27%-ға өскен. «Бақпасаң мал, қарамасаң бала кетеді» демекші, ата-анасынан толық тәлім-тәрбие алмаған балалар болашақта ұядан көргенін жасайды.

Бірді айтып, бірге кеткендей болмайық, отбасындағы кикілжіндер, шаңырақтың шайқалуы кәмелетке толмағандар арасындағы қылмысты өршітіп отыр. Айталық, қараусыз, бақылаусыз қалған немесе ата-әжесінің қолында қалған балалардың тұрғылықты жерін анықтауда сотқа барлығы 205 талап-арыз түскен. Соның 143-іне іс қозғалып, 65-іне шешім шығарылған. Бұл көрсеткіш 25%-ға өскен. Сондай-ақ, екі айырған тараптың балаларымен қарым-қатынасын анықтау тәртібі бойынша 143 талап-арыз түсіп, 99-на іс қозғалып, 36-на шешім шығарылған. Мұнда да өсім 22%-ды көрсетіп тұр.

«Отан отбасынан басталады» десек, әр шаңырақтың беріктігі мемлекет үшін ауадай қажет. Еркек пен әйелдің құқы жүз жерден тең десек те, отбасындағы әкенің рөлін арттырмасақ, ажырасушылардың саны азаймайды. Тағы да қайталап айтайын, ол үшін жаңадан құрылып жатқан Парламент депутаттары және Үкімет мүшелері бірлесіп «Неке және отбасы» заңын реформалау қажет. Онда қажет болса, ажырасуға тиым салынуы керек. Себеп, неке бұзушыларды ешкімде зорлап қосқан жоқ. Әрі балаларға психологиялық соққы беруді тежеу тетіктері қаралуы тиіс. Әрі бар жауапкершілікті еркектің мойнына артып қойып, алимент алып, шұбырып жүрген әйелдердің де тәртіптері май шаммен қаралуы тиіс. Мәселен, бір ғана Алматы облысында неке бұзу туралы 2020 жылы барлығы 6702 талап-арыз түсіпті. Бұл 2019 жылмен салыстырғанда 22%-ға аз, бұл көрсеткіштердің арасында талапкердің талап қоюдан бас тартуына байланысты, 172 сот барысында татуласса, медиация тәртібімен 478-і татуласқан. Неке бұзуда көбіне әйелдер арызданады екен. «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ» демекші, екі айырылған жас отаулардың балалары тірі жетім атануда. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, отбасы-ошақ қасының ұйытқысы бола алмаған әйел, шаңырақтың шайқалуына жол берген еркектердің енжарлығы қоғамға үлкен қауіп төндіруде. Қауіптің зоры екінің бірі ажырасып, балаларын тірі жетім атандыруында. Қысқасы, отбасы туралы заң қатаймаса, ажырасушылар жаңбырдан кейін қаулаған саңырауқұлақтай қаулап келеді.

Айтақын МҰХАМАДИ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

РОМАННАН ҮЗІНДІ

Көсем

Комитеттің іріктеу жүйесі бірінші хатшы Қонаевтың күзет тобына талай сүзгіден өтіп, пісіп-қатып шыныққан сенімді адам іздестіргенде мың сан үміткердің ішінен Құдайдың қалауымен таңдау осы Шабдарбаевқа түскен-ді. Үлкен кісінің зайыбы Зуһра Шәріпқызы текті әулеттің тәрбиесін көріп өскен, кімнің кім екенін қабағынан қарап жіті аңғара білетін сезімтал, түйсікті әйел еді. Амангелдінің суретін әкеп көрсеткен бойда бірден ұнатып:

– Көзінің тұнығында балалығы сақталып қалған жігіт екен. Тегінде мұндай жандардан жамандық шықпайды. Дүниенің сұлулығы мен мейірімі сондай таза тұнықта жасырынып тұрады, – деді жүзі ажарланып.

Комитет басшысы Амангелдіні Қонаевтың кабинетіне ертіп барып таныстырғанда ол кісі орнынан жедел көтеріліп, қолын ұсынып, жылы амандасып:

– Кімнің баласысың? – деп сұраған.

Амангелді ежелгі дағдысына басып, қамсыз, қаперсіз тұрған. Сонда да Үлкен Кісінің алдында өзін байыпты ұстап, орнықты жауап беруге тырысып:

– Смағұл Шабдарбаевтың, – деген.

– Ақсай өзенінің суын бөгеп, колхоз, совхоздарға, қала берді аудандарға электр жарығын тартқан Смағұл Шабдарбаевтың ба?

– Иә.

– Е-е, жақсыдан қалған көз, тұлпардан қалған тұяқпын де, сөйтіп.

Қызылшақа сәби кезінде асқар тау әкеден айырылып, жетімдіктің тауқыметін тартып, таршылық көріп, булығып өскен қайдан жақсы болсын. Тамағына ащы бір өксік тығылып, көзі жасаураған Амангелді жоқ жерден батылдық тауып:

– Аға, әкемді білетін бе едіңіз? – деп үлкен кісіден оқыс сұрап қалды.

– Неге білмейін. Адамның жүрегіне ізгілік егіп өткен азамат ер еді ғой, сенің әкең. Қырғын соғысты бастан өткерген елдің жағдайы онша жақсы емес-ті. Көтерем қотыр тоқтыдан да төмен еді. Жұрттың жаны жаралы, басы қаралы болатын. Елдің еңсесі көтеріліп, ер-тұрманы бүтінделе қоймаған осындай өліара кезеңде сенің әкең Смағұл сияқты азамат ерлердің еңбегі ерен болды. Бірақ тағдырдың жазуына шара қайсы. Ғұмыры қамшының сабынан да қысқа болды. Нұры пейіште шалқысын, жарықтықтың, – деді тұншыға күрсініп. Сосын сәл ойланып, сөзін қайта сабақтап: – Осы күні жұрт айтып жүрген «әкеге тартып ұл тумайды» деген сөз бекер ме деймін. Сенің тұнық ойлы көзіңнен әкеңнің бүкіл бекзат болмысын көріп, көңілім тоғайып тұр. «Орнында бар оңалар» деген осы. Алла алдыңнан жарылқасын, – деді мейірімге толы жүрегі елжіреп.

Амангелдінің анасы Ажар әлеуетті әулеттің үкілеп өсірген ерке қызы болатын. Кейін ордалы отбасына келін боп түскенде бір сұңғыла әйел: «Сен лепірме, жетілген қымызды шайқағанда ернеуінен асып-тасып төгілуші еді. Сен де сол қымыздайсың, қалай төгіліп кеткеніңді аңдамай қаласың және тағдыр сені кейін сол қымыздай шайқауы мүмкін. Байқа!» деген-ді.

Енді ойласа, сол сәуегей әйел әлгі сөзді текке айтпапты. Жаңа шаңырақ көтеріп, түтіні түзу ұшып, бес қарағай перзент сүйіп, арқасын кеңге салып, дәуірлеп келе жатқан мезгілде қосағынан айырылып, қан жұтып аңырап қалам деп ойлаған жоқ-ты. Тағдырдың бұл қысастығын көпке дейін түсіне алмады. Бақытты отбасын құрған асыл жардың бұлай қайғылы күн кешетіні қалай деп күйзелген. Арада бірер күн өткенде ес жиып, белін бекем буып, бұны Құдайдың өзіне жіберген ауыр сынағы деп түйсініп, қандай қатал талқыны бастан өткерсе де, соның бәріне шыдап, есіл-дерті балаларын аман-есен өсіру болды. Сөйтіп, жан шуағын жоғалтпай, жүрегін қарайтпай ғұмыр кешті.

Тарғыл түсті тағдыр Ажарды бұдан кейін де қымыздай көп шайқап, екі ұлынан айырып, бозінгендей және боздатқан. Бұл – анасының көз жасына суарылып, ерте көктеп жетілген Амангелдінің буыршындай бұта шайнап, қайда салсаң да кесіп түсем деп шиыршық атып жүрген шағы еді. Үлкен кісінің көңілінен шығып, сол бойда күзет тобы құрамына еніп, қызметке тағайындалған. Сөйтіп, бұның алдынан қытымыр өмірдің есігі айқара ашылып еді. Бірақ бұл одан гөрі ұлы адамның қасында қорған боп жүретініне қатты қуанды.

Амангелдінің елден ерек бір қасиеті: есейіп кетсе де ежелгі балалығы ұстап, жарыстарда жеңіске жетсе де, алда-жалда жетістік көрсе де алдымен анасын қуантуға асығатын. Бұл жолы да солай болды. Жүрегін қолына алып, құстай ұшып жеткен бойда:

– Апа, сүйінші. Күзет тобының қызметіне тағайындалдым. Бұдан былай қара орман қазақ елі пайғамбар атап, пір тұтқан Дінмұхамед Ахметовичтің қасында жүретін болам. Бұдан өткен бақыт бар ма жалғанда, – деп еді.

Анасы бұған іштей қанша қуанып тұрса да, оны сездіргісі келмей өз-өзінен тұйықталып:

– Алаштан айдыны асып туған әулие кісіні ардақ тұтып, қызметіңді адал атқар. Ұятқа қалдырма. Алла Тағаланың құдіретінде шек жоқ болса да, кейде Дінмұхамедтей кемеңгерді көңілі түсіп жарата бермеген. Сірә, асылдың құнын кетірмейін дейтін шығар, оны Жаратқан Иемнің өзінен басқа кім біледі. Сондықтан ол Кісіні қарашығыңдай сақтап, қауіп-қатерден қорғай біл, – деді қатқыл бұйырып...

Ол еңселі үйге еңкеймей кірер өр кеуде әйел еді. Қайтыс болған екі ағасының артында көзі жасаурап жалғыз қалған Амангелді ұлын сазға біткен сары ағаш сияқты солқылдақ әрі боркемік етіп тәрбиелегісі келмеді. Кенже ұлын онша көп өбектей бермей қайдағы қиынға салып, тау-тасқа жігерін жанып, жетілдірмек болды. Сонда да көңілі әлденеден секемденіп, жалғыз тал ұлымды «Безенген тілден, сұқтанған суық көзден сақта, Құдай!» деп жалынышты тілек етіп, шыбын жаны шырқырап күн кешті.

Амангелді бірде:

– Апа, ел аман, жұрт тынышта неден қорқасыз. Мені жау алады деймісіз, – деп көңілін ауламақ болып еді. Анасы:

– Жарығым-ай, саған не дейін енді. Заманның қабағын баққан сардар ма десем сені. Жәй әшейін көп жігіт-желеңнің бірі ме едің, жазған Құдай! – деді өз-өзінен томсарып. Сосын ұлын босқа жазғырып, көңіліне қаяу түсіргісі келмеді білем, бұрынғы сабырлы қалпын қайта тауып: – Соғыс біткелі қай заман, бірақ ел ішінің мылтықсыз майданы әлі де қым-қуыт қызу жүріп жатыр. Соның қаңғыған бір оғы ала-құла жаратылған мына опасыз жалған дүниеде өзгенің он баласын айналып өтіп, сен секілді жалғыз-жарымды жер түбінен көздеп, тура ұшып келіп, желкесін қиып жатса, мен неге үрей құшағында өмір сүрмейін. Оның үстіне заман қағынып, аттың жалы, түйенің қомында ойнақтап тұр, – деді ұлын әлденеден сақтандыра сөйлеп.

Тағдыр әдепкіде Амангелдіге жылы жүз таныта қоймады, көпке дейін өгей шеше секілді сыртын беріп, теріс айналумен болды. Бірақ өз анасы оны кескекті ердің сойы етіп сомдап бір-ақ туған екен, тағдырдың өзін ерттеп мініп, адырнасын ала өгіздей мөңіретіп, жебесін алысқа атудан танбады. Оның сол қасиетін Дінмұхамедтің қырағы көзі қалт жібермей байқап қалыпты. Қызмет бабымен алдына бір келгенде бауырына жақын тартып:

– Тегі жақсы жігіт екеніңді білем. Бойыңда әкеңнің рухы атойлап тұр. Түптеп келгенде, бұрынғының «сен тұр, мен атайын» дейтін сайыпқырандары қайдан шықты? Мына өзің сықылды оғландардан шықты. Менің жанымда үзеңгі қағыстырып қатар жүрген соң, қайдағы-жайдағы жымысқы көздер саған да сұқтанып қадалмай тұрмайды. Байқа! Қазақтың құшағы қатты, қысып өлтіріп жіберуі де ғажап емес, – деді бөлме ішін құпия сырға бөлеп.

Әкенің тәрбиесі қай кезде де бөлек, әрине. Бірақ әкесіндей зиялы адамның өнеге-өсиетін де жоққа шығаруға болмайды. Сөйтіп, ол Амангелдінің азаматтық болмысының қалыптасуына біртін-біртін ықпал жасап, қайралған қылыштай жетілген тұста жал-құйрығын түйіп, өмірдің бұрқанған алаңдуын арнасына тоғытып салып жіберген. «Өмір – күрес, жеңілме, жеңілсең – сынық арбасына жегіп, желкеңе мініп алады» деді жігерін жаныр.

Қонаевтың бұл кезде қартайып, досжаран сырластары азайып, барар жер, басар тауы тұйықталып, өмір торы жиырылып тарыла бастаған соң ба, жоқ Амангелдінің тасқа тұнған тамшыдай мөп-мөлдір нұрлы жанарынан оның өзіне деген таза адалдығын көріп, тәнті болды ма, әйтеуір өзгелерден гөрі оны құлай ұнатып, көз алдында көбірек төбе көрсетіп жүргенін қалады. Ол қасында болса, өзін қауіпсіз сезінеді. Ал, бірер күн көрмей қалса «әй, Шабдарбаев қайда?» деп шарқ ұрып іздейді. Неге өйтеді, оны өзі де білмейді. Мүмкін сонау арғы ата-бабаларынан бері тамыр тартып, үзілмей жалғасып келе жатқан туыстық, бауырмалдық сезімнен шығар. Әйтеуір, ол дегенде шыбын жаны бөлек-ті.

Қонаев қызметке жаңа тағайындалған Шабдарбаевты Мәскеуге алғаш ертіп барғанда алдымен Громыкоға кіріп, жолығып шықты. Содан кейін бұны қасына ертіп алып, Орталық Комитеттің ішін аралап, Сталиннің бұрынғы кабинетінен бастап, кімнің қайда отырғандарын таратып айтып, жеке-жеке таныстырып өтті. Сөйтті де Амангелдіні дәлізде қалдырып, өзі жолай бір кабинетке кіріп кетті. Сәлден соң іштен бір қызметкерді ертіп шығып: «Мына жігіт менің қырағы оң көзім. Қызметке жаңа тұрды. Байқа, көз жазып қалма» деді өтініп. Сол бойда екеуі алға озып, бұрышты айнала беріп, әп-сәтте көзден ғайып болды. Сондарынан ерген Амангелді көзжазып адасып қалды. Орталық Комитеттің ұшы-қиыры жоқ ащы ішектей шұбатылған дәліздерін қуалап, ақ тер, көк тер боп, сарсылып жүрді де қойды. Құдай сәтін салғанда өзін іздеп шыққан нұсқаушы кездейсоқ кезігіп қалғаны. Әйтпегенде қуырдақтың көкесі сонда болатын еді.

Ол бұны әлдебір есіктің алдына ертіп барып:

– Дінмұхамед Ахметович ана кабинетте отыр. Осында күт, – деді де, өзі асығыс кетіп қалды.

Амангелді сарылып қанша күтсе де Дінмұхамед Ахметович жуық маңда шыға қоймады. Арада содан кейін де едәуір уақыт өтті. Тым-тырыс, өлі тыныштық. Қозғалыстың бәрі осы дәлізге жеткен бойда тоқтап тұрып қалған секілді. Ақырында шыдамы таусылып, нұсқаушы көрсеткен әлгі кабинетке бас сұққан. Ішінде тірі пенде болса, кәне. Мұндай сұмдықты бұрын кім көрген. Үлкен кісіден шаңқай түсте көз жазып, тағы да адасып қалғанын сезгенде екі беті ұяттан қып-қызыл боп өртеніп, тұла бойын лезде тер жуып кетті.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

РОМАННАН ҮЗІНДІ

Есі шығып, қабылдау бөлмесін бетке алып, ебіл-дебіл жүгіре жөнелген. «Қызметке тұрмай жатып, ат үстінен сыпырылып түсіп, досқа күлкі, дұшпанға таба болды деген осы» деді өзінің бейғам, салғырттығына налып. Қызметті қойшы, екі қолға бір күрек табылар қайдан болса да. Әйтсе де, бәрінен бұрын үлкен кісіден ұят болды. «Әй, өзің бір берекесіз бала екенсің ғой» десе, өлмегенде нем қалады. Қарадай жүріп маған не көрінді осы деді күйініп.

Басы салбырап, көшеге шыққан... Мә, мына қызықты қара. Өз көзіне өзі сенбей аңырып тұрып қалды. Мәшинеңің ішінде жайбарақат отырған Қонаевтың шопырын көргенде қуанғаннан Мәскеудің ауасын жаңғыртып, айғайлап жібере жаздады. Бірақ әдеп сақтап, өз-өзін ұстап қалды.

Үлкен кісі елшілікке мініп барған көлігін бұған жіберген. Өз күзетшісі үшін...

Зады, Қыдыр қонған кемеңгер басшының сенімін тәрк етіп, қабағына кірбің түсіру Амангелді үшін қандай ауыр болса, Алла Тағала бала ғып бауырына басқан Амангелдіні сұқтанған көзден қорғамау Дінмұхамед үшін де сондай ауыр. Тағдыр жазып, табысқалы бері бұл екеуі үлкенді-кішілі ағайынды қоңыр қаз секілденіп, бір-біріне сүйеніп, ғұмыр кешіп келе жатқан. Өйткені Ол Амангелдіні туған бауырынан да жақын, жақсы көретін. Сол себепті оны кім көрінгеннің іліп-шалысына қолдан беріп, серттен таймайтын семсерін мұқалтқысы келмейтін.

Ол туғанда ауыл клубында аты аңызға айналған батыр Амангелді Иманов туралы кино көрсетіліп жатқан. Есімін сол ұлы сардардың құрметіне ырым етіп қойғанды. Оның көкжал жігіт боп өсуіне батырдың айбынды есімі де әсер еткен шығар...

...Қазақстанның мәдениет күндері Мәскеуде дүркіреп өткелі жатқан. Дайындық жұмыстарының қым-қуыт қауырт кезі еді. Дінмұхамед Ахметович өзіне әлдебір шаруамен кірген Амангелдіні қасында кідіртіп ұстап, көзінше Саяси Бюро мүшесі Гейдар Әлиевке телефон соғып:

– Ертең кешкісін Мәскеудің әйгілі үлкен театрында Әзербайжан халқының туыс, бауыры – қазақ елінен келген өнер шеберлерінің концерті болатын еді. Соны бірге отырып тамашаласақ деймін. Қалай қарайсыз? – деп сұрап еді, Әлиев те соны күткендей лыпыл қағып:

– Әлбетте... әлбетте барамыз. Өзіміздің туысқан қазақ халқының өнерін қызықтап тамашалуға не жетсін. Қара қобызынан Ер Түріктің ұлы сарыны естіліп тұрғандай әлі... неткен құдірет десеңші... рух қой ол, рух! – деді серпіліп.

Қонаевтың Әлиевті концертке шақырған себебі: ол келсе, оның барлық орынбасарлары, мәдениет министрі және басқа да ресми адамдары өзара бас құрап, үлкен шоғыр топ боп, айдынын асырып келетінін жақсы білетін. Бұл, сөз жоқ, қазақ өнерінің беделін арттырып, мәртебесін көтеретін ізгі жол еді...

...Биліктен шеттетіліп, жазаға тартылған саясаткерге күзет те керек болмай қалып, ілешала Амангелдіні де қызметтен босатып, түріп айдап шыққан.

Дінмұхамед Ахметович бұл қысастыққа көпе-көрнеу төзбеді. Әрі-бері толғанып, неше алуан ой қаузап, бір тоқтамға келгенде Амангелдіні жанына шақырып:

– Ертеде бір көне көз қария айтқан екен: «Тоқсан көрейін деген жасым ба еді, быламық ішейін деген асым ба еді» деп. Сол қария айтпақшы, көзімнің нұры солғындап, сөзім тасқа шабылып, мұқалған семсердей өтуден қалып, шау тартқан шақта шалғайыма жармасқан зауалға тап болып, зәр жұтам деп ойлаған жоқ едім, амал қанша?! Дүниенің басы – сайран, соңы – ойран деген осы. Қобыз кеудесінен зар төгілген қазақ – замананың диірменінен аман шығып келе жатқан қызыл бидай болса, сен соның бірісің, бірегейісің. Алла Тағала көтере алатын адамға ғана сынақ жіберген. Шыда, жасыма. Жұлдызың әлі жоғары сенің! – деген...

...Бірі – аға, бірі – іні ағайынды екі бауыр өстіп өзара жарастықты әңгіме-дүкен құрып отырғанда сыртқы есікті ашып, әлдекім ішке кіріп келе жатты.

Бұл – Ермұқан деген жас жігіт еді. Үй иесі көрген бойда жазбай танып:

– Оу, Ермұқан, жол болсын. Қайдан жүрсің. Кел, төрлет, – деді емен-жарқын сәлемін алып жатып.

Ол үй иесі ұсынған орындыққа жалп етіп бірден отыра кетпей сол түрегеп тұрған бойы:

– Жолай бір күйескіге соғып, гүл сатушы орыс әйеліне Дінмұхамед Ахметович Қонаевтың үйіне бара жатыр едім. Бір гүл жасап беріңіз деп өтінгенімде, ол: «Дінмұхамед Ахметович, бүткіл адамзатқа ортақ ұлы Тұлға! **(шмуц)** Кеңес үкіметін Қонаевтай кемеңгер басқарғанда ұлт араздығы қозып, ол келе-келе өріс алып, жазылмас сыздауық жараға айналмас еді. Тырсылдап жарылғалы тұр. Әйтеуір артының қайырын берсін. Басқа не дейін. Димаш Ахметовичке менен сәлем айта барыңыз. Құдайдың нұры түскен адам ғой ол... аман болсын» деп керемет осы гүл шоғын жасап берді. Қабыл алғайсыз, – деді сәл қысылыңқырап.

Үй иесі гүлді үстел үстіне қойып, Ермұқанға сұраулы кейіппен қараған. Ермұқан да ойын түсініп:

– Кандидаттық диссертацияны тездетіп жазып бітіріп, бірақ қаражат жағынан тарығып жүрген кезім еді. Кімнің себепкер болғанын білмеймін. Бір күні ойда жоқта менің атыма телеграфпен қыруар мол ақша келіп тұр. Мұндай қуанбаспын. Бірақ бұл мені алаңдатпай қоймады. Сұрастырып, тексере келгенде сіз жіберген ақша боп шықты. Сол қаржының арқасында диссертацияны өте сәтті қорғап, қатар құрбыларымның арасында мерейім үстем болды. Енді, міне, өз қолым өз аузыма жеткен мезгілде мойынға қарыз жүктемей сол ақшаны өзіңізге қайтарғым келеді, – деді әр сөзін нық-нық айтып.

Тектілік те, тазалық та Дінмұхамед Ахметович Қонаевқа тән қасиет еді.

– Шырағым, диссертацияңды ойдағыдай қорғап, еңбегің жанып, туың желбіреп елге абыройлы оралыпсың. Сейтіп, ата-анаңды да, мені де қуантып отырсың. Ендеше, қарыздармын деме. Ол менің саған берген байғазым болсын, – деді ақжарқын пейіл танытып...

...Кремльдің өзіне еңсесін тік ұстап, еңкеймей кіріп, кеудесін шалқақ ұстап, айбынып шығатын Дінмұхамед еді. Күндердің күнінде мынандай зұлмат зауалға тап болып, қара орман қалың қазақтың ішінде қорғансыздың күйін кешіп, жалғыз қалған Қонаев емес, түптеп келгенде, ол Ұлылық еді. Ұлылық қорғансыз қалады деп кім ойлаған.

Бұл әлде, Алла Тағаланың жіберген сынағы ма? Алла Тағала сынағын көтере алатын сүйікті құлына жібереді деуші еді. Мүмкін солай шығар.

Амангелді әдепкіде солай ойласа да, әлденеге нартәуекел деп белін бекем бұғандай болды. Сыртқа ызалы атылып шыққан бойда такси ұстап, қала сыртында Абай кеңшарында тұратын немере ағасы Сәбетбектің үйіне тіке тартқан. Інісінің жан күйзелісінен, күйінішті сөзінен сұрықсыз жәйтті жіті аңғарған ағасы да бұған бейтарап қарай алмады. Ар-намыстан қаны басына шапқанда дүрк көтеріліп:

– Дұрыс шешім жасап отырсың, бауырым. Дүниеде жалғыздық жаман. Безгендер безе берсін. Безбүйректер кімге дәрі. Ашу үстінде артық кетті деме. Алаш керек қылмаса да ағайынға керек, Дінмұхамед Ахметович! Қасында бол. Сілтесе – семсері, қорғанса – қалқаны сенсің, Аман! – деді сөз соңын қатқыл шиырып.

Алматыдан қызмет бер, егер оның ыңғайы келмесе жұмыстан бүтіндей босат деп сол күні мәлімдеме жасаған. Бірақ оның бұл талабына құзырлы орындар «шыққан қыз шиден тысқары» деп жөнді құлақ аспады. Сөзін жүре тыңдады. Күнде ертеңмен сағыздай созып сарғайтуға айналған. Сонда да алған бетінен қайтпады. Қайта өтініш жазды. Сөйтіп, өкше ізінен қалмай салпақтап жүріп орган қызметінен босаған.

Кеңестік идеология дүн-дүниені түгел улап бітірген алмағайып уақытта мұндай құзырлы мекемені жерге қаратып, қызметтен кету, шындығында, кез келген кісінің қолынан келмейтін көзсіз ерлік еді. Бірақ жұрттың дені олай ойламайды. Басына қонған бақтың қадірін білмеді деп сөкті. Ал өмірлік ұстанымы тастүйін Амангелді үшін Қонаевтың қасында жүрек жылуын сезініп жүруден артық мәртебе жоқ екенін олар қайдан білсін.

Зады, түптеп ойласаң, мына жарық жалғанда адамнан өткен аяр, адамнан өткен екіжүзді, адамнан өткен жыртқыш жоқ болса, бұлардың ана бір жылдары саяси жағдай шиеленісіп тұрған қилы кезеңде КГБ-ның арнайы мақсатқа құрылған бөлімшесінің курстарында оқып, оны үздік бітірген, одан бері де талай сүзгіден өтіп, қайда салсаң да қиып түсетін ақ семсер өткір чекисті қызметінен босатса да, артынан Қонаевтың қасына жібергілері келмей қитұрқы әрекеттерге барғаны қалай? Жымысқы саясат ұстанған орган басшыларының бұл қай қылығы?

Бұның бәрі сайып келгенде, Қонаевты жалғыз қорғансыз қалдырып, мүлдем кетірудің амал-шарғысы болатын. Сонда оның жазығы не? Адалдығы ма? Сол үшін кісіні күйдіруге бола ма? Болғанда қандай. Зұлымдықтың негізінде құрылып, тамырын қанға малып көктеп, көз жасқа суарылып жетілген кеңестік жүйеде бәрі болған, әлі де бола береді.

Дүниені пәле-жала торлап, қысып ұстап тұрған уақытта Амангелдінің КГБ-дан кетуі көңілінің күні тау басына өрмелеп шығып келе жатқан кең тынысты кемел шағында өз бағын өзі байлап, болашағына балта ұрғаны еді. Оның үстіне ол бұл уақытта Желтоқсан көтерілісіне байланысты тергеліп жатқан.

Ол кезде комитетті Мирошник басқаратын. Ұлттық сананы жою бағытында жұмыс жүргізгелі Алматыға келген Мәскеудің өз адамы болатын. Қолына шексіз билік тиген тәйтік шектен шықпай тұра ма. Адамдарды бір-біріне аңдытып және айдап салып, тұнықты лайлап, жұрттың тыныш өмірін ұйқы-тұйқы етіп жіберген-ді. Өзінің ұлтшыл екенін жасырып, бұның алдында кішірейіп бұғына қоймаған Шабдарбаев ойда-жоқта мыстан саясаттың жезтырнағына ілігіп, тұтылғанда екі алақанын ысқылап жаланып шыға келген. Сонда кеңес уақытының қауіпсіздік жүйесін жетік білетін сардар жігіттің бар жазығы: Қонаевқа қарсы айғақ бермегені, ақты қара деп көрсетпегені. Осыны кек тұтқан Мирошник оны бүкіл атақ-дәрежесінен айыртып, Мәскеудің атақты «Бутырка» түрмесінде ұстап, қорқытып, едәуір уақыт байқаған. Сонда да діні мықты еменнің иір бұтағын иілтіп, айтқанына көндіре алмаған. 1986 жылы сол қанды күні зайыбымен бірге келе жатып, көшеде – «Жасасын, қазақ!» деп айғайлаған жастарға дем беріп, «Жасасын, қазақ!» деп қоса дауыстап ұрандаған еді. Кім жеткізгенін ит біле ме. Соны бетіне шыжғырып басып, қорқытып, үркітіп, қандай азапқа салса да шыдап бақты. Жас шыбықтай майысып, ығына жығылып, ұлы ұстазын сатпады, сатылмады. Ақырында айтқандарына көндіре алмай өздері ит боп, жүні жығылып, бұны кері қайтарған.

Ал табаны тиген жердің көзінен қара қан атқылап қоя беретін Мирошник кейін кеңес үкіметінің іргесі сөгіліп, гүрс етіп құлағанда суын ішкен құдығына түкіріп, Отанын сатып, шетел асып қарасы батып жоғалған. Қазір ойласаң, сыныктан басқаның бәрі жұқпай тұрмаған, сатқындық, жарамсақтық, екіжүзділіктің өзі... тіпті жамандық атаулының бәрі қазақ даласына осылармен бірге келгенді.

Әй, Құдай-ай, қазақты Мәскеудің қай жұлымыры басқармады. Күйзеліп, қан жұтпай көр енді.

Әдетте қай нәрсенің де қайырымы бар. Алматыға қайта оралған Шабдарбаевтан өз достары жауап алған. Ол тас еденге бекітілген темір орындыққа отырмай үстелге жайғасқан. Өңінде: «Әй, сендер, кімді тергеп шатылып, жауапқа тартқалы отырсыңдар!» деген айбарлы сұс бар-тын. Мінез деген – осы. Достары ыңғайсызданып қалды. Өздерінің әнтек кеткендерін түсініп: «Бұ сауалға енді елу жылдан кейін ораламыз, осымен әңгіме тәмам» десіп, Желтоқсан көтерісі жайлы, өзі жайлы қатталып жазылып жинақталған қалың-қалың папкаларды белінен бір тартып, буып-түйіп, нән жәшікке бір-ақ ұрған.

Қазақ баласына орыс жала жапса, соның сөзі оң-терісіне қарамай Тәңірдің бұйрығындай өктем естіліп, жөн саналып тұрған мына қилы заманда мұның өзі көзсіз ерлік еді.

Амангелді, бірақ, өзін сергелдеңге салған қуғын-сүргіннен құлантаза айығып құтылса да, өзегін өртеген өсек-аяңнан бәрібір қашып құтыла алмады.

– Қонаевтың дәурені өтті. Оның жанында жүріп опа табам деме. Тұлпар болсаң үйіріңді тап, сұңқар болсаң көгіңде самға, – деген жымысқы, жылымшы сөздерді естігенде қанына қарайып отырып қалған кездері де болды. Бірақ ашуға бой алдырмады. Өзін салқын ұстап, жорта елемеді.

– Өзіңе айлық төлемейді екен, – дегендерге аспай-саспай:

– Маған үлкен кісінің батасы да жетеді, – деді шамырқанып.

Жиған-тергенін,тапқан-таянғанын, тіпті Академиктігі үшін алатын ақшасына шейін ғылымның даму жолына, жұмысшылар мен малшылардың балалары жатып оқитын интернатқа, жағдайы төмен ауыл мектептеріне аударып келген Қонаев зейнетке шыққанда не саяжайы, не жеке көлігі болған жоқ. Елінің ертеңін ойлап, Мәскеудің ығына кейде жығылып, кейде жығылмай саясатына саясат қолданып, Ұлы Даланың жүрегін жылытып, көктем боп жүгірсе де, өзінің ертеңгі күнін ойлап, онша бас қатыра қоймағанды. Өз елінде жүргеннің өзегі тала қоймас деп алаңсыз жүре беріпті. Таршылықтың тарысын қуырып жесем де аштан өлмеспін деді. Адам баласы ертеңгі күн жақсы ма, жаман ба, қандай сыбаға дайындап, алдынан шығатынын қайдан білсін.

Әуелі мына қызықты қараңыз. Амангелді бір жолы Дінмұхамед ағасының туған күніне арнап тортқа тапсырыс береді. Соны алып келгенде өзі болмай қалған. Торттың құны – 700 сом, ал ол кезде Қонаевтың зейнетақысы – 500 сом болатын. Бірақ амал жоқ, үйдегі барын жиып-теріп төлеген. Содан ой түйіп: «Қолында бар ақшаны санап, біліп отыру керек екен ғой, соны енді ұқтым» деді.

Ол бұрын керек десеңіз, қанша жалақы алатынын да білген емес. Конвертті ашпаған күйі үстелдің үстіне тастай салатын. Зайыбы кейде әзілдеп «неге сонша аз» деп сұраса, алақанын жайып, кінәлі пішінмен «демек, елге сіңірген еңбегім солай болғаны» дейтін.

Қонаев зейнетке шыққанда кассасында 35 мың сом ақшасы ғана болды. Соның өзін көл-көсір байлық көріп, басқаға қарағанда Шабдарбаевқа көбірек сенді ме, қалай. Атына сенімхат жазған. Онда былай делінген: «Мен, Дінмұхамед Ахметович Қонаев Амангелді Шабдарбаевқа басты сенімхат беремін. Ол менің атымнан кез келген келісім-шарт пен шартқа қол қоюға және мүліктерімді, қаражатымды пайдалануға құқылы».

Сенімхат қолына тиген Амангелді бүкіл жауапкершілікті мойнына алып, іске шұғыл кіріскен. Сол уақытта құны тым аспандап бара жатқан «Волга» автокөлігін және одан қалған ақшаны өзі тұрған пәтерді сатып алуға жұмсап, қаржының бәрін түгесіп, басына су құйған.

Бұдан кейін бүкіл саналы ғұмырын туған халқына арнаған ұлы тұлғаның соңында зейнетақысынан өзге тұшымды ештемесі қалмады. Жұтамаса да жадау тартып шыға келген. Бірақ ол Шабдарбаевтың қолқанат боп қасында жүргеннің өзін дәтке қуат көрді. Оған одан өзгенің керегі де жоқ еді.

Амангелді де кемеңгерді солай жақсы көретін. Бірде біздің елде жоқ сусындар мен тәтті, дәмді тағамдарды артынып, алыс жолдан оралғанда Дінмұхамед ағасы көңілді әңгіменің бір тұсында:

– Аман, тоғыз күн бойы көрінбей қайда кеттің? Тыныштық па, әйтеуір, – деп оқыс сұраған.

Амангелдінің жүрегі шым етіп, бір бұлқынып қалды. Ол оған өзінің керек екенін, үнемі сағынып, жолын сарғайып тосып күтіп отыратынын сол жолы жан-тәнімен терең сезініп, содан кейін үйіне жиі-жиі келіп тұратын болды.

1979 жылдың ызғары бетті шарпып шымшылаған қара суық күндері еді. Қауіп-қатер қайдан дерің бар ма. Ойға шомып қалғыған қалың орманды да кенет боран соғып шайқап, ұйқы-тұйқы етіп жіберетіні бар ғой кейде. Сол секілді Дінмұхамед Ахметовичтің үйін күзеткен сақшының буткасына үш бұзақы түн жамылып шабуыл жасап, өзін ұрып-соғып, қаруын тартып алып тайып тұрған. Күзет бастығы Қонаевқа келіп:

– Мына қатерлі оқиғадан соң сақшылар тобын көбейтіп, күзетті күшейтпесек болатын емес. Бұзақылар шектен асып барады. Сондықтан Сіз де жұмысқа жаяу барғанды қойсаңыз, – деп өтініп еді.

– Сақшылардың құрамын толықтырып, күзетті күшейткенің дұрыс. Олар қиын жағдай туындай қалғанда бір-бірін қорғасын. Бірақ мен үшін қам жеме. Алаңдайтын ештеңе жоқ. Жұмысқа жаяу барғаным – барған. Ел ішінде жау алады деймісің мені. Ақ-адал өмір сүрген адамда өзгенің жұмысы не? Қылмысым жоқ. Ендеше, неден қорқам? – деді Дінмұхамед Ахметович күзет бастығының әлгі сөзін шам көріп...

Бірақ, кім қалай десе де, бұл екеуін бір-бірінен мәңгі ажырамастай етіп біржола табыстырған кие – заманында найза кезеніп, сыртқы жаудан елін қорғап өткен Жауатар батырдың қаны еді. Оны өздері де кейін түйсінді.

Рафаэль НИЯЗБЕК
http://anatili.kazgazeta.kz/

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ДОСТИЖЕНИЯ

РОБОТЫ НИШ ПОКОРЯЮТ МИР

Гран-При завоевали ученики Назарбаев Интеллектуальной школы города Талдыкорган в Международном соревновании по робототехнике «KAZAKHSTAN International Robotics Competition», организаторами которого выступили управление образования города Алматы и частная школа имени Ш.Уалиханова.



Соревнование юных робототехников прошло в онлайн формате, в котором участвовали команды из России, Японии, Турции, Узбекистана, Таджикистана и Казахстана.

Талдыкорганская команда Назарбаев Интеллектуальной школы представили на суд жюри двух роботов: «Роботизированную систему сортировки мусора» в секции «Junior Category» презентовали ученицы 8 класса Аружан Мамырова, Амина Кайраткызы.

По словам авторов проекта по данным Всемирного банка ежегодно человечество производит чуть более 2 млрд тонн твердых бытовых отходов. На вопрос «Почему весь мусор не перерабатывается?» ребята нашли ответ. Основная причина малой переработки мусора - это сложность процесса начальной сортировка мусора.

Для решения данной проблемы разработчики предложили проект роботизированной конвейерной линии для сортировки мусора на основе физических свойств мусора, состоящей из нескольких роботизированных систем, каждая из которых будет отбирать только свой тип мусора.

Дильназ Жемисбек, Виктор Кохно и выпускник Интеллектуальной школы Даниил Филимоновподошли к решению проблемы очистки территории от мусора несколько иначе. Шестиногий робот был презентован в категории инженерных робототехнических систем «Senior Category». Уникальность данного проекта в том, что он способен самостоятельно передвигаться по обочинам дорог и собирать мусор. Также различать мусор по составу и делать первичную сортировку. Стоит отметить, что ориентирование робота происходит на основе нейронных сетей.

Роботы по сборке мусора сборной команды учеников Назарбаев Интеллектуальной школы города Талдыкорган в Международном конкурсе «KAZAKHSTAN International Robotics Competition» были удостоены наивысшей оценки и завоевали Гран-При.

К. ПФАЙФЕР

МНЕНИЕ ЭКСПЕРТА

СОЦИАЛЬНУЮ ДИСТАНЦИЮ ПРЕДЛОЖИЛИ УВЕЛИЧИТЬ УЧЕНЫЕ

Ведущие члены научной консультативной группы Sage призвали британское правительство увеличить социальную дистанцию до трех метров, передает на DailyMail.

Это предложение прозвучало на фоне яростной критики главы британского минздрава Мэтта Хэнкока в адрес людей, нарушающих правила социального дистанцирования. Британские министры возмущены тем, что некоторые люди используют упражнения на свежем воздухе просто как предлог для встречи с друзьями в парке.

Выступая на пресс-конференции, министр здравоохранения заявил, что он не исключает дальнейших действий в случае необходимости. Его поддержал главный врач Англии Крис Уитти, член группы Sage. По его словам, пришло время удвоить ограничения, включая контакт на открытом воздухе.

Премьер-министр Великобритании Борис Джонсон также предупредил о более жестких мерах в связи с COVID-19, если существующие ограничения будут игнорироваться. Увеличение социальногодистанцирования до трех метров рассматривается как один из способов остановить распространение мутации вируса, которая считается более заразной, чем оригинальная версия коронавируса.

Противники этого шага говорят, что он не окажет большого воздействия, но лишь вызовет еще большую путаницу и станет логистическим кошмаром. Сторонники же ужесточения правил утверждают, что выгода от спасения жизней и защиты национальной системы здравоохранения оправдывает все усилия.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

НОВОСТИ

В КИТАЕ СНОВА РАСПРОСТРАНЯЕТСЯ КОРОНАВИРУС

Из-за роста числа заражений коронавирусом в провинции Хэбэй, наблюдающегося на протяжении последних нескольких дней, Китай готовится к возможной новой волне пандемии.

В Китае зафиксирован самый значительный за последние месяцы рост числа заражений коронавирусом, сообщают власти страны в четверг, 7 января. В частности, в провинции Хэбэй, расположенной на востоке страны, недалеко от Пекина, всего за несколько дней количество пациентов, у которых была выявлена эта инфекция, выросло более чем на 200 человек.

По официальным данным, у 144 из 234 зараженных заболевание протекало бессимптомно. Сейчас власти КНР готовятся к дальнейшему росту числа пациентов с SARS-CoV-2. Сообщается, что автобусное, железнодорожное и воздушное сообщение со столицей провинции Хэбэй - городом Шицзячжуан - было прервано на неопределенное время.

Метрополия Шицзячжуан

Население мегаполиса, составляющее более 11 млн человек, оперативно тестируют на коронавирус. Доступ к некоторым районам города сейчас перекрыт, детские сады закрыты, занятия в начальных и средних школах временно отменены. Кроме того, Пекин мобилизовал и направил в провинцию дополнительный медицинский персонал.

Кроме Шицзячжуана, очагами распространения инфекции считаются города Синтай и Наньгун. Их жителей сейчас также активно тестируют на коронавирус.

Пекин усиливает карантинные меры

В столице Китая также принимают усиленные меры безопасности, чтобы избежать возможной новой волны заражений. На улицах Пекина проводятся проверки. Грузы, прибывающие из провинции Хэбэй, также подвергаются тщательному контролю. Тревога в связи с возможным возвращением пандемии усиливается на фоне приближающегося празднования нового года по китайскому календарю. В этот день, 12 февраля, китайцы, работающие в мегаполиях по всей стране, традиционно возвращаются в свои родные деревни, так что транспортные потоки становятся особенно массовыми.

В декабре 2020 года вирус SARS-CoV-2 был выявлен на рынке морепродуктов в китайском городе Ухань. С тех пор им заразились уже более 87 млн жителей планеты. Почти 1,9 млн человек по всему миру с начала пандемии скончались с подтвержденным диагнозом COVID-19. Китаю, где, по данным сайта Worlometers, за все время пандемии было подтверждено около 87 тысяч заражений коронавирусом, удалось с помощью строгих карантинных мер в относительно короткий срок ограничить распространение инфекции.

Соб.корр

• БРИФИНГ

ПОЧЕМУ НЕ СНИЖАЕТСЯ ОПЛАТА ЗА ОБУЧЕНИЕ?

В МОН на онлайн-брифинге в СЦК объяснили, почему казахстанские вузы не снижали стоимость обучения при переходе на дистанционный формат - в министерстве заявили, что вузы наоборот стали тратить больше денег из-за онлайн-обучения.

На брифинге вице-министр образования и науки РК Мирас Дауленов ответил, почему оплата за обучение не снижается, если уже год, как вузы и колледжи Казахстана работают дистанционно, передает

«При переходе вузов и колледжей на дистанционный формат обучения расходы на самом деле выросли - нужен был качественный цифровой контент, оплата содержания цифровых образовательных платформ, подготовка новых подходов к формату образования. Вузы закупали и расширяли свои серверные мощности, каналы связей, делали интернет более скоростным. Также преподаватели должны получать зарплату, - заявил вице-министр.

По его словам, несмотря на дистанционный формат обучения, инфраструктура, то есть здание колледжей в аренду не сдавалась. Ее необходимо было содержать.

Он добавил, что до начала учебного года глава МОН направил руководству вузов обращение с просьбой не поднимать цены на учебу. По словам Дауленова, казахстанские вузы не повысили стоимость обучения в этом учебном году.

К. ПФАЙФЕР

ОФИЦИАЛЬНО

ПРЕДЕЛЬНЫЕ ЦЕНЫ НА ЛЕКАРСТВА СНИЗИЛИ

Министр здравоохранения РК своим приказом от 31 декабря 2020 года внес изменения и дополнения в приказ "Об утверждении предельных цен на торговое наименование лекарственного средства для розничной и оптовой реализации", передает zakon.kz.

В частности, снижены цены на Адвантан, Азитромицин, Аксетин, Аспирин, Дексаметазон, Парацетамол, Ибупрофен, Гепарин, Нурофен для детей и целый ряд других препаратов.

Приказ вводится в действие по истечении 10 календарных дней после дня его первого официального опубликования (11 января).

«ALATAU-AQPARAT»

ОБРАЗОВАНИЕ

ГЛАВА МОН ОБЪЯСНИЛ НОВЫЕ ПОПРАВКИ В ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ

МИНИСТР ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ АСХАТ АЙМАГАМБЕТОВ РАССКАЗАЛ, КАКИЕ ИЗМЕНЕНИЯ ПРОИЗОШЛИ В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ ПОСЛЕ ПОДПИСАНИЯ ПРЕЗИДЕНТОМ НОВОГО ЗАКОНА .

Как пояснил министр, он опубликует серию постов о поправках. В первой публикации Асхат Аймагамбетов остановился на общих положениях. "Одной из важных норм принятого закона стало внедрение института государственного образовательного заказа на дополнительное образование детей. Я ранее уже писал об этом пост. Скажу лишь, что госзаказ теперь будет размещаться и в частных организациях в рамках ГЧП", - написал министр. По его словам, это даст возможность без больших затрат со стороны государства поэтапно решить вопрос занятости детей в секциях, кружках и других развивающих центрах.

Еще одна поправка касается аттестации для детсадов, школ и колледжей. По словам Аймагамбетова, эта тема уже давно обсуждалась. "Аттестация является инструментом внешнего мониторинга и оценки исполнения установленных стандартов организациями образования. Самое главное, чтобы аттестация не была репрессивным инструментом, просто констатирующим проблемы, а стала механизмом выявления проблемных зон и предоставления четких рекомендаций для их устранения. Именно в рамках такого подхода будет реализована эта процедура", - объяснил глава МОН. Министр пояснил, что раз в пять лет организации образования будут проходить аттестацию. Она включает в себя проведение срезов качества знаний, опросы родителей, учащихся, педагогов, оценку соответствия материально-технической базы, кадрового состава и других аспектов установленных требований.

Следующее изменение касается введения нормы по обязательному проведению экспертизы и апробации типовых учебных планов, типовых учебных программ до внедрения их в учебный процесс. Согласно изменениям, отныне учебные программы до внедрения в учебный процесс в обязательном порядке должны пройти экспертизу и апробацию, во время которой как раз будут выявляться возможные недостатки. По словам министра, эта норма является очень важной. Спешки в деле внедрения новых учебных программ быть не должно, подчеркнул он. "Да, это ограничивает министерство, но вместе с тем является механизмом внедрения только продуманных, научно обоснованных и апробированных программ", - считает Аймагамбетов. Для дальнейшего улучшения качества учебников, установления единообразия при разработке учебных материалов принята поправка, определяющая компетенцию министерства устанавливать требования к структуре и содержанию школьных учебников и учебно-методических комплексов, отметил глава МОН.

СОБ.КОРР

Бейсенбі - Четверг, 21 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Д/ф «Қазыналы Қазақстан»
06.25, 17.00, 20.00, 00.10Aqparat
07.00 «Tansholpan»
10.00, 18.00 Т/х «Біздің әпке»
12.00, 21.30 Т/х «Инелік»
13.00 «Теледәрігер»
14.00 «Қымбат жандар»
15.00, 23.20 Т/х «Қашқын»
16.00 «Біздің полиция»
16.30 Д/ф «Тәуелсіздік тарландары»
17.15 «Қызық екен»
20.35 «Ashyq Alan»
22.30 Т/х «Елшінің қызы»
00.45 «Ashyq Alan»
01.35 «Теледәрігер»

ХАБАР

06.00 Жұлдызды жекпе-жек
07.30 М/ф «Буба»
08.15 Т/х «Өз үйім»
09.15, 17.00 «Qalamaimyn»
10.15 Т/х «Жібек»
12.30, 21.45 Проект «За что я люблю Казахстан и казахстанцев»
13.10 Сериал «Фамильные ценности»
15.00 «Бүгін»
16.00 Т/х «Армандастар»
18.15 Т/х «Өгей жүрек»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Біздің назарда»
21.00 Итоги дня
22.15 Т/х «Алпыстан асып барамын»
00.00 «Әсем ауен»
01.00 «Менің тағдырым»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00 «Суюзмультфильм»
08.00, 14.10М/с «Маша и Медведь»
10.00,22.00Т/х «Кекеш келін»
11.20, 21.00 Т/х «Сүлеймен Сұлтан»
12.20, 23.10 Т/х «Ұлы әмірші Куаң Ге То»
13.50 VineTime
15.00, 04.10 Сериал «Райское место»
16.00, 05.30 «Келіндер»
16.30 Т/х «Ханзада Жумонг»
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00, 01.30 «Астана таймс»
00.30 «Қош келдіңіз»
02.00 Х/ф Барышня-крестьянка
02.20 «Біреудің есбінен»
03.05 «KazNet»
03.25Барышня-крестьянка
04.55 «Отбасы»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Последнее королевство»
07.15 «Qoslike»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово!»
12.00 «Qoslike»
15.20 Сериал «Доктор Преображенский»
18.00 «Басты жаңалықтар»
18.45 «Пендеміз ғой»
20.00 «Главные новости»
20.50 Сериал «Невский. Проверка на прочность»
00.30 «Скажи что-нибудь хорошее»
02.10 «П@утина»
02.55 Басты жаңалықтар
03.35 «Той заказ»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30Т/х «Қара теңіз»
08.45 Т/х «Қайран қарттар»
09.40 «Мерекелік концерт»
10.00 Новости
10.40 Т/с «Стажеры»
12.45 «Входя в дом, оглянись»
14.50 Т/с «Отражение радуги»
15.50 «Акварели»
18.00 Т/х «Бір кем дүние»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Входя в дом, оглянись»
01.30 Т/с «Отражение радуги»
02.15 «Астарлы ақиқат»
03.00 «Той BESTSTAR»
04.20 Т/х «Қайран қарттар»
05.00, 05.30 Кешкі жңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Саулықтың сыры»
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
20.15 «Тәуелсіздік хронологиясы»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Жетісу адалдық алаңы»
21.30 Итоговые новости
22.00 Телесериал «Бәрі де анам жайлы» (78-серия)
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын
06.45 «Информбюро»
07.45 Сериал «Паутина»
09.40 Сериал «Құпия махаббат»
11.00 Сериал «Ананди»
13.00 Сериал «Воронины»
15.10 «Экстрасенсы-детективы»
16.10 «What's Up?»
17.00 «Кел татулайсайық»
20.00 «Информбюро»
22.10 Сериал «Тайная любовь»
00.20 «Экстрасенсы-детективы»
01.05 «Кел татулайсайық»
03.35 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
04.30 Ризамын
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00, 02.00, 04.30 «Айна-online»
07.20 ,13.30 Т/х «Элиф»
09.00 «Смеяться разрешается»
10.20, 18.30 Сериал «Нюхач-3»
12.30, 20.30 Т/х «Ерке мұң»
15.30 Сериал «Война семей»
16.30 Сериал «Партия для чемпионки»
17.30, 23.20 Сериал «Случайнй кадр»
21.30, 03.50 Т/х «Зың-зың күлпәш»
22.20, 03.00 Т/х «Жалдамалы қалындық»
00.20 Х/ф «Агент под прикрытием»

Жұма - Пятница, 22 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Д/ф «Қазыналы Қазақстан»
06.25, 17.00, 20.00, 00.45 «Aqparat»
07.00 «Tansholpan»
10.00, 18.00 «Біздің әпке»
12.00, 21.30 Т/х «Инелік»
13.00 «Теледәрігер»
14.00 «Дәуір даналары»
15.00, 23.20 Т/х «Қашқын»
16.00 «Алтын бесік»
16.15 «Иман өзегі»
16.40 «Әлем айнасы»
17.15 «Тәлім Trend»
20.35 «Ashyq alan»
22.30 Т/х «Елшінің қызы»
00.10 «Parasat maidany»
01.20 «Ashyq alan»

ХАБАР

06.00 Жұлдызды жекпе-жек
07.30 М/с «Буба»
08.15 Т/х «Өз үйім-2»
09.15, 17.00 «Qalamaimyn»
10.15 Т/х «Жібек»
12.30, 21.45 Проект «За что я люблю Казахстан и казахстанцев»
13.10 Сериал «Фамильные ценности»
14.00 Сериал «Дети сестёр»
15.00 «Бүгін»
16.00 Т/х «Армандастар»
18.15 Т/х «Өгей жүрек»
20.00 Қорытынды жаналықтар
20.30 «Народный контроль»
21.00 Итоги дня
22.15 Т/х «Алпыстан асып барамын»
00.30 «Әсем әуен»
01.00 «Менің тағдырым»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»концерттік
06.30 «Күлдірген»
07.00 «Союзмультфильм»
08.00, 14.10 М\ф «Маша и Медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Кекеш келін»
11.20, 21.00 Т/х «Сүлеймен Сұлтан»
12.20, 23.10 Т/х «Ұлы әмірші Куаң Ге То»
13.50 Vine time
15.00, 04.10 Сериал «Райское место»
16.00, 05.30 «Келіндер»
16.30 Т/х «Ханзада Жумонг»
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00 «Астана таймс»
20.55 Loto 5/36
02.20 Д/ф «Біреудің есебінен»
03.05 «KazNet»
03.25 Барышня-крестьянка
04.455 «Отбасы»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Последнее Королевство»
07.15 «Qoslike»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово!»
12.00 «Qoslike»
15.20 Х/ф «Любовь по-японски»
17.00 «Жди меня» Казахстан
18.00 «Басты жаңалықтар»
18.45 «Заң сөйлесін»
20.00 «Главные новости»
20.50 «X-Factor»
21.00 «Поле чудес»
22.10 Сериал «Без колебаний»
01.30 «Мужское/Женское»
02.10 «П@ytina»
02.55 «Басты жаңалықтар»
03.35 «Той заказ»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Қара теңыз»
08.45 Т/х «Қайран қарттар»
09.40 «Мерекелік концерт»
10.00 Новости
10.40 «Стажёры»
12.45 «Входя в дом, оглянись»
14.50 «Отражение радуги»
15.50 «Страшная красавица»
18.00 Т/х «Бір кем дүние»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Дау-дамайсыз»
20.35 «КТКweb»
21.00 Вечерние новости
21.40 «10 стрел для одной»
00.15 «Отражение радуги»
02.05 «Дау-дамайсыз»
02.30 «КТКweb»
02.50 «Той BESTSTAR»
04.10 Т/х «Қайран қарттар»
04.50, 05.20 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Саулықтың сыры»
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир/
20.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
20.15 «Дорожная карта занятости»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Желі KZ»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын
06.45 Информбюро
07.45 Сериал «Паутина»
09.40 Сериал «Құпия махаббат»
11.00 Сериал «Ананди»
13.00 М/ф «Аладдин»
13.30 Х/ф «Белоснежка»
15.10 «Экстрасенсы-детективы»
16.10 «What's Up?»
09.00, 00.40 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
11.00 Музықалық сағат
14.15 «What's Up»
17.00 «Кел татуласайық»
20.00 «Информбюро»
21.00 Сериал «Тайная любовь»
22.20 Х/ф «Метро»
01.00 Х/ф «Мужчина по вызову»
02.30 «Кел татуласайық»
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00, 04.50 Т/х «Айна-online»
07.10 ,13.30 Т/х «Элиф»
09.00 «Смеяться разрешается»
10.20 Х/ф «Нюхач-3»
12.30, 20.30 Т/х «Ерке мұң»
15.30 Сериал «Война семей»
16.30 «Дизель-шоу»
18.00 Шоу «Один в один 5»
21.30, 04.20 «Япырай»
22.20, 03.20 Т/х «Жалдамалы қалындық»
23.20 Х/ф «Эбигейл»
01.30 Х/ф «Рокки-3»

Сенбі - Суббота, 23 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Д/ф «Қазыналы Қазақстан»
06.30 «Ғасырлар үні»
07.10Aqparat
07.45 М/ф «Элвин мен алақоржындар»
08.20 «Ауылдастар»
08.50 К/ф «Биші қыз»
10.00, 18.00 Т/х «Біздің әпке»
12.00 «Nur tiley»
12.35 «Әнім сен едің»
14.00 «Azil alemi»
15.45 Мультфильм
17.15 «Тәуелсіздік тәуекелдері»
20.00 «Masele»
20.40 «Еріз-лебіз» талант-шоу
22.30 Т/х «Елшінің қызы»
23.20 К/ф «Кинг-Конг»

ХАБАР

06.00 «Олжалы отбасы»
06.30 Концерт «Құс қанат ғұмыр»
08.30 «Қызық болған»
10.00 «Tangy fresh»
11.00 «Q-brend»
11.15 «Қым мықты-2»
12.00 М/ф «Рога и копыта»
13.30 «Громобо»
15.00 «Хит жазамыз»
16.15 Т/х «Армандастар»
19.00 «Дала battle»
20.00 «Отдел журналистких расследований»
21.00 Ақпарат арнасы «7 күн»
22.00 «Особое мнение»
00.30Т/х «Алпыстан асып барамын»

АСТАНА

06.00, 05.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00, 04.10 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и Медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Кекеш келін»
11.20, 21.00 Т/х «Сүлеймен Сұлтан»
12.20, 23.10 Т/х «Ұлы әмірші Куаң Ге То»
13.50 Х/ф «Кавказская пленница, или новые приключения Шурика»
15.50 «Алдараспан»
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00 «Үздік әзілдер»
20.55 «Loto 6/49»
00.20 Х/ф «Близнецы-драконы»
02.20 «Bas times»
03.20 «Той жыры»
03.50 «KazNet»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Ән Дария»
06.45 Т/х «Последнее королевство»
07.50 «Тамада Battle»
08.50 Сериал «Без калебаний»
12.30 «Фабрика грез»
12.50 Сериал «Солнечное затмение»
16.25 «Лучше всех!»
18.00 «Сенбілік жаналықтар»
18.35 «Ең алғашқы...»
20.00 «X Factor»
21.45 Х/ф «Солнечный круг»
01.35 «П@ytina+»
02.20 «Сенбілік жаңалықтар»
02.45 «Ән Дария»
03.30 «Тамада Battle»

КТК

07.05 «КТК» қоржынынан»
08.00 Т/х «Бақытқа есік ашайық»
08.25 «Қыз қылығы»
08.50 «Басты рөлде»
09.20 «КТКweb»
09.45 «Смеяться разрешается»
12.10 «10 стрел для одной»
16.00 «Аталар сөзі»
18.00 «Мерекелік концерт»
18.30 Кенжебай Омаровтың шығармашылық кеші
21.00 «Большие новости»
22.00 «Елена Прекрасная»
01.30 К/ф «Турист»
03.00 «Аталар сөзі»
03.25 Т/х «Бақытқа есік ашайық»
03.50 «Қыз қылығы»
04.05 «Басты рөлде»
04.30, 05.15 «КТК» қоржынынан»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Спорт тайм»
11.00 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
11.45 «Әсем әуен»
12.00 «Әкелердің әңгімесі»
12.40 «Желі KZ»
13.00 «Арнайы репортаж»
13.30 «Ауылдағы ағайын»
14.00 «Олжа»
14.30 «Ұлт ұлағаты»
15.00 «Столик сам накройся» ертегісі
16.00 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
16.30 «Жұмыспен қамту жол картасы»
16.45 «Саулықтың сыры»
17.00 «Зерде»
17.40 «Полиция қызметі»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.30 «Қателік»
19.15 «Әсем әуен»
19.30 «Жүрек сөзі»
20.05 «Қазақстанда жасалған»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Тарих парақтары»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Айлакер» үнді фильмі

31 КАНАЛ

06.00, 05.00 Ризамын
07.00 Информбюро
08.00 Мистическое шоу «Битва экстрасенсов»
10.30 «Маххабат жалыны»
12.00 Сериал «Ананди»
17.15 М/с «Аладдин»
17.40 Х/ф «Белоснежка»
19.00 Х/ф «Метро»
21.40 Х/ф «Притяжение»
00.05 Крнцерт «Өнер қырандары. Ұлы дала қырандары»
03.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері

7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
07.00, 03.00 «Айна-online»
09.00 Х/ф «Чародейка»
10.50, 01.30 «Юморина»
12.40 Х/ф «Эбигейл»
14.50, 04.30 Т/х «Ұлы дала жанұясы»
16.30 Скетчком «Q-eli»
17.00 «Япырай»
17.30 Т/х «Зың-зың күлпәш»
20.45 Шоу «Один в Один»
23.30 Х/ф «Агент под прикрытием»

Жексенбі - Воскресенье, 24 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Д/ф «Қазыналы Қазақстан»
06.30 «Tolagai»
07.30 «Атамекен»
08.00, 01.50 «Ауылдастар»
08.30 Мультфильм
10.00, 18.00 Т/х «Біздің әпке»
12.00 «Жарқын жүздесу»
13.00 Концерт «Достығымыз жарасқан»
14.00 К\ф «Кинг-Конг»
17.10 «Қымбат жандар»
20.00 «АРТА»
20.50 «Жүзден жүйрік» Интеллектуалдык шоу
22.30 Т/х «Елшінің қызы»
23.20 «Еріз лебіз»
01.00 «АРТА»

ХАБАР

06.00 «Олжалы отбасы»
06.30 Концерт «Аралым – айдын шалқаралым»
08.30 «Қызық болған»
10.00 «Tangy fresh»
11.00 «Q-brend»
11.15 «Про спорт»
12.00 «Особое мнение»
14.45 «Дала battle»
15.45 Т/х «Өз үйім»
18.30 «Мәжіліс.kz»
19.00 «Ән әлемі»
19.45 «Хит жазамыз»
21.00 Ақпарат арнасы «7 күн»
22.00 «Большая неделя»
23.30 Т/х «Алпыстан асып барамын»

АСТАНА

06.00 «Қаламгер»
06.30 «Үздік әзілдер»
07.30 Х/ф «Кавказская пленница, или новые приключения Шурика»
09.00 М/ф «Маша и Медведь»
10.00 «TeleBingo»
10.25, 22.00 Т/х «Кекеш келін»
11.55, 21.00 Т/х «Сүлеймен Сұлтан»
13.25, 23.10 Т/х «Ұлы әмірші Куаң Ге То»
15.00 Х/ф «Близнецы-драконы»
13.40 Х/ф «В поисках приключений»
17.10 «Алдараспан»
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00 Үздік әндер
00.30 «Azil keshi»
01.50 «Астана кеші көөнілді»
03.50 «KazNet»
04.10 «Әзілстан»
04.30 «Ән мен әзіл»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Ән дария»
06.45 Т/х «Последнее Королевство»
07.50 «Тамада Battle»
08.50«Воскресные беседы»
09.00 Сериал «Лабиринты судьбы»
12.45 «Пять невест»
14.50 «Угадай мелодию»
15.45«X Factor»
18.00 « Basty bagdarlama»
18.35 «Әкемізге қалыңдық»
20.00 «Аналитика»
21.00 Сериал «Солнечный круг»
00.40 Концерт Максима Галкина. 1 часть
01.50 «П@ytina+»
02.35 « Basty bagdarlama»
03.00 «Ән Дария»
03.45 «Тамада Battle»

КТК

07.05 «Өнерлі отбасы»
08.00 Кенжебай Омаровтың шығармашылық кеші
10.00 «Смеяться разрешается»
12.10 «Елена Прекрасная»
16.00 «Аталар сөзі»
17.00 «Поезд судьбы»
21.00 «Портрет недели»
22.00 Х/ф «Механик»
23.50 «Иная реальность»
00.40 «Минестерство правды»
01.25 «Было дело»
02.10 К/ф «Біз махаббат жолындамыз»
03.30 «Өнерлі отбасы»
04.20, 05.15 «Көріпкел-2»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Әдебиет пен адамзат»
11.00 «Зерде»
11.45 «Әсем әуен»
12.00 «Жүрек сөзі»
12.35 «Экорейд»
13.00 «Қателік»
13.40 «Тарих парақтары»
14.05 «Жетісу адалдық алаңы»
14.30 «Тілсақшы»
15.00 «Йоринда и Йорингель» ертегісі
16.00 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
16.30 «Дорожная карта занятости»
16.45 «Саулықтың сыры»
17.00 «Қазақ үні»
17.40 «Полицейская служба»
18.00 «Спорт-тайм»
18.30 «Олжа»
19.05 «Ұлт құндылығы»
19.30 «Әкелердің әңгімесі»
20.15 «Тәуелсіздік хронологиясы»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 К/ф «Матери невесты»

31 КАНАЛ

06.00, 02.00 «Әзіл студио»
07.00, 01.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
07.30, 10.00 Концерт «Өнер қырындары. Ұлы дала қырандары»
09.30 «Готовим с Адель»
12.00 Сриал «Ананди»
17.15 «What's Up?»
17.40 Х/ф «Притяжение»
20.20 Х/ф «Другой Мир: Восстание Ликанов»
22.20 Х/ф «Сделка с Дьяволом»
23.55 «Махаббат жалыны»
04.30 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
07.00, 03.00 «Айна-online»
09.00, 01.40 «Юмор!Юмор!Юмор!»
11.00 Сериал «Доктор Котов»
15.00, 04.00 «Сен жалғыз емессің»
17.30 «Бастық боламын»
21.00 Х/ф «Робокоп»
23.20 Х/ф «3 дня на убийство»
01.20 Х/ф «Рокки-2»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МАМАН МІНБЕРІ

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ТИІМДІЛІГІ

Тәуелсіздігімізді алған кезден бастап заң үстемдігін қамтамасыз ету бағытында көптеген игі жұмыс атқарылды. Қазіргі заман талабына сай сот жүйесінде болып жатқан елеулі өзгерістер ауыз толтырып айтуға тұрарлық.

Сот жүйесінде заманауи технологияны енгізу, қолдану – азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін жеңілдетудің және ашық етудің жолдары. Қазіргі таңда заманауи ақпараттық технологиялардың қолданысқа енгізілуі сот жұмысын едәуір жақсартады. Елбасының Ұлт жоспары – 100 нақты қадамында көрсетілген барлық сот процесіне бейне және таспаға жазу шараларын міндетті түрде енгізу жұмыстарын, сот жүйесіне енген жаңашылдықтардың тағы біріне жатқызуға болады. Сот процестерін бейне және таспаға жазудың тиімділігі мен маңыздылығы сот төрелігін іске асыру барысында ешқандай бұрмалаушылықсыз, бейтараптылықпен жүргізілуін қамтамасыз етеді. Бұл сот ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етіп, халықтың сот төрегіліне деген сенімін нығайта түсері анық. Аталған жаңашылдық қағазбастылықтың қысқаруына септігін тигізіп, бюджет қаражатын айтарлықтай үнемдеуге мүмкіндік тудырды.

Тәуелсіз мемлекетіміздегі биліктің бір тармағы сот төрелігі де озық технологиялардан шет қалмай, заман ағымына сай, іс жүргізудің жаңа жүйесін тез игерді. Сот жүйесіне заманауи технологиялардың енгізілуі мен қолданылуы сот өндірісін жеңілдетіп, төрешілдікті жоюға, сот жүйесі қызметкерлердің арасында сыбайлас жемқорлықтың орын алу ықтималдығын төмендетуге септігін тигізді. Сонымен қатар, бұл бастама еліміздің тұрғындары үшін сот жүйесінің ашық әрі қолжетімді болуына барынша жағдай жасады. Сот жүйесін оңтайландыру әлемдік өркениетке қадам басу жолындағы қажеттіліктен туындады. Ең бастысы - соттағы істердің қаралу жағынан уақытты үнемдейді, содан кейін сот сатыларының ықшамдалуы судьялардың жұмысын едәуір жеңілдетеді, әрі обьективтілігін арттырады. Бұл әлемнің дамыған елдерінде көптен бері қолданыста келе жатқан озық заманауи сот жүйесі. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты 2006 жылдан бастап республикадағы барлық облыстық, аудандық, қалалық соттардың кеңселеріне «Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесі» бағдарламасын орнатып, оны игеруге облыстардағы сот мамандарына көмек берді.

Сот әділдігінің ашықтығын жүзеге асыру және сот жұмысын ұйымдастыруды жетілдіру мақсатында облысымыздың барлық соттарында «Сот кабинеті» және сот құжаттарымен танысу электронды сервистері іске қосылған. Аталған қызметтерді электронды сандық қолтаңбасы бар азаматтар ала алады. «Сот кабинеті» электрондық ақпараттық сервисі арқылы сотқа электронды құжаттар беру тәртібін, сонымен қатар, Қазақстан Республикасы сот органдарынның ақпараттық жүйесіне оларды қабылдау, тіркеу және өңдеу тәртібін реттейді.

Айгүл ҚАСЕНОВА,
Алматы облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы.

Сот азаматтық істі талқылауды, іске қатысатын тараптарды және іс бойынша басқа тұлғаларды міндетті түрде хабарландыра отырып, сот отырысын жүргізеді.

СОТТЫ ҚҰРМЕТТЕМЕГЕНДЕРГЕ ЖАУАПТЫЛЫҚ КӨЗДЕЛГЕН

Сот талқылауын бастамас бұрын төрағалық етуші судья процеске шақырылған қатысушылардың келуін тексереді. Төрағалық етушінің міндетін істі қарайтын судья атқарады. Азаматтық істегі тараптар және іске қатысушы басқа да тұлғалар егер тек сот тарапынан олардың келмеу себептері дәлелді деп танылмаса, сот талқылауына қатысуға міндетті.

Ең алдымен сот талқылауында сот отырысының хатшысы осы іс бойынша шақырылған тұлғалардан кімнің келгенін, келмеген тұлғаларға хабар берілгенін, не берілмегенін және олардың келмеу себептері туралы мәліметтерді судьяға баяндайды. Іске қатысатын тұлғалар сот отырысына келмеу себептері туралы сотқа алдын ала хабарлауға және осы себептердің дәлелді екендігіне дәлелдемелерді ұсынуға міндетті. Мысалы, сотқа келмеуінің дәлелді себептеріне іске шақырылған адамның науқастанып, ауырып қалуы жатады. Бірақ, ол қандай да бір нақты құжатпен расталуы және дәлелденуі тиіс. Сонымен қатар, егер іске қатысатын тұлғалар сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылса, олардың келмеу себептері тек дәлелді деп танылған жағдайда ғана сот істі талқылауды кейінге қалдырады. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған іске қатысатын тұлғалардың қайсыбірі келмеген жағдайда, егер олардың келмеу себептері дәлелсіз деп танылса, сот істі қарауға құқылы. Тараптардың тиісінше хабарландырылуы дегеніміз – егер хабарлаудың түспегені, не кешірек түскені дәлелденбесе, көрсетілген мекенжайда тұратын тараптың кәмелетке толған отбасы мүшелерінің бірі, басқа адам алған, оның тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілген хабарлама, телефонограмма немесе жедел хат, сондай -ақ ұялы байланыстың ұялы абоненттік номері, электрондық мекенжай бойынша немесе хабарлаудың, шақырудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдырын пайдалану арқылы мәтіндік хабардың жеткізілгендігін растайтын есеп.

Сот отырысының орны мен уақыты туралы тиісінше хабарландырылған тараптар және іске қатысушы басқа тұлғалардың сот отырысына дәлелді себептерсіз келмеуі Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген талаптар бойынша сотқа құрметтемеушілік деп танылып, ол әкімшілік жазаға тартылады.

Бақыт ТҰРАНОВА,
Талдықорған қалалық сотының

ЖЫР АЛЫБЫ ЖАМБЫЛДЫҢ ТУҒАНЫНА – 175 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ

ЕРЛІК пен ЕЛДІКТІ өсиет еткен

ЖАМБЫЛ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ҚУАТЫ, ҚҰДІРЕТІ – ОНЫҢ ӨРНЕКТІ ТЕҢЕУ, ОЙЛЫ ТЕРЕҢДІГІНДЕ ЖАТЫР. ЖЫР ЖАУЫҢАРЫНАН ҰЛЫ МҰХИТТЫ САПЫРҒАН ҰЛЫ ЖЫРАУ ЖЫРЛАРЫН ОҚЫҒАН САЙЫН ЖАҢА КЕНДЕРГЕ, АСЫЛ ҚАЗЫНАҒА ЖОЛЫҒАСЫҢ.

Сөзден інжу-маржан тізген Жәкеңнің сом-сом жарқыраған саф алтындай қайталанбас ұлы зергерлігіне таңқаласың.

Алдымен ақындық жайлы, сөз өнері туралы не айтады, қалай айтады? Байқап, ой түйіп қараңызшы.

«Аузыңды сөзбен кілттеймін» - дейді Жәкең айтысқа түскен ақынға. Мұндай тапқыр, ұтқырлыққа қайран қаласың. Кілттеген ауыз қайта ашылмайтыны ежелден ақиқат. Ол кезеңнің айтыскерлері бір ауыз сөзге жығылған, сөз қадірін жоғары бағалаған. Қалың жұрт мұндай кезде ду қошеметтеп, ақынды дүрілдеп қоштап, көтеріп әкеткен.

«Шын қызсам сөзім – жалын, домбырам – найза» - дейді аузымен құс тістеп, бұлттармен тілдескен әулие ақын арғы-бергіні толғай келіп, осылай сілтейді. Өлең – жалынға өртеніп, домбыра найза ұшына түйреліп қаласың дейді. Бір ауыз орамды сөзімен арқыраған қара дауыл тұрғызып, айтыстағы қарсыласын сең соққан балықтай есеңгіретіп тастайды, есін жиғызбайды.

Елім – бейбіт, жерім – құт,
Тілім – шырын, жырым – жент, – деп төгіледі қарт жырау. Елінің бейбіт болуын, жерінің берекелі құт болуы – нағыз бақ пен бақыт қой. Ал, бүгіндері шырылдап жүрген ана тілімізді ең тәтті, ең ләззатты шекер шырынға, жырын жентке теңеуі де қайталанбас құбылыс. Ана тілі – ең тәтті, ең қымбат тіл.

Ұзаққа Жамбыл сілтеді
Өлеңнен ап көкпарды – деп толғайды. Жыр додасында ол ешқашан да «өлеңнен алған көкпарын» ешкімге бермеді. XIX ғасырдың соңынан бастап XX ғасырда да ғұмыр бойы қазақ-қырғыздың бас ақыны атанды. Дәлел керек пе:

Көргенім жоқ өмірде,
Жел сөздің мен тапшысын.
Өлеңім асау теңіздей,
Өрге қарай шапшысын,
Толқындай сөзді сапырып.
Арыстандай ақырып,
Шығайын енді айтысқа.
Нажағайдай сөзімді,
Жарқылдатсам алдыңда.
Есің шығып адасып,
Біле алмассың әкеңнің,
Өлгендігін қай тұста.

Буырқанып, бусанып, асау тұлпардай арындаған ақын:

«Өлеңім алды теңіздей,
Өрге қарай шапшысын» – деп өлеңінен асау теңіз, сұрапыл дауыл туғызады.

Аузын ашса жыр гауһары төгілген ол ғұмыры өзі кір шалдырмай, тәңіріндей табынып өткен ақындық өнер жайлы жырдан ғажап ескерткіш тұрғызып кетті.

Жамбыл жырау толғанса,
Домбырасын қолға алса,
Пар келтірмес ешкімді.
Сүйінбай ақын ұстазым,
Сөз қанжарын суырып,
Дұшпанға осылай күш қылды.
Жамбыл, Жамбыл болғалы,
Жамбыл атқа қонғалы,
Жеңіліп намыс берген жоқ.
Еңбегім сіңіп еліме,
Ел ішінде еріме,
Сол үшін бағым сөнген жоқ.

Жәкең өзінің ұстазы Сүйінбай ақынды ғұмыр пір тұтып, аса қатты қадірледі. Ұлы ұстазының ақындық атқа қонғалы намысын ешкімге бермей, пар келтірмей, жырдың жарқыраған алдаспаны болғанын айтады.

Жамбыл түркі әлеміндегі, сондай-ақ шығыстың эпос, қисса, дастандарының бәрін дерлік жақсы білген, жасынан ел-жұрт алдында таңды-таңға ұрып, мәнерлеп, нақышына келтіріп жырлап беріп отырған. Сол ғажап қисса-дастандардың кейбіреулерін кейде мазмұнын ғана қалдырып, өзінше түрлендіріп, жаңаша жырлап шыққан.

Туған жерін, Отанын әспеттеп, әсерлеп, ерекше ыстық ықыласпен мәнерлеп жырлаған Жәкең былай дейді:

Бұлақты таудан арна ақса,
Теңіз болар аяғы.
Көк жұлдызын қолға ұстап,
Түймесі етіп қадады.
Осыларды мадақтап,
Жамбыл жыры сондықтан,
Көктен күнді шалады,
Күркіреп жерді жарады!
Одағым бақыт ордасы,
Күнге тіккен туым бар.
Одағым маған тіл берді,
Шешен тілге жыр берді,
Бірлескен күнге арнаған,
Міне, осындай жырым бар!

Ұлы ақынның елжандылығы мен отансүйгіштігі ұлан-ғайыр. Оның ғажап сүйіспеншілігі, шексіз ықыласы – ел-жұртына үлгі-өнеге.

Әсіресе, жау жағадан алған Ұлы Отан соғысы кезіндегі қысылтаяң күндердегі жүзге жақындаған қарт жырау даусы қыран құстай саңқылдап, бүкіл елдің намысын жаныды.

Автоматын кезеніп, сарбаз
шықса жауына,
Домбырасын безеніп, Жамбыл
шығар жауына –

демекші дүр сілкініп, ел қайғысын омыртқасы опырылып, қабырғасы қайысып, қайғыра отырып, намыстарын қайрап, жанып жеңіске үндеді.

Ел намысы дегенде,
Ерлер қашан оянды –

деп ержүректілікке, жауды жеңіп қайтыңдар деп аталық аманатын жырмен арнады.

Түнжыраған күн туды,
Жау қолқаға ұмтылды,
Топыраққа теңемек
Ата мекен жұртыңды,
Аянатын не қалды?
Аяулыңды жау алды!
Ерлер қашан аянды!
Құтты қоныс көкорай –
Еліміздің бағындай;
Ата-баба мұрасы –
Көздің қара-ағындай!
Соларды жау шапқанда
Лауламас кім жалындай?!

Жалғасы 13-бетте.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖЫР АЛЫБЫ ЖАМБЫЛДЫҢ ТУҒАНЫНА – 175 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ

ЕРЛІК пен ЕЛДІКТІ өсиет еткен

Жалғасы. Басы 12 бетте.

Құтты қоныс – ата қоныс, қасиетті бабалар мекені үшін қасық қаны қалғанша жауға берілме, менің асыл қыран - ұландарым деп Алатаудан саңқылдап жар салды, құрыш жігер берді.

Қаһарланса халық шар болаттай бірлігі бекемдене түседі, алдаспандай жарқылдайды, көк оттай лаулайды. Баба сөзі – сарбаз ұлдарына дем береді, алға ұмтылдырады.

Соғыс кезіндегі жауынгерлерді, олардың құрыштай берік намысын қалай дәл суреттейді десеңші:

Адал туған ұлдарым!
Сендерде көз-құлағым.
Елестейді көзіме,
Қатты соғыс кезінде,
Қабағыңнан қар жауып,
Қала бағып тұрғаның.

Соғыс өтіндегі жауынгерлерге атақты батырлардай, аңыздағы қаһармандардай болып, жаудан қайтпас, туған еліне тек жеңіспен орал деп ақ батасын береді, намысқа оранған от-жырын жолдайды.

Ұлы Отан соғысының қаһарлы кезеңіндегі Жамбыл өлеңдерін қанқасапта жүрген солдаттар да, ауылда қалған еңбеккерлер де ата батасы, абыз ақсақал өсиеті деп бойларына қуат, ойларына шуақ етті. Алатаудан ұрандаған Жамбыл дауысы Сталинград, Ленинград, Мәскеу және басқа да қалалары мен елді мекендердегі бүкіл майдан өтіндегі жүрген жауынгерлерді тасболаттай ширықтырды. Шинельдеріннің етектері – төсек, жеңдері-жастық болып жүрсеңдер де қиындықтан қайыспаңдар деді ұлы баба.

Ризамын ерлерім,
Жауға намыс бермедің.
Батырларым ала көр,
Жауға кетсе ел кегін.
Басқан зілден серпілсін!
Қасиетті жерлерің!.. деп ерлікті, елдікті өсиет етті. Жәкең жеңісті көріп кетті. Оның екі ұлы – Алғадай мен Ізтілеу қан майданнан оралмады, қарт жырау осы қасіретті қайыспай көтерді. Даңқы әлемді шарлаған ұлы ақын өз балаларын соғысқа жібермей алып қалуға құдіреті жететін еді. Бірақ «Қарасай, Сұраншы, Саурықтай батыр болыңдар, жауды жеңбей қайтпаңдар» деп өз қолымен аттандырды. Халықтың қайғы-қасіретімен бірге болды, елге, ерлерге қайтпас қайсар жігер берді.

Ел бірлігін сақтау қиын-қыстау кезеңде елжандылық, рух таныту – халықты серпілту Жамбылдай ұлы ақынның азаматтық ерекше болмысы, ақындығының биік шыңы.

Тәуелсіз елімізде асқақ патриотизм, ел мен жерге деген сүйіспеншілік, асыл құндылықтармызды бағалау бүгінгі күннің де басты мәселесі.

Жамбыл атамыз әлі де ақ күміс сақалы желбіреп, бізге ақ батасын беріп тұр емес пе:

Күллі халық көмегің,
Бақыт күні басында.
Менде жырмен қосылдым,
Жүзге ұласқан жасымда.

Жүз жыл жасап, екі ғасырдың бірдей куәсі болған ақын өз тағдырын туған халқымен тұтастырып, оның бар өмірін, биік мұратын, мұң-мүддесін жырына арқау етті. Дәстүрлі қазақ жырын жаңа заманның талап-тілектеріне ойластыра, жаңарта, жасарта білді. Отанға, халыққа деген сүйіспеншілік, бір сөзбен айтқанда, ынтымақ, бірлік – Жамбыл шығармаларының негізгі арқауы.

Ұрпағым іздеп келген бақытты жас,
Кімде-кім бірлік бұзса халыққа қас.
Бірліктің берік туы тек ынтымақ,
Өсиетім: сол үшін құшағыңды аш!
Өсиетім: шындықты, адалды сүй,
Ардақтаған халықты, адамды сүй!
Елдің тіккен іргесін игілікке,
Тап бүгінгі бақытты заманды сүй.
Отанды сүй, Отан сүйген көсемді сүй,
Соған айт әдемі жыр, сүйкімді күй! – деп жырлайды.

Жамбыл ақындық өнеріне адалдығын сақтап, ғұмыр бойы жырлаған қайырым-мейірім, туған жерге деген перзенттік махаббат, еңбек, бақытқа құштарлық секілді кемел мұраттарды жырға қосумен болды.

Оның поэзиясы тұнып тұрған ғибрат сөздерден тұрады, тәлімі мол ұшқыр ойға жетелейді. Ол замана туралы толғап, дәуірге сипаттама береді, өтіп жатқан уақиға - құбылыстарға өз бағасын айтады. Жамбыл поэзиясында жырауға тән нақылдық, афоризмдік сипат, ойшылдықтың абыздық нұсқалары, сөз өнерінің ерекше құдіреті табылады, нақыл сөз бен ақыл сөз өзара жарыса, қатарласа қолданылады:

Жер байлығы болмаса,
Жерден алтын шығар ма?
Ел қамын ойлар болмаса,
Ерден ақыл шығар ма?
Теңіз терең болмаса,
Түбінен інжу терер ме?
Көгінен күн тумаса,
Жарықты жұрт көрер ме?
Туып, өну болмаса,
Адам өрбіп, өсер ме?

Мұндай жыраулық үлгіде айтылған нақыл сөздер Жамбыл поэзиясында айтарлықтай көп. Олар ақынның әр түрлі шығармаларында құмдағы шашырап жатқан алтындай жарқырап көрінеді. Көре, тере білген кісіге зор қазына, тағылымы мол рухани байлық. Өзінің құрылымы мен ойлылығы жағынан бұл шумақтар Асан қайғының, Бұхар жыраудың толғауларына ұқсас. Мұнда ғасырлар бойы жинақталған өмірлік тәжірибені қорытып, соның негізінде айтылған ойлар ескірмейтін қанатты сөзге, мақал-мәтелге айналып кеткен.

Жамбылдың ғибрат сөздері – үлгі өнеге, тәлім-тәрбие мағынасында қолданылады. Ол атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа тарайтын ұлағатты сөз, пәлсапалық толғам, қанатты тіркестер. Жамбылдың:

«Сөзімнің ғибрат ал сарасынан» – деуі сөз мәдениетінің тәлімдік-тәрбиелілік пәрменін аңғартады.

Асқар тау ғаріп емес пе?
Айдын көлі болмаса.
Ер жігіт ғаріп емес пе –
Белгілі елі болмаса.
Заман ғаріп емес пе –
Әділеттен аттаса.
Халық ғаріп емес пе –
Айтқаны іске аспаса.
Жігіт ғаріп емес пе –
Еңбегі алға баспаса –
деп толғанады

Сөзді халық тудырса, оның жақсы үлгілерін кейінгі ұрпаққа құйма құлақ қарттар, тілінен балы тамған шешендер, ойы терең, ақылы дария, қара қылды қақ жарған билер, арқалы ақындар, көргенді көсемдер, атақты әншілер мен ақын-жыраулар жеткізген. Олар халқымыздың көне тарихын, көне мәдениетін ғасырлар бойы сөзбен жазған. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген асыл қағиданы арындай сақтаған. Сөз құдіретін жете түсінген ел еркесі – ақындарды әрқашан да ардақтаған. Олардың асыл сөздерін кейінгі ұрпағына таратып отырған.

Біз афоризмге айналған өлеңдерді Жамбылдың жырларынан көптеп табамыз, қай өлеңін алсақ та мақал-мәтелдей егіз жолдар, тұтас шумақтар жентек-жентегімен кездеседі.

Атаңнан бата ал, балам,
Арғымақ атқа мін, балам,
Абыройға ие бол,
Ағат баспа бір қадам.
Атақ берген атаңа,
Ел қадірін біл, балам!
Ел ерлігі, бірлігі.
Сынға түскен бұл заман!

Жамбыл афоризмдері ұран сөздеріндей естіледі, гимн сөздеріндей қабылданады, халықтың мақал-мәтелдерімен тамырлас келеді.

Мына бір өлеңі де жігерімізді жанып, қайрат береді емес пе:

Ақын деген бір бұлақ-
Көмілер көзін ашпаса.
Көзін ашар көпшілік
Сүйсіне тыңдай қоштаса,
Ер қадірін ер бақкан-
Ерлер білер деген сөз.
Зер қадірін зер соққан-
Зергер білер деген сөз.
Өмір барда ескірмес
Бағасы құнды асыл сөз.

Жамбылды «халық поэзиясының алыбы, XX ғасырдың Гомері» деп атады. Бұл – оның ақындық еңбегіне берілген зор баға. Шетелдің алдыңғы қатарлы прогресшіл қайраткерлері мен көрнекті әлем жазушылары Жамбылдың көзі тірісінде де, одан кейін де ақын еңбегін зор құрметпен атады. Шын жүректен шыққан ұлылардың пікір–ойларын зерделеп көрейікші:

«Жамбыл ақыл-ойдың алғыры, өзгеге ұқсамайтын дара, оқшау, бет-бейнелі, аса зор алып тұлға. Оның бір өзі әрі эпик ақын, әрі айтыс ақыны, әрі азаматтық әуеннің де ақыны» - деген Мұхтар Әуезов сөзі Жамбыл тұлғасын бар ұлылығымен, өлмес өміршеңдігімен көрсетіп тұрғандай.

Жамбыл жырларының халықтар жүрегінен өшпес, өлмес орын алуы-оның ұлылығының белгісі. Сондықтан да армян ақыны А.Геворк:

«Сенің жырың –миллионның
өз жыры,
Сенің тілің –миллионның өз тілі,
Сенің жырың жатталады
Бүкіл совет елінде.
Мәңгі-мәңгі сақталады
Бақытты Отан төрінде», –
деп жазды.

«Жамбыл жүз жасаған адам, соның 85 жылы ақындықпен өтті. Ол әлеуметтік және жеке өміріндегі сөзінің көбін өлеңмен сөйлеген кісі» - (Сәбит Мұқанов).

«Ақын Жамбылдың екі рет туғаны да, түрлі заманда жасағаны да, өмірінің ең соңғы он жылында бүкіл дүние таныған атақ алуы да – феномен. Сирек кездесетін, себебін осы күнге дейін ғылым таба алмай қойған сыр. Әсіресе тоқсан жаспен жүздің арасындағы он жылда ақындық дарынның бұрынғысына қарағанда еселеп шарықтап кетуі дүние жүзілік даналардың өмірінен де кездескен емес. Жәкеңнің тоқсан жасында қайта туғаны феномен болса, ақындығының қайта шырқап кеткендігін Феникс арқылы түсінуге болады». (Ғабит Мүсірепов).

«Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан сықылды. Оны жинап алып, халқының қолына беру-біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз» – (Сәкен Сейфуллин).

«Жамбыл мейілінше күрделі құбылыс. Көпшіліктің көз алдында отырып, өлеңді суырып салу жұрттың айтатынындай, ең жоғары мәртебелі өнер. Жамбыл бір сәттегі ақындық үйлесімділіктің асқақ дарынын бойына жиған кісі. Міне, сондықтан да Жамбылдың сөздері ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келеді» – (Шыңғыс Айтматов).

Француздың атақты жазушысы Ромен Роллан Жамбылдың 75 жылдық ақындық қызметін тойлау күндерінде: «Батыс Альпінің жүрегінен қазақ халқының және жаңа адам баласының жыршысы, Қазақстан даласының жүрегі Жамбылға туысқандық сәлем жолдаймын», – деген жеделхат жіберген.

«Халқының жарық жұлдызындай ақыны Жамбылға Индия халқынан бауырластық сәлем. Ол өз халқының өмірін терең, толғана жырлаумен заманының ұлы ақыны болып қалады», - деп жазған ұлы үнді жазушысы Рабиндранат Тагор.

Тәжік ақыны Мирзо Турсын-Заде Жамбылдың туғанына 125 жыл толуына арналған кеште сөйлеген сөзінде: «Қазақ халқы ұлы жыршы Жамбылды дүниеге келтірді. Оның өлеңдерін оқыған кезде көз алдыңа Алатау елестейді. Жамбылдың поэзиясы ғасырлар бойы жасайды, әрқашан да өлмейді. Ең биік шың – адамның жаны, адамның жүрегі, Жамбыл өзінің поэзиясымен бұл шыңға жол таба білді және бұл шыңды бағындырды», - дейді. Иә, мұндай ыстық лебіздер көп, өте көп.

Бұл сөздер – ақын өмірі мен шығармашылығына, оның ғасыр жасаған, ерлікке толы поэзиясына берілген зор баға.

Ұлы ақын жыры – ғасырдан ғасырларға жасай береді.

Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ,
ЮНЕСКО қамқорлығындағы
Мәдениеттерді жақындастыру
орталығының бас ғылыми
қызметкері, жазушы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

УГОЛОВНЫЙ КОДЕКС

УБИЙСТВО ИЗ КОРЫСТНЫХ ПОБУЖДЕНИЙ

При рассматриваемом виде убийства виновный действует с прямым умыслом на убийство определенного лица. Отношение виновного к причинению смерти или вреда здоровью других лиц выражается в форме косвенного умысла.

Корыстные побуждения характеризуются стремлением к незаконному обогащению за счет нарушения чужих прав и интересов. Убийство, совершенное с целью получения материальной выгоды для себя или других лиц (имущественных прав, права на жилище, получение вознаграждения от третьих лиц и т.п.) либо в целях избавления от материальных затрат (возврата имущества, долга, оплаты услуг, выплаты алиментов, выполнения материальных обязательств и платежей и т.п.) подлежит квалификации по п. 8 ч. 2 ст. 99 УК РК как совершенное из корыстных побуждений.

Убийство по найму — новый вид убийства для казахстанского уголовного права. Раннее такие действия квалифицировались либо как убийство из корыстных побуждений, либо как «простое» убийство. В настоящее время это касается «заказных» убийств. Хотя в определенной степени это усложненный вид корыстного убийства — виновный соглашается за определенное вознаграждение, получаемое от «заказчика» лишить жизни другого человека.

Действия лица, совершившего убийство за вознаграждение, следует также квалифицировать по п. 8 ч. 2 ст. 99 УК РК как убийство по найму, а действия лица, организовавшего это убийство или склонившего исполнителя к совершению убийства за вознаграждение, по ч. 3 или 4 ст. 28 и п. 8 ч. 2 ст. 99 УК РК.

В случаях, когда заказчик вместе с киллером совершает убийство потерпевшего, совершенное им деяние дополнительно следует квалифицировать по п. 7 ч. 2 ст. 99 УК РК как убийство группой лиц по предварительному сговору.

Если «заказчик» убийства действует из корыстных побуждений, то его действия, на мой взгляд, необходимо квалифицировать по совокупности — как организатора корыстного убийства и убийства по найму.

Если корысть не была мотивом умышленного убийства, то действия виновного, связанные с завладением имущества потерпевшего после убийства, следует квалифицировать по статьям УК, предусматривающим ответственность за преступления против чужой собственности, а убийство — по ч. 1 или по соответствующему пункту ч. 2 ст. 99 УК РК в зависимости от наличия квалифицирующих признаков.

Нельзя смешивать корыстное убийство с убийством в связи с неуплатой потерпевшим долга, отказом вернуть взятую на время вещь. Такое убийство нельзя квалифицировать как совершенное из корыстных побуждений, так как виновный сознает, что таким способом он вряд ли получит долг, и тем более будет иметь материальную выгоду. Также убийством из мести следует рассматривать убийство в связи с отказом потерпевшего возместить причиненный виновному ущерб. В таких случаях квалификация производится по ч. 1 ст. 99 УК РК (если отсутствуют иные квалифицирующие признаки ч. 2 ст. 99 УК РК) и по ст. 389 УК РК (если имеются все признаки состава данного преступления).

Нуржан КАДЫРБЕК,
судья СМУС Алматинской области.

КОРОНАВИРУС

КАЗАХСТАНСКАЯ ВАКЦИНА ПОЛУЧИЛА ВРЕМЕННУЮ РЕГИСТРАЦИЮ

Временную регистрацию на 9 месяцев выдали казахстанской вакцине QazCovid-In. Об этом сообщил заместитель председателя комитета медицинского и фармацевтического контроля МЗ РК Нурлыбек Асылбеков, передает корреспондент МИА «Казинформ».

«Министерством прорабатываются вопросы, чтобы была доступность на все вакцины. Но с учетом реалий, на сегодня у нас большая готовность есть по нашей казахстанской вакцине, а также российской “Спутник-V”. На сегодня дана временная регистрация отечественной вакцине QazCovid-In. Временная регистрация выдана 31 декабря на 9 месяцев», — сообщил Нурлыбек Асылбек во время онлайн-брифинга в СЦК.

Он также напомнил, что по российской вакцине «Спутник-V» идут подготовительные работы, в рамках которой должны представить регистрационное досье.

По сообщению Минздрава, три тысячи добровольцев уже привиты вакциной QazCovid-in в стране.

«За последний месяц отмечается ухудшение эпидемиологической ситуации по коронавирусной инфекции. Республика Казахстан перемещена из зоны низкого риска или “зеленой” зоны в зону умеренного риска или “желтую” зону. Из зоны умеренного риска в зону высокого риска или в “красную” зону перемещены два региона: Костанайская и Акмолинская области. В зоне умеренного риска или в “желтой” зоне на сегодняшний день находятся города Алматы, Нур-Султан, Северо-Казахстанская, Павлодарская, Атырауская области. Также за последний месяц из “зеленой” в “желтую” зону перемещена Западно-Казахстанская область. Остальные регионы находятся в “зеленой” зоне», — сказал ранее вице-министр здравоохранения — главный государственный санитарный врач страны Ерлан Киясов.

Ш. БАТОВ

МЕЖДУНАРОДНЫЕ ПРИНЦИПЫ

СТРАТЕГИЯ ГЕНДЕРНОГО РАВЕНСТВА

В целях реализации принципов гендерного равенства во всех сферах жизни общества Казахстан определил своим приоритетом в области внешней политики интеграцию с мировым сообществом. В Декларации тысячелетия Организации Объединенных Наций (2000 г.), которую подписало большинство стран мира, поощрение равенства мужчин и женщин, расширение прав и возможностей женщин определены в качестве основных целей развития человечества в третьем тысячелетии. В настоящее время во всем мире исторически сложившееся доминирование мужчин над женщинами претерпевает изменения.

За годы независимости Казахстан также достиг определенного прогресса в области защиты прав и законных интересов мужчин и женщин.

Благодаря внутренней стабильности, реализации стратегии индустриально-инновационного развития, государственных программ возрождения села, развития малого бизнеса и снижения бедности в Казахстане создаются большие возможности для сокращения безработицы и обеспечения занятости мужчин и женщин. Создана реально работающая рыночная экономика. В настоящее время женщины быстрее могут найти работу в нерегистрируемом секторе. Так называемое "самозанятое население" представлено в основном женщинами, для которых торговля - это единственный источник доходов и существования для всей семьи. Особенно велика доля самозанятости женщин в аграрном секторе. Сильными сторонами данного направления является:

- целевое увеличение инвестиций в "человеческий капитал", которые по значимости не уступают инвестициям в экономическое развитие страны и являются важнейшей предпосылкой экономической модернизации на перспективу и необходимым условием долгосрочного стратегического планирования, осуществляемого на основе принципа гендерного равенства.

- понимание руководством страны необходимости предотвращения любых форм дискриминации в отношении женщин.

- начатая Правительством Республики Казахстан поддержка отраслей, в которых преимущественно заняты женщины.

-поддержка Правительством Республики Казахстан кредитной линии для женщин-предпринимателей, рост активности женщин в экономике, создание и развитие женских неправительственных организаций, занимающихся экономическим продвижением женщин.

В соответствии со стратегией действий по данному направлению были установлены задачи по повышению конкурентоспособности женщин на рынке труда с применением системы поддержки (консультации, помощь в обучении и трудоустройстве); дальнейшему развитию предпринимательства и самозанятости среди женщин; профессиональной переподготовке женщин, обучению администрированию и управлению бизнесом (при этом учеба будет сконцентрирована на следующих темах: бизнес-менеджмент, воспитание уверенности в себе и повышение профессиональной компетентности), создание широкой сети центров экономического образования, совершенствование мер по развитию малого и среднего бизнеса путем финансовой поддержки предпринимательства, широкого развития консультационных и маркетинговых услуг, совершенствование законодательной и нормативной базы по режиму и охране труда с учетом гендерного аспекта, внедрению и расширению гибких форм занятости, улучшение условия труда.

Анар ТОХТЫБАКИЕВА,
судья Талдыкорганского городского суда.

СУДЕБНАЯ СИСТЕМА

СУДЕБНАЯ ВЛАСТЬ ОСУЩЕСТВЛЯЕТСЯ ПОСРЕДСТВОМ ГРАЖДАНСКОГО, УГОЛОВНОГО И ИНЫХ УСТАНОВЛЕННЫХ ЗАКОНОМ ФОРМ СУДОПРОИЗВОДСТВА. ПОЭТОМУ ОСНОВНОЙ СОСТАВНОЙ ЧАСТЬЮ ПОВЫШЕНИЯ ИМИДЖА СУДЕБНОЙ ВЛАСТИ ЯВЛЯЕТСЯ ПОВЫШЕНИЯ КУЛЬТУРЫ СУДЕБНЫХ ПРОЦЕССОВ.

КУЛЬТУРА СУДЕБНОГО ЗАСЕДАНИЯ

Порядок в судебном заседании достигается через точное соблюдение процессуальных норм, а также норм судебной этики всеми участниками (судом; лицами, участвующими в деле; иными участниками хозяйственного процесса). К общим условиям судебного разбирательства относится и определенный законом ритуал судебного заседания, которым обеспечивается уважение к суду и возможность благоприятного рассмотрения дела.

В этой связи, повышение культуры проведения судебных процессов является важным условием обеспечения эффективности правосудия и повышения имиджа судебной власти. Более того, актуальность данной темы заключается еще в том, что осуществление правосудия в точном соответствии с законом обеспечивает предупредительное и воспитательное воздействие судебных решений.

Немаловажное значение для повышения культуры судебных процессов имеет внешняя обстановка суда. Высокая культура судебного процесса требует хорошей, добросовестной подготовки к рассмотрению дела судей, прокурора, адвоката, глубокого знания ими дела.

Одним из обязательных условий культуры судебных процессов является своевременное открытие судебного заседания, а также соблюдение времени перерывов и распорядка судебного заседания.

Поддержание порядка в судебном заседании возлагается на председательствующего.Осуществляя руководство судебным разбирательством, он обеспечивает и соответствующую организацию процесса.

В настоящее время введенная обязательная система аудио-, видеозаписи всего судебного разбирательства способствует обеспечению законности, объективности, а также порядка и дисциплины всех участников процесса.

Рассмотрение дел должно проводиться судами на основе точного соблюдения законности, в полном соответствии с процессуальным законодательством. Председательствующий по делу по делу призван обеспечивать лицам, участвующим в судебном заседании, возможность реального осуществления прав, предоставленных им законом, соблюдать нормы, гарантирующие равенство сторон.

Айнур СЕИЛЬХАНОВА,
главный специалист
Талдыкорганского городского суда.

ЗДОРОВЬЕ

ПЛАНИРУЮТ ОГРАНИЧИТЬ СОДЕРЖАНИЕ САХАРА И СОЛИ В ПРОДУКТАХ

Премьер-Министр РК Аскар Мамин поделился планами касательно борьбы с ожирением среди казахстанских детей и подростков, передает корреспондент МИА «Казинформ».

«Укрепление здоровья детей и подростков путем предупреждения заболеваний и оказания своевременной помощи является одним из приоритетных направлений Государственной программы развития здравоохранения Республики Казахстан на 2020−2025 годы», — написал Аскар Мамин в своем ответе на депутатский запрос.

В частности, по его словам, реализуются следующие мероприятия по снижению показателя заболеваемости ожирением среди детей до 14 лет с 97,45 в 2020 году до 90,0 к 2025 году (показатель на 100 тысяч человек):

— запрет на использование трансжирных кислот в целях решения проблемы их применения в производстве и чрезмерного потребления;.

— введение ограничений по максимально допустимому содержанию сахара и соли в определенных категориях пищевых продуктов с целью сокращения их потребления населением;.

— ограничение ориентированного на детей маркетинга пищевых продуктов с высоким содержанием трансжирных кислот, соли и сахара на телевидении и в социальных сетях;.

— введение мер стимулирования производителей к использованию более здоровых ингредиентов в рецептуре, органического сырья при производстве пищевых продуктов;.

— поддержка постоянной доступности свежих фруктов и овощей в организациях образования, на продовольственных рынках, предприятиях торговли и общественного питания;.

— введение стандартов здорового и сбалансированного питания в детских садах и школах, обеспечение наличия полезных продуктов и чистой питьевой воды.

Ш. ХАМИТОВ

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

НЕФИНАНСОВАЯ ПОДДЕРЖКА ГОСУДАРСТВА

Как сообщает пресс-служба Палаты предпринимателей Алматинской области, в 2020 году в Алматинской области свыше 16 тысяч предпринимателей получили сервисные услуги и консультации.

Нефинансовая поддержка является одной из приоритетных направлений деятельности Региональной палаты предпринимателей. В рамках государственной программы «Дорожная карта бизнеса–2025» через Центры обслуживания предпринимателей оказывается безвозмездная нефинансовая поддержка.

По словам директора Палаты предпринимателей Алматинской области Асета Шаяхметова, в 2020 году более 16 тысячам предпринимателям региона были предоставлены 17,5 тысяч сервисных и консультационных услуг. Зачастую начинающие предприниматели обращались за такими услугами как, открытие ИП, разработка бизнес-плана, сдача бухгалтерского отчета. Благодаря поддержке менеджеров Палаты предпринимателей 1,3 тысяч проектов получили финансирование в рамках инструментов государственной поддержки.

«Все необходимые услуги для предпринимателей являются безвозмездными, которыми можно воспользоваться в Центрах обслуживания предпринимателей, которые расположены во всех городах и районах области. В связи введением карантина, большинство услуг предоставлены в онлайн режиме. Вместе с тем, предприниматели могут получить услуги в полном объеме подав заявку на сайте g4b.kz», - рассказал глава областной палаты Асет Шаяхметов.

Также менеджерами Палаты предпринимателей было разработано 529 бизнес-плана на общую сумму почти 50 млрд тенге. Из них были реализованы 153 проекта на 5,2 млрд тенге.

1240 человек повысили свои компетенции в предпринимательстве в результате участия в компоненте «Бизнес Школа». Курс включает в себя краткосрочное обучение предпринимателей по функциональным направлениям ведения и развития предпринимательской деятельности. К слову, в прошлом году обучение проводилось в дистанционном режиме. Из числа обученных по проекту реализованы 162 проекта на общую сумму 633 млн тенге.

Предприниматели региона приняли участие в проекте «Старшие сеньоры». В селькохозяйственный комплекс ТОО «Көк Тұмар» в Уйгурском районе, ТОО «BaiQonys» из города Капшагай по разведению крупного рогатого скота и буйволов и ТОО «DiQanBeef» по разведению и воспроизводство племенного КРС в Алакольском районе были приглашены отечественные эксперты, которые консультировали руководство и сотрудников по вопросам внедрения новых методов управления, технологий производства, оборудования и обучения персонала.

Ш. БАТЫРОВ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ВОЛЕЙБОЛ

«ЖЕТІСУ» «АЛМАТЫНЫ» ОЙСЫРАТА ЖЕҢДІ

Волейболдан әйелдер командалары арасында Ұлттық лиганың II туры өтті. Жарыста «Жетісу» командасы «Алматы» командасын ойсырата жеңді.

«Жетісу» командасының қыздары ұзақ үзіліске қарамастан алғашқы минуттардан бастап ұпай жинап, тартысты бәсеке өткізді. Бұл ұзақ үзілістен кейінгі алғашқы ойын. Себебі, талдықорғандық клуб ойыншыларының кейбірінен COVID-19 вирусы анықталған еді.

– *Ойынды сағынып қалыппыз. Себебі, ұзақ уақыт алаңда ойнаған жоқпыз. Карантин біте салысымен, жаттығуды бастап кеттік. Осы орайда жаттықтырушымыз команда ойыншыларын қалпына келтіру үшін жоспар құрып, сол негізде жұмыс жасадық,*– дейді команда ойыншысы Томирис Сағымбаева.

3 партия ойынның қорытындысы бойынша «Алматы» командасы талдықорғандық клубқа жол берді. Кездесу соңындағы есеп – 3:0. Спортшылардың айтуынша, олар жеңіс жолын жалғастыру үшін барын салмақ.

– *«Алматы» командасы жақсы қарсылас және өздерін жоғары деңгейде көрсете білді. Қорғаныс әрекеттері де жаман емес, жақсы ойын өтті. Алайда біздің команда мықты, әрі өзімізге сенімдіміз,*– дейді волейболшы Әлия Баткулдина.

Ал әйелдер командалары арасында Ұлттық лиганың III туры 15-24 қаңтар аралығында Павлодар қаласында жалғасады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ТЕННИС

Алматыда ҚР Қорғаныс министрлігінің Әскери Орталық Спорт Клубының (ЦСКА) теннис корттарында Халықаралық «Вельц Мемориалы» балалар турнирі басталды. Бұл жөнінде Қазақстан теннис федерациясының баспасөз қызметі хабарлады.

БАЛАЛАР ТУРНИРІ

Қазақстандағы теннис спортының негізін қалаушы Августин Вельцтің атындағы турнир биыл 30-рет өткізілуде. Бұл спорттық шараға еліміздің түкпір-түкпірінен 12 жасқа дейінгі 100-ден астам дарынды теннисшілер қатысады.

Айта кетелік, «Вельц Мемориалы» балалар турнирі Алматыда 1991 жылдан бері өткізіліп келеді. Басты ұйымдастырушы Қазақстан теннис федерациясы бұл игі дәстүрді бұдан кейін де жалғастыра бермек. Турнир 17 қаңтарға дейін жалғасатын болады әрі жарыс соңында жеңімпаздарға құрмет грамоталарымен қоса, бағалы сыйлықтар табыс етілмек.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ШАҢҒЫ

СЕГІЗ МЕДАЛЬМЕН ТОЛЫҚТЫ

Орталық спорт клубының спортшылары Алматы қаласында шаңғы жарысынан өткен чемпионатта төрт алтын, күміс және үш қола жүлдені еншіледі.

Жарыс «Almaty-Arena» мұз айдыны кешенінің аумағында орналасқан «Almaty Snow Park» жаңа шаңғы тас жолының бойында өткен жарысқа барлығы 100-ден астам спортшы қатысты.

Ерлер арасындағы жеке жарыстың жүгіру қорытындысы бойынша халық-аралық дәрежедегі спорт шебері Әсет Дүйсенов жеңімпаз атанды. Әйелдер арасында күміс жүлде сержант Мария Власоваға, ал қола жүлде лейтенант Эльмира Молдашеваға бұйырды.

Ерлер арасындағы командалық эстафетада (1+1) чемпион атанғандар – спортшынұсқаушы Әсет Дүйсенов пен мерзімді әскери қызметші Темірлан Төлегенов. Ал әйелдер арасында қола жүлделерге лейтенант Эльмира Молдашева мен сержант Мария Власова ие болды.

egemen.kz

БОКС

АУДАН МЕРЕЙІН ҮСТЕМ ЕТТІ

7-10 қаңтар күндері аралығында облыс орталығы Талдықорған қаласында жасөспірімдер арасында бокстан облыстық чемпионат өтті. 2003-2004 және 2005-2006 жылғы қыздар бақ сынаған додада Сарқан ауданының жас боксшылары аудан мерейін үстем етті.

«Жастар» спорт сарайында өткен тартысты бәсекеде аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің тәлімгерлері Дүйсембек Ботагөз 81 кг салмақта, ал Бекболатқызы Нұрай 42 кг салмақта жүлделі I орынға ие болып, жеңіс тұғырынан көрінді. Сондай-ақ, Досбаева Балжан 52 кг салмақта II орынға ие болса, 57 кг салмақта Дарынбек Ақмейір II орынға табан тіреді. Жарысқа 11 ауданнан 47 жас өрен қатысқан.

– *Жарыста қыздарымыз барын салды. Карантин кезінде жаттығулар болмағандығы байқалды қыздар алаңда бастапқы раундтарда қобалжып қалғаны болмаса, барлығы ойдағыдай өтті. Әрине, бұрынғыдай топпен жұмыс жасауға болмайды. Соған қарамастан бүгінгі күні жаттығуды қайта бастап кеттік. 1 ақпан күні Алматы қаласында өтетін жасөспірім қыздар арасындағы ҚР чемпионатына дайындалудамыз,*– дейді жаттықтырушы Рауан Қылышпаев.

Айта кетсек, ауданда қыздардың бокс спортына қызығушылығы жыл санап артып келетіні байқалады. Қазіргі күні спорт мектебінде 10-нан аса қыз бала жаттығуда. 2020 жылы ҚР чемпионатында Дүйсенбек Ботагөз жүлделі III орынға ие болған.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ҚҰРМЕТ

ҮЗДІК ДЕП ТАНЫЛДЫ

Отандық Vesti.kz сайтының оқырмандары 2020 жылдың ең үздік спортшыларын анықтады. Дауыс берушілердің дені зілтемірші Рахат Бекболатты қолдаған екен.

Қызылорда облысының өкілі жайында біз алғаш рет өткен жылдың ақпан айында Ташкентте жалауы желбірген жастар арасындағы Азия біріншілігінде естіген едік. Өзбекстанның бас шаһарында 102 кило салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен 16 жасар Рахат Бекболат бас жүлдені олжалаумен шектеліп қалмай, әлемдік рекордты да жаңартты. Сол жарыста ол даңқты Илья Ильиннің көрсеткішінен де асып түскен еді. Ал қараша айында ұйымдастырылған әлем кубогында қазақтың аса дарынды зілтемішісіне тағы да тең келер ешкім табылмады.

Сондай-ақ, үздік бестіктің қатарына футболшы Бахтиер Зайнутдинов, хоккейші Даррен Диц, кәсіпқой боксшы Геннадий Головкин және аралас жекпе-жек шебері Шавқат Рахмонов сынды саңлақтар енді.

egemen.kz

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

Жеңіл атлетикадан Қазақстан ұлттық командасы жаңа маусымдағы жаттығу жиынын бастады.

ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖИЫНЫН БАСТАДЫ

12-31 қаңтар аралығында ұлттық құрама спортшылары Өскемен қаласында оқу-жаттығу жиынын өткізеді. Жиынның басты мақсаты – 19-21 ақпан күндері «Ольга Рыпакова» атындағы жеңіл атлетика манежінде өтетін Қазақстан біріншілігіне тыңғылықты дайындалу.

Сондай-ақ, спорттық жүріс пен марафоннан бақ сынайтын құрамадағы алты атлет Қырғызстанда жаттығу жиынына кірісті. Олар көрші елде 31 қаңтарға дейін болмақ.

Olympic.kz.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ҚЫРЫҚ ҮШІНШІ СӨЗ

(қысқартылып алынды)

Адам ұғылы екі нәрседен: бірі – тән, бірі – жан. Ол екеуінің орталарында болған нәр-селердің қайсысы жиби-ли, қайсысы кәсиби - оны білмек керек. Ішсем, жесем демектің басы - жибили, ұйықтамақ та соған ұқсайды. Аз ба, көп пе, білсем екен, көрсем екен деген арзу, бұлардың да басы – жибили. Ақыл, ғылым – бұлар – кәсиби. Көзбенен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады. Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнешік өз суретіменен көңілге түседі. Ол көңілге түсіруші бағанағы бес нәрседен өткен соң, оларды жайғастырып көңілде суреттемек. Ол – жанның жибили қуаты дүр. Бір ұмытпастық жақсы нәрседен көңілге жақсы әсер хасил болып, жаман нәрседен көңілге жаман әсер хасил болу секілді нәрселер. Бұл қуаттар әуелде кішкене ғана болады. Ескеріп баққан адам үлкейтіп, ұлғайтып, ол қуаттардың қуатын зорайтады. Ескерусіз қалса, ол қуаттың қайсысы болса да жоғалады, тіпті жоғалмаса да, аз-мәз нәрсе болмаса, үлкен ешнәрсеге жарамайтын болады.

Кімде-кім сырттан естіп білу, көріп білу секілді нәрселерді көбейтіп алса, ол – көп жиғаны бар адам: сынап, орындысын, орынсызын – бәрін де бағанағы жиған нәрселерінен есеп қылып, қарап табады. Бұлай етіп бұл харекетке түсінген адамды ақылды дейміз. «Құдай тағала өзі ақыл бермеген соң қайтейік?» демек, «құдай тағала сеніменен мені бірдей жаратып па?» демек - құдай тағалаға жала жауып, өзін құтқармақ болғандығы. Бұл – ойсыз, өнерсіз надан адамның ісі. Оған құдай тағала көрме, есітпе, көрген, естіген нәрсеңді ескерме, есіңе сақтама деп пе? Ойын-күлкімен, ішпек-жемек, ұйықтамақпен, мақтанмен әуре бол да, ішіндегі қазынаңды жоғалтып, хайуан бол деген жоқ.

ҚЫРЫҚ ТӨРТІНШІ СӨЗ

Адам баласының ең жаманы – талапсыз. Талап қылушылар да неше түрлі болады. Һәм талаптың өзі де түрлі-түрлі. Һәм сол талаптардың қайсысының соңына түссе де, бірінен бірі өнерлі, тұрлаулырақ келеді. Уа, ләкин адам баласы я талапты, я талапсыз болсын, әйтеуір «бәрекелдіні» керек қылмайтұғыны болмайды. Әрнешік, орынсыз ба, орынды ма, «бәрекелді» деушіні көңіл іздеп тұрады. Адам баласы өзі қай жолда, қай майданда жүрсе, сол майдандағы кісімен сырлас болады. Оның үшін өзге жолдағылардан «бәрекелдіні» оңды күтпейді. Маған «бәрекелді» десе, осы өзімменен серіктес, сырлас осылар «бәрекелді» дер дейді.

Талаптың ішінде адам баласы көбінесе басына қадір іздеп, сол талапта болады. Біреу мал қуып жатыр. Сараңдықпен, арамдықпен, әйтеуір мал тапсам, «Мал тапқан ердің жазығы жоқ» дейтұғын, «Малдының беті жарық» дейтұғын мақалға сеніп, халықтың түріне қарай, ит те болса, малдыны сөге алмайды деп, бұл мал һәм пайда, һәм қасиет болады бойыма дейді. Мұнысы рас, қазақтың өз құлқына қарағанда. Бірақ адамдыққа, ақылға қарағанда, қазақ түгіл, көңіл жиіркенетұғын іс. Осыған орай біреу ер атанамын, біреу қажеке атанамын, біреу молдеке атанамын, біреулер білгіш, қу, сұм атанамын деп, сол харекетте жүр. Әрқайсысы қазаққа яки бірі бар, бірі жоқ болса, бағанағы екі бұлдамақ та болып, басына «осыным бірсыпыра елеу азық болар» деген талаппенен қылып жүр. Мұнысы қазақтың тамырын ұстап-ұстап қарайды дағы, «мынаны алып келіп берсе, қымбат алғандай екен, осы күнде мына бір істің біраз пұлы бар екен» деп, қазақтың өз бетінен оқып, ізденген талап болмаса, кітап бетінен оқып іздеген талап емес. Оның үшін кітап сөзіменен ізденген талап болса, әуелі көкіректі тазалау керек дейді, онан соң ғибадат қыл дейді. Қазақтың бетіне қарап, содан оқыған болса, ол талабыңды қыла бер, көкіректі тым тазалаймын деме, оны кім көріп жатыр, ішінде қатпар көп болмаса, құтберекеге жағымды болмайды дейді. Енді осыған қарап, қайдан оқып, біліп, ұмтылған талап екенін білерсің.

ҚЫРЫҚ БЕСІНШІ СӨЗ

Құдай табарака уатағаланың барлығының үлкен дәлелі – неше мың жылдан бері әркім әртүрлі қылып сөйлесе де, бәрі де бір үлкен құдай бар деп келгендігі, уа һәм неше мың түрлі діннің бәрі де ғадәләт, махаббат құдайға лайықты дегендігі.

Біз жаратушы емес, жаратқан көлеңкесіне қарай білетұғын пендеміз. Сол махаббат пен ғадәләтке қарай тартпақпыз, сол алланың хикметін біреуден біреу анығырақ сезбекпен артылады. Инандым, сендім демек инандырамын, сендіремін деген емес.

Адамшылықтың алды – махаббат, ғадәләт, сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Ол – жаратқан тәңірінің ісі. Айғыр биеге ие болмақта да махаббат пен сезім бар. Бұл ғадәләт, махаббат сезім кімде көбірек болса, ол кісі – ғалым, сол – ғақил. Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп.

ДЕНСАУЛЫҚ

ДҰРЫС ҰЙҚЫНЫҢ COVID-ПЕН КҮРЕСТЕ КӨМЕГІ КӨП

COVID-19 ұйқысыздық пен басқа да жүйке жүйесін жаралауы мүмкін. Джонс Хопкинс университетінің ғалымдары анықтағандай, бұл коронавирустың жүйке жасушаларына тікелей әсер етуінен емес, көбінесе вирусқа қабыну реакциясынан туындайды екен.

Коронавирус салдарынан болатын жүйке жүйесі бұзылуының бірі – ұйқысыздық. Ол тұрақты бас ауруының пайда болуы, бұлшықеттердің әлсіздігінен байқалады.

Дұрыс ұйқы жүйке жүйесін улы заттардан тазартады. Аталмыш улы заттар жүйке жасушалары арасындағы байланысты бұзып, өз кезегінде ұйқысыздық тудырады. Сондықтан, COVID-19-дың алдын алу мен пайда болатын жүйке жүйесін емдеу үшін бұл зиянды циклды жақсы ұйқының көмегімен жою қажет. Жақсы ұйқы сау иммундық жүйені сақтауда, зат алмасуды реттеуде, тәбетті бақылап, салмақ қосудың алдын алуда маңызды рөл атқарады.

Ұйқыны қалай жақсартуға болады? Ол үшін пайдалы кеңестерге құлақ асқан абзал. Ұйқының COVID-19 және басқа аурулармен күресте маңызы зор.

Ең алдымен, міндетті түрде жайлы жағдай жасауға және осыған көмектесе алатын әдеттерді істеуді үйрену керек. Дұрысы, төсекке белгілі бір уақытта жатып, белгілі бір уақытта оянған жөн. Тіпті демалыс күндерінде де. Осы тәртіпті ұстану арқылы ұйқының және сергек болудың оңтайлы циклын орната аласыз.

Ұйықтар алдында көп мөлшерде тамақ жеуге жол бермеңіз. Ұйқыдан кем дегенде 2 сағат бұрын жеңіл-желпі кешкі ас ішуге болады. Суды шамадан тыс көп ішу жиі дәретханаға баруға итермелейді, оның салдарынан жиі оянатын боласыз.

Ұйықтар алдында шылым шегуден, алкогольдік ішімдіктер мен кофеиннен бас тартқан жөн. Олар ұйқыны қашыратын үдеткіштер.. Шылым шегудің өзі зиянды. Ұйқы кезінде темекі шегетіндерде ентігу мен тұншығу жиірек болады.

Құрамында кофеин бар сусындарды ұйықтар алдында кем дегенде 8 сағат бұрын ішкен абзал. Ал енді ішімдіктерге келер болсақ, олар тыныштандыратын әсер береді деп түсінетіндер бар, бірақ алкогольдік сусындар дұрыс ұйқыға кедергі келтіреді.

Физикалық белсенді болыңыз. Тұрақты спортпен шұғылдану, әсіресе аэробикалық жаттығулар жасаудың тез көз іліп, қанық ұйқыға көмегі зор. Алайда кейбір адамдар үшін кешкі уақытта жаттығулар жасау ұсынылмайды, бұл кері қоздырғыш әрекеттер тудыруы мүмкін.

Салқын жер, көлеңкелі тыныш жағдай қанық ұйқының кепілі. Ол үшін жатын бөлмеде ылғалдылық пен температураның қолайлы деңгейімен сәйкес қалыпты және жайлы деңгейдегі жарықтануды құру қажет. Бұған қою қараңғы перделермен, қосымша жапқыштармен, дыбыссыз желдеткіштер мен кондиционер және басқа да гаджеттердің көмегі арқылы қол жеткізуге болады.

Күндіз көз іліп алуға болады, бірақ жарты сағаттан артық емес. Өйткені күндізгі ұйқы түнгі ұйқының маңызын ұрлайды.

Ыңғайлы жастық пен матрастарды қолданыңыз. Жайлылық сезімі әркімге әрқалай, сондықтан да жеке таңдау жасау керек. Дұрысы, балалардан, үй жануарларынан бөлек бөлмеде ұйықтаған жөн.

Ұйықтау уақытын күнделікті өзіңіздің күн тәртібіңізге енгізіңіз. Егер сіз күн сайын бір уақытта бір нәрсені қайталап жасасаңыз, онда өз ағзаңызды белгілі мерзімге үйретіп, ұйықтар уақытты бейімдейтін боласыз. Сондай-ақ күн сайын ұйықтар алдында кітап оқуға немесе тыныштандыратын әуенді тыңдауға уақыт бөлген дұрыс.

Шаршаған бойда ұйқыға жатуды әдетке айналдырыңыз. Егер 15-20 минут арасында көзіңіз ілінбесе, дұрысы, тұрып кетіп бір іспен айналысып, қалай шаршағандығыңыз білінсе, сосын барып ұйқыға жатыңыз. Ұйқыңыз келмесе өзіңізді-өзіңіз ұйықтатам деп қинамаңыз. Бұл стресс туғызып, тыныш ұйықтауға кері әсерін тигізеді.

Ұйықтататын дәрі-дәрмектерді қолданбаңыз, оны тек амал жоқ кезде ғана пайдалануға болады. Мұның орнына табиғи ұйқы гормоны саналатын, сондай-ақ биологиялық белсенді қоспалар түрінде болатын мелотонинді қолданған дұрыс.

Біздің барлығымыз дерлік бір кездері ұйқысыз түндерді өткіздік. Бұл қалыпты жағдай, әдетте ұйқы қалпына келеді. Алайда ұйқының бұзылуы жиілеп кететін болса, онда міндетті түрде тексерілген дұрыс. Бұл әдетте дәрі-дәрмекпен немесе психотерапиямен емделеді.

COVID-19 пандемиясы кезінде ұйқының дұрыс болуы өте маңызды. Сол себепті маска тағып жүруден, әлеуметтік арақашықтық пен қол гигиенасын сақтаудан бөлек, дұрыс ұйқыны да COVID-19-бен күрестегі маңызды шара ретінде қабылдау керек.

Жайлы жатып, жақсы тұру дағдыңыз болсын.

Материал интернет желісінен алынды.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Редакция алқасының төрағасы - ЫРЫМ КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА — редактордың орынбасары
Карина ПФАЙФЕР — тілші
Лина АЙДЫНҚЫЗЫ — тілші
Мадина АКМАТОВА — тілші

Кезекші редактор: Л. АЙДЫНҚЫЗЫ

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 3554
Тапсырыс № 50
Индекс 15534